



Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

Западно-Казакстанский инновационно-технологический университет

West-Kazakhstan innovative-technological University

БҚИТУ Хабаршысы

Вестник ЗКИТУ

Bulletin of WKITU



№3 (23) 2022

Орал / Уральск/ Uralsk

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ**
Ғылыми журнал

**ВЕСТНИК ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОГО ИННОВАЦИОННО-
ТЕХНОЛОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА**
Научный журнал

**BULLETIN OF WEST KAZAKHSTAN INNOVATION-
TECHNOLOGICAL UNIVERSITY**
Scientific journal

№3(23) 2022

Орал/ Уральск/ Uralsk

Бас редактор-Главный редактор:

Шакешев Б.Т.

техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор/
кандидат технических наук, ассоциированный профессор
Бас редактордың орынбасары-Заместитель главного редактора

В.А. Бурахта

химия ғылымдарының докторы, профессор/ доктор химических наук, профессор

Редакция алқасы-Редакционная коллегия

Т.З.Рысбеков	т.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы БҚУ	д.и.н., профессор, ЗКУ им.М.Утемисова
К.К. Бозымов	а.ш.ғ.д., профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	д.с.х.н., профессор, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет
Н. Кенжеахмет	Гарвард университетінің Fairbank Center for Chinese Studies, Center Geographic Analyses орталығының зерттеуші-профессор, т.ғ.д., (АҚШ, Кембридж қ.)	д.и.н., профессор-исследователь центра Fairbank Center for Chinese Studies, Center Geographic Analyses Гарвардского университета (США, Кембридж)
Ә. Қара	т.ғ.д., профессор, Мимар Синан университеті (Түркия, Стамбул қ.)	д.и.н., профессор, Университет Мимар Синана (Турция, г.Стамбул)
М.Б. Сабыр	ф.ғ.д., профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	д.ф.н., профессор, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет
Б.Ф.Шинтимирова	т.ғ.д., профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	д.и.н., профессор, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет
С.М.Бахишева	п.ғ.д., профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	д.п.н., профессор, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет
А.Н.Тюрин	т.ғ.д., профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	д.т.н., профессор, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет
В.Н.Мушаев	ф.ғ.д., профессор, Қалмақ мемлекеттік университеті (Ресей, Элиста қ.)	д.ф.н., профессор, Калмыцкий государственный университет (Россия, г.Элиста)
М.М.Халиков	ф.ғ.д., профессор, Самара мемлекеттік жолкатынастары университеті (Ресей, Самара қ.)	д.ф.н., профессор, Самарский государственный университет путей сообщения (Россия, г. Самара)
И.Ф.Суханова	э.ғ.д., профессор, Н.И. Вавилов ат. Саратов мемлекеттік генетика, биотехнология және инженерия университеті (Ресей, Самара қ.)	д.э.н., профессор, Саратовский государственный университет генетики, биотехнологии и инженерии им. Н.И. Вавилова (Россия, г.Самара)
Н.Г. Чумаченко	т.ғ.д., профессор, Самара мемлекеттік техникалық университеті (Ресей, Самара қ.)	д.т.н., профессор, Самарский государственный технический университет (Россия, г.Самара)
Е.И. Тихомирова	б.ғ.д., профессор, Ю.А. Гагарин ат. Саратов мемлекеттік техникалық университеті (Ресей, Саратов қ.)	д.б.н., профессор, Саратовский государственный технический университет имени Гагарина Ю.А. (Россия, г.Саратов)
Г.К.Курманова	э.ғ.к., қауымд. профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	к.э.н., асс. профессор, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет
Р.С.Кинжекова	п.ғ.к., қауымд. профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	к.п.н., асс. профессор, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет
С.А.Машанова	экономика магистрі, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	магистр экономики, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет

2018 жылдан бастап шығарылады. Жылына 4 рет шығады.

Қазақстан Республикасының ақпарат және коммуникация министрлігі 07.12.2017 ж. №16782-Ж күзлік
2019 жылдан бастап журнал электронды форматта шығады.

Выпускается с 2018 года. Выходит 4 раза в год.

Свидетельство о регистрации издания № 16782-ж от 07.12.2017 г. выдано Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан

Начиная с 2019 года выходит журнал в электронном формате.

БҚІТУ, 2022

ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР/ ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

ӘОЖ 82-13 (574)

ЖЫРЛАЙДЫ ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ

Мусаев А.М.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аңдатпа. Мақалада қазақ қыз-келіншектерінің поэзиялық туындылары кеңінен аңгіме болады. ақын Сарадан бастап кейінгі буын Фариза, Ақұштан, Күләш шығармашылығының ерекшеліктері, кейінгі буынға әсері талданады.

Кілт сөздер: ақын, поэзия, лирика, психология, айтыс, өнерпаз, таңдамалы, ізденіс, шеберлік, ой, сезім, гармония, кейіпкер.

Біздің халқымыз ежелден қыз баланы, әйел затын мәпелеп, оның бойындағы өнеріне қол соға білген. Оған кешегі заманда өткен ақын Сара тағдыры куә. Сараның Арқаның атышулы ақиығы біржанмен өлең айтысындағы мірдің оғындай құйылған шумақтары поэзияның жанын тыңдамайтының әсері ғой. Ендеше қазақ қыз-келіншектері өздерінің қабілет дарыны ертеден-ақ жариялаған екен.

Осы айтыстағы Сараның үздік теңеулері

Тамағым жас баланың білегіндей,

Иығым тік сандалдың тірегіндей.

Бет алдым кеудесіндей қоңырқаздың,

Тал бойым жолбарыстың жүрегіндей –

десе Біржанның өзі де Сараның ақындық өнерін жоғары бағалайды.

Ел-жұрттың қорықпайды екен көз жасыңнан

Сан жүйрік көріп едім мен жасымнан

Кемітер дұшпан шіркін қай жерінді

Адамзат озар емес бір басыңнан,-

деп, ақын қыздың асқан талант екендігін мойымдайды. Бірақ осындай өнерпаз өмірден өз бақытын таба алмайды. Еріксіз сүймеген адамына ұзатылғалы отыр. Бұған кер заман, қапас тірлік, ескі феодалдық салт-сана кінәлі еді. Бұл жай Қазан төңкерісіне дейін өмір кешкен өнерпаздар – Ұлбике, Бөбек, Жантолы, Майра тағы басқаларының басындағы кездесетін жағдайлар еді...

Жылдар жылжып өтіп жатыр. Дүниеге жаңа ерекше заман туды. Ұлы Қазан төңкерісінің жаңа таңы атты. Жаңа заман жаңа жыршыларын тудырды. Осылардың алғы легінде қызыл кеңестік поэзиямыздың көкжиегінде талантты ақын Шолпан Иманбаева да келген еді [1].

Шолпан кеңестік шығыстан әйел, қыздар арасында шыққан тұғыш ақын. Ол өзінің отты өлеңдері, жігерлі ісімен ескілік шырмауына қарсы шыққан, талай қыздарының басына бұғау, аяғына тұсау болған ескі заңын жою жолындағы күреске белсене араласқан, күрескен ақын. Шолпан 22 жыл ғана өмір сүрді. Үш-ақ жыл ақындық жолына түсіп өлең жазды. 1926 жылы 18 сентябрьде ол дүниеден озды. Осы аяныштықаза қақында Сәкен Сейфуллин «Еңбекші қазақ» газетінде: «Шолпан қазақ қыздарынан шыққан бірінші ақын еді. Кедей табының ақыны еді. Шолпан жыл құсы еді, тез солды. Қазақтың кедей әйелдерінің көңіл күйін шертіп арманын алысқа ұзатып іздеген Шолпан жеріне жетпей жоқ болды. Қош қарындас, қош жолдас!» - деп қайғыра жазды.

Жас қыздың поэзиясының бір бұтағы қыз-келіншектер творчествосы да, кеңес үкіметінің тұсында жыр бағына келіп қонақтаған жас қарлығаштар Зияш Қалауова, Мариям Хакімжанова, Тұрсынхан Әбдірахмановалар қанатын кеңге қаға бастады. Мұнан кейін әр кезеңде лек-легімен келген ақын қыздарымыздың творчествосы қазақ поэзиясына байыта түсті. Олардың қатарына Рза Қунақова, Қанипа Бұғыбаева, Марфуға Айтхожина, Надежда Лушникова, Бәтима Батырбекова, Шырын Мамасерікова, Тұрсынай Оразбаева, Ханбibi Есенғараеваны жатқызуға болады. Бұлардан басқа тұңғыш тырнақ алдысын шығарып үлгерген тегеурінді топ та бөлшегі өсіп келеді. Олар өздерінің жалынды жырларымен өз оқырмандарын табуда. Біз бүгінгі мақаламызда аттары аталған үш бағытта ақын қыздарымыздың творчествосына тоқталып отырмыз. Біздіңше осы ақындар творчествосы «қазіргі қыз келіншектер шығармашылығының жеткен биігінде, қабылетін көрсете алады ғой деп ойлаймыз.

Сонымен олар кімдер?

«Адам деген күрделі жаратылыс қой. Оның ішінде әйел халқының жан дүниесі өз алдына бір әлем. Мен өз жырларымда сол әйел жанының жай күшін мүмкіндігім жеткенше жеткізгім келеді. Менің бұл тақырыптағы лирикалық кейіпкерлерім – әйелдер, олардың тағдыры, жан-дүниесі, күлкісі мен көз жасы өлеңдерінің арқауы» [2]. Өз сөздер соңғы жиырма жыл көлемінде жыр жазып, өзінің соқпағын салып, ақындық дарынымен де, өлеңдегі арынымен де ерекше көзге түскен талантты ақынымыз Фариза Оңғарсынованың «Шілде» атты таңдамалы өлеңдер жинағының кіріспесінен алынып отыр.

«Шілдені» сын көзбен оқу, ең алдымен, қазақ поэзиясының соңғы он бес-жиырма жыл көлемінде қыз-келіншектер арасынан дарасына көрініп талантты ақын ретінде, оған тиісті бағасын беруге мезгіл жеткенін көрсететін еді.

Фариза «Шілденің» бірінші бөлімінде туған жер тақырыбын көптеген өлеңдерін арқау қылған.

Алақаны ананың – топырағың,
 Сендік махаббаттың оты жалын.
 Сені қалай сүюдің керектігін
 Мен ешқандай кітаптан оқымадым.
 Сенде ғана қастерлі, аспанда алау,
 Сенде жанды тербетер дастан бар-ау,
 Менің мына өмірге құштарлығым,
 Сені жақсы көруден басталған-ау.

Маңғыстау, Жайық жайлы ақындық албырттықпен ақтарылған Фаризаның алғашқы өлеңдерінде кей сәттерде Т.Айбергеновке еліктеу байқалғандай болатын. Сөйтсе де оның өзіндік талантының да қуатты екенін сезінеміз.

Ф.Оңғарсынованың ізденісі оның саяси тақырыптарға жазған өлеңдерінде де сәтті басталды деп батыл айтуымызға болады. Ақынның «Революция жауынгері», «Сенім», «Дала даусы», «Тарихпен тілдесу» өлеңдерінде заманымыздың биік бейнесі, оның құдіреті байқалады. «Сенім» атты өлеңде коммунистер бейнесін жасауға, коммунистер тарихтың сенімі деген үлкен ойды дәлелдеуге барынша жауапкершілікпен қарайды. Өлең өз мақсатын орындап аяқталады.

Коммуниспін!
 Жиынтығы емес жатталып қалған,
 Ережелер мен заңдардың,
 Мен адаммын –
 Қуана күлдім,
 Жыладым,
 Сүйдім.
 Тыңдадым.

Ақиқат пен әділет үшін күрескем,
 Дәл сол күнімде
 Саналарға сіңіп
 Сен сеніммен келем мен
 Асқарына шырқап арманның!

Автор коммунист – бас әріппен жазылған Адам деген ойды сезімге бөлеп беруге тырысқан. «Мен өмірді сен деуші ем» деген негізгі бөлімге Фариза махаббат туралы, әдемі мұң, алатын сағыныш, үзілмеген үміт толы бірін-бірі сүйе тұрып, қосыла алмаған жас жүректердің сан түрлі сезімдерін шертетін жырларын әдейі топтастырған. Оның өзіне тән шебеерлігін де, ақындық қуаты да, сонымен қатар, батыл айтам деп бақырайтып айтып, секем алдыратын, осы қалай деп ойландыратын тұстары да осы махаббат жайлы жазылған өлеңдерінде жатыр [3].

Жанымда жүрші, көңілімнің арай,
 Рауандап атқан таңы боп,
 Кіршік салмаған менің әжемнің ары боп.
 Күйдіре түсіп өзімшіл мына жүректі
 Сендегі сөнбес жалын от,
 Әйтеуір осы тірлік деген мен үшін,
 Өзіңсіз ешбір мәні жоқ.

Осы ой Фаризаның махаббат жайлы өлеңдерінің басым көпшілігінде өзінің көркемдік шешімін тауып жатады. Өйткені ақын мейлі қуанышты, мейлі қайғылы, мейлі сағынышты, мейлі табысуды жазсын лирикалық геройдың жан-дүниесіне терең еніп, тебіреніп, толқып, оқушысын сендіріп жазады.

Сауатты оқушы Фаризаның батыл ізденістерін, еркіндігін, лирикалық геройының жүрек лүпілін күштірек ұсынып, жан толқынысын, көңіл тебіренісін қайталаусыз ақтаруға талпынуын, заманының өршіп үніне сәйкес келетін жоқ образдар мен баламалар, теңеулер іздеу, интонациялық ізденістер секілді өзіндік қасиеттерді жатсынып отырған жоқ. Керісінше сүйсініп, сүйіп оқып отыр.

Қазақ қыздар поэзиясының тағы бір талантты өкілі Ақұштап Бақтыгереева! Ақұштап осы күнге дейін «Өрімтал», «Наз», «Сені ойлаймын» атты өлең кітаптарын және «Жайық қызы» атты таңдамалысы жарыққа шықты.

Егер «Ақынның өмірбаяны – оның творчествосын» десек «Жайық қызы» - Ақұштаптың ақындық өмірбаяны деуге толық хақымыз бар. Ақұштаптың үлкен әдебиеттің табалдырығынан қалай аттап, қалай араласқанын біз көрмеген шығармыз, бірақ білеміз. Ақұштаптың қандай арман, қандай мақсат болғанын біз естімеген шығармыз, бірақ білеміз. Ақұштаптың күні бүгінге дейін нендей істер атқарғанын біз байқамаған шығармыз, бірақ білеміз. Әрине, бізді осыншама сиқырлы күштің иесі қылып отырған осы жинақтары.

«Біздің ең мықты ұстазымыз – ол уақыт» деген еді Расул Ғамзатов. Қазіргі таңда Ақұштаптың осындай ұстаз – уақыттың тәжіребесінен өткен, жылған, шеберлігі шыңдалған, көрнекті ақындарымыздың бірінен саналады.

Сайрайды бұлбұл биіктен алып дауысын,
 Тербелтіп бақты мүлгітіп бүкіл тау үшін.
 Сайрайды бұлбұл құбылтып үнін тыңбастан.
 Тіршілік аған риза сол бір әні үшін.
 Ән қанат гүлге қырларды жатқан көктемде,
 Ән қажет шыңға сәулесін ақ таң төккенде,
 Не жетсін, шіркін, ғажайып мынау өмірде,
 Бір рет нағыз бұлбұлша сайрап өткенге.

Өзінің творчествосын қадамын осылайша бастаған ақынға іштей риза боласың. Әдебиетімізге алғашқы жинағымен оралады. Қайсы біреулер сияқты екпіндеп өзеуремей – ақ жар салып жаңғарақтырмай-ақ жұртшылық назарын еріксіз өзіне аударады. Оқушы жүрегінен ой тартып, адам жанын толқытатын тебіреністі жырлар. Бізде баяу тербеленісіндей еркелігімен, біресе құлпырған дала гүліндей қалың бояуымен, бірде әншінің сахнада шырқаған нәзік әніндей жылы әуенімен өзіне тартып әкетеді [4].

Ақұштап жинақтарын оқып шыққаннан кейін тоқтаған нәзік жолтартуында дер едік. Бұл мүмкін қыз ақынымызға ғана тән қасиет те болуы.

Бұл қасиетті тіпті Ақұштап творчествосының үлкен жетістігі деп те қараған жөн болар еді деп ойлаймыз. Әсіресе, өлеңдеріндегі әдептілік, ұяндық, сыршылдық өзгеше бір гармония құрап, жүректерге әдемі ғана нәзік әуен боп жететін сияқты. Ақұштап көпшілік өлеңдерінде өз пікірін бүкпесіз ашық айтады. Бірақ ойландырады.

Тіршілікте білмейсің күнің қанша,
Саған өмір сыйламақ гүлін қанша.
Бір күн сәуле шашып от шамаң келсе,
Он күн өзге сәулеге жылынғанша.

Жалғыз тұмақ еріксіз ой тұңғығына батырады. Ана туралы көп жырлаған ақындардың бірі – Ақұштап. Оны жинақтарындағы «Ана жүрегі», «Ана махаббаты» атты балладалары солардың ішіндегі ең күрделілері, ең сәтті жазылғандардың қатарына жатады. Әр гүлдің өз иесі, әр құстың өз даусы бар екенін ескерер болсақ Ақұштаптың өлең өлкесіндегі өзіндік орны бар ақын екендігіне риза боласың. Қазір біз көп дауысты қазақ поэзиясының - Ақұштаптың өз дауысын танитындай дәрежеге жеттік.

Бұл күндері оқырман қауымға Күләш Ахметованы таныстырып жатудың өзі артық. Ә дегеннен айтайын деген ойының айқындығымен нені жар етсе де төгіліп түсер шабытымен қуантатын Күләш өлеңдерінде жастық жалын, өмірге жеген мөлдір құштардық тұнып тұр.

Жырларындағы лекті рухтың көкірек шымырлатар асау ағынның кейін, жаныңды қыздырырлық сезімі жадыратып, жас ақынға құрметпен қарайсыз. Күләш бұл күндері «Сен менің бақытымсың», «Ақ гүлім», «Жапырақ жаздың жүрегі», «Бұлақтағы жұлдыздар» атты кітаптардың авторы. Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты. Ендігі кезекті Күләш өлеңдеріне берейік:

Бұйыра бер, бәріне әзірленем,
Жазып берем жанымның, назын берем.
Құмарымды баспаған дүниеге,
Құдыретті ғашық жоқ қазір менен.

Ақынның асқар шабыт та осындай өмірге емірене ынтық болудан туады. Өз Отанын елін сүймегенше жақсы жырдың өмірге келуі де мүмкін емес. Күләштің «Бәрің де жүрегімдесің» - атты өлеңінен алынған үзіндіден біз осыны байқаймыз. Өлеңнің өң бойында адамның еркін жан-жақты еріксіз билер сияқырлы қуат бар. Ол – ақындық серпін. Күләште сыршылдық басым. Қыздарға тән сүйкімді қылық. Сыршыл поэзияда терең тамырлы астар жатады. Ол адам жанының сәттілік қуанынышын, лездік сыршылдық психологиямен үндес. Олай болса, адамның ішкі толғанысын, өзгеше бір буырқанысты өлең тілімен береді.

Кеудемнен қазір сәуле боп аппақ жосып ән,
Арманым болған, азабым болған асыл жан.
Сүйетінімді жасырғам.

Өзіңмен өзің болып, іштей он ойланып, тоғыз толғанып жүретін нәзік қандай. Бар әлем саған жұмбақ. Табиғат аясында әрбір затта ерекше сыр толқындары бар. Махаббаттың құдірет күші міне осында. Ақын күре тамырын дәл басып айтқан.

Жырдағы қуанышына еріксіз ортақтасуды оқушыға міндеттейді. Сондықтан да осылай толғанады.

Жасырғанмен көзім де ілінбесе,
Қабак шытам, сөйлесең, күлімдесең.
Мұның бәрі сен барда, сен осыған,
Азабымның білмейсің бірінде сен

-деп, жар азабын өзі оңаша арқалағанмен көпшілік қауымға рахатын, ләззатын сыйлайтын. Біз бүгін де талайын оқушы қауым атынан Күләшті осындай әдемі, сыршыл ырғақтарының көбейе беруіне тілектеспіз.

Сонымен қазақ жырының бір бұлағы – қыз келіншектер творчествосына қызықпай қарамауға болмайды. Солардың бірі – оқушы, бірі- жұмысшы, бәрі адал жар, абзал ана. Ең бастысы өз дәуірінің ұлылығын тілімен бейнелеп көпке үлгі етпек. Сол арқылы өз жүрегінің мөлдір сұлулығын туған жырларды ұлы Отанына бағыштамақ. Олай болса, асқақ жырдың толқыны толастамақ емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оңғарсынова Ф. «Шілде».- Алматы: «Жазушы», 1978ж.- 320бет
2. Айтқожина М. «Аңсау».- Алматы: «Жазушы» 2001ж.- 160бет
3. Бақтыгереева А. «Жайық қызы».- Алматы: «Жазушы», 1980 ж.
4. Ахметова К. «Жапырақ жаздың жүрегі».-Алматы: «Жазушы», 1998ж.

ӘОЖ 82-13 (574)

ПОЭТИЧЕСКИЕ ПРОИЗВЕДЕНИЯ КАЗАХСКИХ ДЕВУШЕК

Мусаев А.М.

Западно - Казахстанский инновационно -технологический университет, г. Уральск

Аннотация. В статье подробно рассказывается о поэтических произведениях казахских девушек. анализируются особенности творчества Фаризы, Акуштан, Куляш следующего поколения, влияние на следующее поколение, начиная с поэта Сары.

Ключевые слова: поэт, поэзия, лирика, психология, айттыс, артистизм, избирательность, поиск, мастерство, мысль, чувство, гармония, характер.

УДК 81.373

ОБУЧЕНИЕ ЛЕКСИКЕ СТУДЕНТОВ С НЕРУССКИМ ЯЗЫКОМ ОБУЧЕНИЯ

Джуманиязова У. А.

Западно - Казахстанский инновационно -технологический университет, г. Уральск

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы, связанные с методикой работы над лексическим материалом. Обучение языку – это обучение правильному пониманию и употреблению его слов и лексики.

Ключевые слова: лексика, словарный состав слова, коммуникативность, активная лексика.

Обучение языку — это прежде всего обучение правильному пониманию и употреблению его слов, лексики. Что такое лексика? Это словарный состав языка. Все в языке начинается со слов и кончается словами, значит овладение словарным запасом языка является центральной проблемой обучения иностранному языку. Изучение лексики — это не просто заучивание новых слов. При этом надо осознать и усвоить связи между словами (грамматические, семантические и другие). Коммуникативность требует введения и закрепления нового слова в предложениях и ситуациях. Заучивание слов вне предложения не дает никаких результатов. Лексическая работа связана с обучением грамматике [1].

Слово — это основная единица языка, которая служит для выражения понятий. При коммуникации оно является ведущим компонентом речевого общения и функционирует в тесном взаимодействии с фонетикой и грамматикой.

Знание даже большого количества лексических единиц в изолированном положении, т.е. вне предложения, не может обеспечить владения иноязычной речью. Поэтому успешная работа над лексикой может осуществляться только в тесной взаимосвязи с другими аспектами языка, особенно с грамматикой; лексика наполняет, иллюстрирует изучаемые грамматические явления.

В зависимости от характера речевой деятельности различают активную и рецептивную лексику. Для выражения мыслей в устной и письменной речи пользуются лексикой, которая составляет активный словарь говорящего или пишущего, т.е. словарь для продуктивной речевой деятельности.

Рецептивный словарь складывается из слов, которые необходимы для приема информации в устной или письменной форме, т.е. при слушании (аудировании) и чтении. В этом случае говорят о рецептивном владении материалом [2].

Границы между этими двумя словарями студента подвижны и зависят от конкретных условий речевой деятельности.

Кроме активного и пассивного словарей существует также потенциальный словарь, куда входят слова, о значении которых студент может догадываться самостоятельно. Это умение формируется на основе владения определенным минимумом активной и рецептивной лексики, а также на основе знания способов словообразования, понимания смысловой структуры слова. Существование потенциального словаря объясняется прежде всего тем, что в языке насчитывается сравнительно небольшое количество корневых слов по сравнению с теми словами, которые образованы от них. Например, **стол** — корневое слово, а производные от него — **столик, столовая, настольный, застольный** и др.

Как правило, между корневым словом и производными от него словами существуют формальные, логические и смысловые связи. Поэтому при работе над лексикой одной из важных задач обучения является выработка у студентов умения устанавливать эти связи, развивать их языковую подготовку и в конечном итоге «узнавать» новые слова.

Изучая грамматическую конструкцию, в упражнения мы включаем знакомую лексику и вводим новую. Что касается дозировки новых слов на одно занятие, то рекомендуется вводить от 7 до 20 единиц за урок в зависимости от трудности, предназначенности и этапов обучения.

Вопрос о количестве новых слов, которые отбираются на единицу учебного времени, относится к числу важных методических проблем. Учитывая возможности кратковременной памяти человека, психологи, а вслед за ними и методисты, на начальном этапе обучения рекомендуют вводить новую лексику в небольших количествах — от 5 до 10 слов за урок. При этом имеется в виду, что на этом же уроке продолжается работа по активизации ранее введенного материала тоже в объеме от 5 до 10 слов [3].

Это общие установочные параметры, которые под влиянием ряда факторов (условий обучения, степени трудности усвоения новых слов, способностей студентов и др.) могут быть скорректированы преподавателем в условиях конкретного учебного процесса.

Овладение новым словом всегда начинается с рецептивного действия (восприятия), проходит через репродуктивное (воспроизведение-повторение) и заканчивается продуктивным, т.е. самостоятельным творческим использованием его в речи. Поэтому в работе над каждой лексической единицей можно выделить несколько этапов.

Первый этап — это, как говорят методисты, показ слова, т.е. ознакомление студентов с фонетико-орфографическим образом слова.

Лексическая единица представляется как в устной, так и в письменной форме. Иногда можно показать, как выглядит это слово в учебнике, т.е. в печатном виде.

После этого следует второй этап — объяснение слова. Объяснению должны подлежать форма слова и его значение. Когда мы говорим о форме слова, то имеем в виду необходимость толкования слова с точки зрения его фонетических (например, непроносимые звуки) и грамматических характеристик (например, род, число, окончание, суффиксы, особенности склонения — для существительных; вид, время, спряжение, управление — для глагола ит.п.) [4].

Как вводить и объяснять новые слова?

Когда речь идет об объяснении значения слов, методисты используют термин семантизация. Это очень важный момент в работе преподавателя, так как требует от него умения в конкретной учебной ситуации правильно выбрать наиболее рациональный способ такого объяснения.

Можно назвать несколько основных способов семантизации лексических единиц.

1. Использование наглядности.

Существуют три вида наглядности: предметная — демонстрация предмета и название его; изобразительная — предъявление рисунка, схемы и т.п.; моторная — демонстрация действий и название их. Наиболее эффективно с помощью различных видов наглядности семантизируются слова, обозначающие: конкретные предметы, пространственные понятия, геометрические формы. Наглядность очень нужна начальном этапе. Эти средства называются неязыковой наглядностью.

2. Использование синонимов — наиболее распространенный прием учебной семантизации новых слов: печальный = грустный, огромный = очень большой.

3. Использование антонимов — это очень эффективный метод ввода новых слов: мне грустно ≠ мне весело, в классе тепло, а на улице холодно.

4. С помощью словообразовательного состава:

а) стол — столик, мяч — мячик, стул — стульчик;

б) книга — книжный, класс — классный.

5. Использование сильного семантизирующего контекста — это предъявление нового слова в таком контексте, который позволяет студентам самим догадаться о том, что оно значит: Это газета. Дайте, пожалуйста, газету. Передайте газету вашему соседу.

6. Использование перевода – т.е. с помощью словаря узнавать

Значение нового слова. Этим методом при коммуникативных целях. Пользоваться надо как можно реже. В связи с тем, что слово живет только в окружении других слов в речи, очень важно на стадии объяснения показать возможность слова сочетаться с другими словами. Например, чтобы показать различные связи двух близких по значению глаголов «встретить» и «встретиться» хорошо продемонстрировать их в системе соответствующих вопросов, а затем и во фразах (встретить — кого? где? когда?; встретиться — с кем? с чем? зачем? где? когда?).

Основным источником пополнения словарного запаса студентов обычно является учебный текст. В зависимости от назначения текста и характера новых слов, степени

трудности их усвоения выбирается тот или иной прием введения лексических единиц и время их введения относительно момента первичного знакомства с текстом. Рассмотрим основные способы предъявления учебного текста.

Можно прочитать новый текст без объяснения незнакомых слов до чтения и по ходу чтения. Так поступают при целевой установке на выработку у студентов способности понимания нового текста при наличии в нем незнакомых слов. Можно читать текст и объяснять незнакомые слова по ходу чтения. В этом случае из контекста легче вывести значение нового слова, и учащиеся быстрее его поймут и усвоят. Незнакомые слова объясняются до чтения нового текста, и это снимает трудности в его понимании. В тех случаях, когда целесообразно использовать все перечисленные выше приемы введения новой лексики, может быть применен комбинированный вариант предъявления текста.

Так как учебные тексты разнообразны по форме, структуре, количеству новых языковых единиц и, самое главное, по целевым установкам, т.е. по характеру тех учебных задач, для решения которых составлен и предъявляется новый текст, то и способ введения новой лексики избирается каждый раз с учетом этих целей и задач.

Приемы, облегчающие запоминание лексики

1. Запоминание слова с помощью многократного повторения.
2. Многие слова запоминаются очень трудно, даже повторяемость не помогает. Наиболее прочно запоминается, если слово вводится в момент острой потребности в нем. Создавая ситуации потребности в слове, преподаватель мгновенно вводит его в память студентов. Необходимо, чтобы потребность возникла естественным образом.
3. Хороший результат дает введение новых слов в эмоционально окрашенной ситуации.
4. Наличие познавательного интереса к вводимому материалу. Известно, чем выше мотивация, тем лучше результат обучения, и наоборот.

Закрепление нового лексического материала и контроль усвоения.

Этот этап работы осуществляется в системе упражнений и в ходе комплексного обучения всем видам речевой деятельности. Цель упражнений — формировать умение и навыки использования введенного лексического материала (путем действий и операций с ним, что и обеспечивает его окончательное усвоение и запоминание). Рассматривая проблему усвоения новой лексики, перед нами сразу же встает два вопроса: соотношение во времени процесса введения слов и упражнений и форма первого блока упражнений.

Рекомендуется первые упражнения выполнять сразу же после введения новой лексики и в устной форме, так как необходимо формировать слухо-моторные образы новых слов и конструкций, независимо от того, предназначаются ли они для продуктивного или рецептивного владения. Упомянутые слуховые и моторные (артикуляция)

Образы необходимо, не откладывая, дополнить зрительными и моторными (письмо). Поэтому в качестве домашнего задания нужно дать, как устные, так и письменные упражнения.

Подготовительные упражнения продуктивного типа:

- 1) заполнение пропусков в минимальном контексте;
- 2) дополнение предложения по смыслу;
- 3) вопросно-ответные предложения;
- 4) упражнения на сочетаемость слов (например, из двух колонок слов составить все возможные сочетания или самостоятельно подобрать слова, сочетающиеся с заданным списком);
- 5) упражнения на синонимию;
- 6) упражнения на группировку слов по тематическому или оперативному признаку, которые очень живо выполняются в форме игр и заданий. Форма игры-соревнования дает еще

две возможности: темы, ограничив время, и организовать самостоятельное повторение, предупредив об игре заранее.

Некоторые типы лексических упражнений

Упражнения, способствующие опознанию лексической единицы на слух и визуально.

1. Показать называемые преподавателем предметы.
2. Выполнить единичные действия, называемые преподавателем.
3. Определить количество слов в прослушанном предложении
4. Вставить пропущенные в слове буквы или буквосочетания (с опорой на картинку или без нее).
5. Определить значение слова на основе известных элементов (корня, приставки, суффикса).
6. Выбрать из ряда слов слова, относящиеся к указанной теме, и многие другие.

Упражнения, способствующие формированию рецептивно-продуктивных речевых умений студентов.

1. Пересказать прочитанный текст (по плану, по вопросам, по ключевым словам, по картинкам).
2. Пересказать диалог в монологической форме, употребив названные лексические единицы.
3. Составить диалог на основе монолога с использованием данных выражений.
4. Составить план прослушанного рассказа.
5. Придумать концовку рассказа, употребляя определенные слова.

Упражнения, способствующие формированию продуктивных речевых умений студентов.

1. Назвать предметы, которые находятся на столе.
2. Подобрать слова к картинке.
3. Подобрать слова к предложенной ситуации.
4. Описать картинку сначала с использованием данных слов, затем самостоятельно.
5. Составить описание (комнаты, времен года, внешности человека и т.п.).
6. Составить рассказ по ключевым словам на основе учебного материала.
7. Составить рассказ на определенную тему.
8. Написать сочинение на заданную тему и другие.

У студентов обязательно должна быть словарная тетрадь для записи новых слов. Она показывает, какие слова студент должен знать обязательно. Выработка правильного метода записи слов — очень важный фактор в общей работе над лексикой. Сам процесс выписывания слов и переписывания словаря уже помогает их запомнить. Запись новых слов — это не только введение, но уже и начало)лексики.

Итак, были рассмотрены основные проблемы, связанные с методикой работы над лексическим материалом на начальном этапе обучения.

Список использованной литературы:

- 1.Балыхина Т.М. Методика преподавания русского языка как неродного, нового. Учебное пособие для преподавателей и студентов. — М.: Изд-во РУДН, 2007.
- 2.Крючкова Л.С., Мощинская Н.В. Практическая методика обучения русскому языку .— М.: Флинта: Наука, 2009
- 3.Щукин А. Н. А35. Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам). – М.: Издательство ИКАР, 2009.
- 4.Чеснокова, М.П. Ч51 Методика преподавания русского языка как иностранного: учеб. пособие / М.П. Чеснокова. – 2 изд., перераб. – М.: МАДИ, 2015.

ӘОЖ 81.373

ОРЫС ТІЛІНДЕ ОҚЫТПАЙТЫН СТУДЕНТТЕРГЕ ЛЕКСИКАНЫ ОҚЫТУ

Джуманиязова У. А.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

***Аңдатпа.** Мақалада лексикалық материалмен жұмыс жасау әдістемесіне байланысты сұрақтар қарастырылады. Тілді оқыту дегеніміз оның сөздері мен лексикасын дұрыс түсінуге және қолдануға үйрету.*

***Кілт сөздер:** лексика, сөздің сөздік құрамы, коммуникативтілік, белсенді лексика.*

ӘОЖ 81.37.016

**АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ПІКІРТАЛАС
ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Ақдаулетова К.Х.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

***Аңдатпа:** Ұсынылып отырған мәтінде шет тілін оқытуда шағын әңгімелерді талқылай отырып, білім алушылардың пікір-талас дағдыларын қалайша дамыта аламыз, жалпы пікір-талас дегеніміз не, оның түрлері мен оқушылардың басқа да қандай дағдыларына әсері туралы жеке көзқарас айтылып өтті. Оқытудың екі дағдысын қатар қолдана отырып оқушылардың сыни тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыту, тіл байлығын ұштау. Қысқаша әңгімелерді оқу соңында шағын топтарда өз көзқарастарын негіздеу, дәлелдеу және өзгелердің де пікірін тыңдап ортақ шешімге келу. Және де өз диссертациямды қандай мақсатта зерттеп жатқанымды, практика жүзінде қандай зерттеулер жүргізіп, қандай жетістіктерге жеткеніммен бөлісу.*

***Кілт сөздер:** коммуникатив, заманауи, пікірталас, зерттеу, талдау, талқылау, ойталқы.*

Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес елдегі маңызды тілдің бірі – халықаралық қатынас тілі ағылшын тілі болып саналады. Ағылшын тілі – ХХІ ғасырдың тілі, әлем тілі десек те болады. Ағылшын тілі халықаралық қатынаста кеңінен қолданылып жүрген, дүние жүзіне кең тараған ортақ тіл. Ағылшын тілі мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдени қарым-қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады. Мемлекеттің халықаралық байланыстарының сапалық өзгерістері ағылшын тілінің сұранысқа ие болу қажеттілігін туғызып отыр [1].

XXI ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту мақсатымен аттауымыз үлкен үміттің бастамасы болып табылады. Ұрпағы білімді халықтың болашағы жарқын болады дегендей, жас ұрпаққа саналы, мән- мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің талабы десек те болады.

Еліміздің басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы артып отырған шақта ағылшын тілін еркін меңгерген, келешекте білімін түрлі саладағы қарым-қатынас жағдайында пайдалана алатын адамды мектеп қабырғасынан оқытып шығару - біздің қазіргі кездегі ең басты міндетіміз. Ағылшын тілін тереңдетіп, жан-жақты оқытуды қоғам мен уақыт қажет етіп отыр. Қазақстан Республикасының тәуелсіз елге айналып, әлемдік өркениеттің даму жолына түсуі, ағылшын тілін жетік меңгеру талабын туғызды. Ағылшын тілін оқыту оқушылардың коммуникативті даму біліктілігін арттырады, оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді, бірден көп тілдерде сөйлеу мүмкіндігін алады. Ал, әлемдік тіл ретінде бейресми түрде орныққан ағылшын тілін меңгеру ұлттың бәсекеге қабілеттілігін шындай түседі. Қазіргі таңда ағылшын тілін білу – уақыт талабы. Ағылшын тілін білім алушыларға ерте жастан бастап үйрету тиімді болып табылатынын ескере келе, бірінші сыныптан бастап мектеп бағдарламасына енгізілген болатын. Оқушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылықтары өте жоғары, және де ерте жастан үйренгеннің бір тиімді тұсы олар естеріне тез сақтап тез қабылдайды.

Жалпы білім беру бағдарламасында ағылшын тілін оқыту білім алушылардың қажеттіліктері мен талаптарына сай деңгейлеп меңгеруге бағытталған. Әрбір оқытушының мақсаты білім алушыларға заманауи білім беру технологияларын пайдалану ментімізді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқыту. Білім алушылардың еркін де сенімді сөйлеуге үйрету, коммуникативті дағдыларын қалыптастыру, сыни ойлау деңгейлерін дамыту, алған білімдерін іс-тәжірибеде қолдана алуға жағдай тудыру. Ағылшын тілін оқытуда қандай әдіс-тәсілдерді қолдансақ та оқушыға тиімді келетін, қызығушылығын арттыратын, алған білімін кеңінен қолдана алатындай білім берілуі тиіс деп ойлаймын. Сонымен қатар ағылшын тілін оқытуда оқытудың бірнеше дағдыларын қатар пайдаланатынымыз бәрімізге аян. Олар тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым және де грамматика дағдылары болып табылады. Магистратураға оқуға түскеннен соң, мен өзімнің жүргізетін ғылыми-зерттеу, яғни диссертациялық зерттеу тақырыбыма осы дағдалардың ішінен екі-ақ дағдыны қолдана отырып оқушылардың білім алу деңгейлерін жоғарылата алуға мүмкін бе екен деген мәселені қозғап, зерттеу жұмысын бастадым. Аталған дағдылардың ішінен айтылым және оқылымды біріктіре отырып білім алушыларға білім беруді жөн көрдім. Себебі, өз тәжірибемде мен оқушылардың оқылым дағдысынан кейін тек қана сұрақтарға жауап беру, немесе оқылым соңында беретін әртүрлі тапсырмаларды орындап қана қоятынын білемін. Қазіргі заман талабына сай ең басты талап ол сауатты сөйлеу және сауатты жазу болса, біз айтылым дағдысы арқылы оқушының сөйлеу дағдысын дамытсақ, оқу арқылы оқушы жазу мен қатар ойлау қабілеттерін де дамытуға мүмкіндік туғыза аламыз. . Осы мәселені ойлана келе мен өз диссертацияма «Ағылшын тілін оқытуда қысқа әңгімелер негізінде білім алушылардың пікірталас дағдыларын қалыптастыру» деген тақырыпты алуды жөн көрдім. Қазіргі таңда осы алған тақырыбым бойынша зерттеулер жүргізудемін [2].

Зерттеу тақырымының негізіне тоқтала кететін болсақ, білім алушыларға ең алдымен осы пікір талас жүргізуге негіз ретінде қысқаша әңгімелерді ұсынуды жөн көрдім. Яғни, оқушылар бірінші терілген мәтінді оқиды. Оның мағынасы мен негізгі ойын түсінеді. Оқып болғаннан соң пікірталас жүргізуде әртүрлі мәселелер қозғалады.

Енді пікірталас дегеніміз не? Пікірталас – жастарды көшбасшылыққа баулудың бір құралы болып табылады. «Адамды данққа бөлейтін екі қасиетті өнер бар: бірі-қолбасшылық, екіншісі-шешендік» - деп ұлы шешен-ділмар М.Т. Цицерон айтып кеткендей, жеке пікірдің қалыптасып, жеткізе білудің өзі – үлкен өнер. Қиыннан

қиыстыра, төтеден төге сөйлейтін тапқыр да ақылды, бейнелі де бедерлі, аталы да баталы, нақыл, көркемсөзді келістіре айту – кез келген жанның бойынан табыла бермейтін қасиет екені анық. Бірақ, жаңа заман талабы мұны талап етеді. Пікірталаста шеберлігіңді шындаудың да жолдары бар. Ол үшін түрлі пікірталас клубтарының сайыстарын көріп, тәжірибе жинаудың маңызы зор. Ал ең бастысы – білім екенін ұмытпаған абзал. Бұл орайда бірнеше тіл білу де жетістікке жетелейді. Тілді үйрену – ешқашан кеш емес. Кез келген құбылыс немесе оқиғаға қатысты өз пікіріңді жеткізу – жеке тұлға ретіндегі беделіңді асырмаса, төмендетпейді [3].

Адам пікірталас жүргізе отырып өз ойларын түсіндіре, дәлелдей алуы керек, қарсы жақтың пікірін жоққа шығарып, өз пікірінің дұрыстығына көз жеткізуі қажет. Сондықтан іскер адамдар сөзталас өнерін, пікірталас шеберлігін үйренуді мақсат етеді. Пікірталас шеберлігі дегенге жеткілікті, жан-жақты біліммен қоса, пікірталас түрлерін мақсатын, олардың ерекшеліктері мен негізгі талаптарын, сөзталас мәдениетін, онда жиі қолданылатын амал-тәсілдерді жетік меңгеру жатады.

Пікірталас бірыңғай көзқарастың жоқтығынан әр түрлі пікірлер туындаған жайттардың төңірегінде өрбиді. Пікірталас дегеннің өзі де пікір қайшылығы. Пікірталастың бірнеше түрлері бар: пікір алмасу, ойталқы, пікір сайыс, ойбөліс, сөзталас, айтыс. Әрқайсысының өзіндік мақсаты мен ерекшеліктері бар. Мысалы: Пікір алмасу – латын сөзі (discussio), беретін мағынасы «зерттеу», «талқылау», «талдау». Пікір алмасу көпшілік арасында өтеді [4].

Өзімнің өткізген тәжірибиемде мен білім алушыларыма шешуге болатын ашық мәселе, орындауға тапсырма, шешім қабылдау, шешім қабылдау немесе орындау тізімі – аяқтауды қажет ететін тапсырмаларды беруден бастадым. Білім алушыларға талқылау үшін мақсаттарыңызға жетуге көмектесетін тапсырманы неғұрлым нақты қойсаңыз, оларға оны жеңу мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады деп ойлаймын. «Ойлан-жұптас-бөліс», «Афинитті карта», «Бормен сөйлесу» және басқа сөйлесу құрылымдары сияқты тапсырмаларды да қолдандым. Оқушыларымның тапсырмаларға белсенділікпен қатысып, қызығушылықпен орындаулары, мәселені шешу барысындағы пікірлерімен бөлісіп, берілген мәселені жан-жақты зерттеп, өздерінің мысалдарына дәлелдер келтіріп, келіспеген тұстарына да нақты себептерін айтып отыруы менің ойымнан шықты [5].

Және де тағы бір бөлісіп кететін жағдай, тоқушылардың топпен жұмыс жасау барысында оларды қалай топқа бөлудіміз қажет. Топтар қаншалықты үлкен болуы керек: екі-алты адаммен жұмыс жасау өте қолайлы. Шағын топтар (екі немесе үш) қарапайым тапсырмаларды орындау және консенсус құру үшін жақсырақ. Сонымен қатар, білім алушыларға шағын топтарда барлығына сөйлеуге мүмкіндік көбірек болады. Төрт немесе бес адамнан тұратын үлкен топтар күрделірек тапсырмаларды орындауға және көптеген идеяларды тудыруға жақсырақ келеді. Студенттерді топтарға бөлу әдісі: Білім алушыларды топтарға кездейсоқ бөлудің бірімен дос оқушылардың бір топқа түсіп, бағытты бұзғысы келетін іс-әрекеттерін болдырмайды.

Пікірталастан соң мен әруақытта оқушыларымнан кері байланыс пен сұхбат алып отырдым. Өйткені талқылаудың ең маңызды бөлігі, қорытындылау және қорытындылау уақыты. Білім алудың ең маңызды бөлігі бұл қорытындылау бөлігінде болып табылады. Сондықтан берілген уақыттың үштен бір бөлігін осы кезеңде міндетті түрде арнау қажет. Қате түсініктерді түзету үшін де қорытындылауды қолдануға болады. Білім алушылар назардан тыс қалған, бірақ маңызды кез келген ақпаратты назарсыз қалдырулары мүмкін. Сондықтан мен талқылау алдын оларға әрбір сұрақты алдын-ала жоспарлап қоямын. Бұл топтағы әрбір адамға жауапкершілік жүктеймін. Әрине ол сұрақтарға әр топтан жауап алудың қажеті жоқ, оның орнына кездейсоқ бірнеше топты таңдауға да болады. Топтар идеяларды қайталай бастағанда, оларды тоқтатып басқа сұраққа жауап берулерін сұраймын.

Пікірталас барысындағы білім алушылардың бақылауды жоғалтуы. Пікірталасқа байланысты тағы бір күрделі мәселенің бірі - талқылаудың тым ынталы болуы немесе сыпайы болып қалмауы. Ол үшін сынып ретінде негізгі ережелерді әзірлеу қажет. Сыныппен келісілген ережелерінде X-тің мінез-құлқы (мысалы, әңгімені ұзу, ашық түрде елемеу, құрметтемеу) оқушыларға жайлап еске салуға болады. Ережелер орнатылмаса немесе орынсыз мінез-құлық ережелерге қайшы болып көрінсе, дереу әрекет ету керек. Көбінесе мәселе білім алушыларға жақынырақ барып тұруыңыз арқылы шешіледі, өйткені олар сіздің оларға назар аударғаныңызды көреді. Дегенмен, кейде мәселені тікелей шешуге тура келеді. Бірақ бұл сәттеол оқушыны ешқашан ұятқа қалдыратындай сөздер айтудан аулақ болу қажет. Бұл уақытта тек жай ғана ескертіп беріп отыру қажет деп санаймын.

Білім алушыларымның пікірталас дағдыларын қалыптастыра келе мен оларды ағылшын тілін еркін сөйлеуге, өз ойларын ашық айтуға, алған білімдерін кеңінен қолдануға мүмкіндік туғызудамын әлі де оны дамыта түсемін деген ойдам. Пікірталасты меңгерген оқушыларымның сыни тұрғысынан ойлау дағдылары дамып, мәселені шешу қабілеттері де дамиды. Өзгені тыңдай отырып өзінде тыңдата алу, берілген мәселенің шешімін іздеуді өз сыныптастарының пікірлерімен санаса отырып жауабын табу. Қысқаша әңгімелерді таңдауда да қызықты, оқушыға ой саларлық, терең мағыналы әңгімелерді алу қажет. Білім алушылар мәтіннен өз өмірлеріне қажетті ақпарат алып, өмірмен байланыстыра талқылап, оларға беретін құндылықтарын ажырата алу білуі тиіс деп санаймын.

Жалпы зерттеу тақырыбы мен үшін өте қызықты әрі жан-жақты ізденуіме септігін тигізуде, өйткені бұған дейін зерттелмеген әрі ешқандай да автор ойға салмаған тақырып деп айтуға да болады. Мен үшін білім алушылардың білім дәрежесін көтеріп, олардың қызығушылықтарын оятуға, тілді үйренуге деген құлшыныстарын жоғарылатуға септігін тигізер азғантай болсын үлесімді қосу маңызды болып табылады.

Қорытындылай келе, зерттеу тақырыбымның мақсатына жетіп, білім алушыларымның білім деңгейлерін көтеріп қана қоймай, олардың ағылшын тілін еркін меңгерген, ертенгі уақытта бәсекеге қабілетті, білімді, өз ойларын ашық айта алатын, ғылымға өз үлестерін қоса алатында дәрежеге жететіндеріне сенімдімін. Ертенгі болашақ жастарымыздың бойына өз ойын ашық айта алатын, өз пікірін айқын жеткізетін батыл да терең ойлы ұрпақты тәрбиелеп, олардың бойларына білім сіңіру әр ұстаз үшін міндет. Ұлтының мақтанышына айналған, орақ тілді жастарымыз еліміздің дамуына өз үлестерін тигізсе, бұл біздің ертеңіміздің жарқын болуының кепілі. Мен де болашақта осындай қасиеттер мен қабілеттерді бойына сіңірген өз шәкірттерімді көргім келеді. Ағылшын тілі еркін меңгеріп, әлемді көріп, еліміздің дамуына үлестерін қосатын жастарды тәрбиелеу, бұл мен үшін негізгі мақсат болып табылады.

пікірталас –обсуждения, көзқарас -точка зрения , өркениет -цивилизация
көшбасшы –лидер, құндылықтар -ценности
бәсекеге қабілетті – конкурентоспособный
ойталқы-brainstorming, мышление

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.С.Сарсенова «Педагог кадрлардың біліктілігін арттыруда оқытудың жаңа технологиясын енгізудің тиімді жолдары».- Алматы. Радиал баспасы. 2006жыл
2. Ағылшын тілін оқытудың маңызы 2021. <https://bilinger.kz/107696/>
- 3.Алиева Г. С.Әңгіме жанрын оқытудың маңызы. 45minut: республикалық басылым. 2012 <https://45minut.biz/?p=9852>
- 4.<https://bilim-all.kz/article/16641-Agylyshyn-tili-sabaqtarynda-oqushylardyn-tanym-belsendiligin-arttyruda-qoldanylatyn-adisterdin-turleri>

5. <https://adisteme.kz/setel-tilin-oqyty-urdisin-uiymdastyry-turleri.html>

УДК 81.37.016

ФОРМИРОВАНИЕ У ОБУЧАЮЩИХСЯ ДИСКУССИОННЫХ НАВЫКОВ В ПРЕПОДАВАНИИ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Ақдаулетова К.Х.

Западно - Казахстанский инновационно -технологический университет, г. Уральск

***Аннотация.** В предлагаемой статье, обсуждаются светские беседы при обучении иностранному языку, высказывается личное мнение о том, как мы можем развить у обучающихся навыки спора, что такое спор в целом, его виды и какое влияние он оказывает на другие навыки учащихся. Развивать навыки критического мышления учащихся с одновременным применением двух навыков обучения, совершенствовать языковые навыки. В конце чтения коротких рассказов в небольших группах обосновывают, аргументируют свои взгляды и приходят к общему решению, выслушивая мнения других.*

***Ключевые слова:** коммуникативный, современный, дискуссионный, исследовательский, аналитический, дискуссионный, мыслительный.*

ӘОЖ 37.031.1

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА ТІЛДІК ЕМЕС МАМАНДЫҚ СТУДЕНТТЕРІНІҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қанатқалиева И. Е.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

***Аңдатпа.** Мақалада мәдениетаралық коммуникация ұғымы және оның тілдік емес ЖОО студенттеріне шет тілін оқытумен ажырамас байланысы қарастырылған. Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру және мәдени және тілдік кедергілерді жеңу үшін мәдениетаралық қарым-қатынас саласындағы мамандардың көмегі қажет, өйткені мәдени компонент тілдің бір бөлігі болып табылады.*

***Кілт сөздер:** мәдениетаралық қарым-қатынас, жалпы кәсіптік және жалпы мәдени құзыреттілік, шет тілін оқыту.*

Егер ана тілінің де, шетелдің де тілін меңгеруді қарастыратын болсақ, онда мәдени компонент тілдің бір бөлігі болып табылады. Сонымен бірге, мәдени компонент мәдени ақпараттың бір түрі ғана емес, ол тілдің ажырамас қасиеті болып табылады. Яғни, бүкіл әлем «біздікі», адамдардың ортақ тілі мен мәдениетімен біріктірілген және «бөтен» болып екіге бөлінген. Ежелгі гректер мен римдіктер басқа елдер мен мәдениеттердің барлық

халқын «варварлар» (ағылш. barbarian) деп атаған. Бұл сөз ономапопеялық және ана тілімен тікелей байланысты: шет тілдерін адамдар бұрындары түсініксіз және жағымсыз «бар-бар» ретінде қабылдаған [1, 122 б].

Сарапшылардың пікірінше, мәдениеттің әсері оқушылардың күтуіне және оқу үдерісі мен оның мақсаттарына деген көзқарасына таралады.

Шет тілі мұғалімі мәдени айырмашылықтарды және олардың оқушылардың дүниені қабылдауына ықпалын және олардың оқу туралы идеяларын ескеруі қажет, бұл студенттердің мотивациясына ықпал ете алуы үшін, соның ішінде мұғалім оқу материалдары мен оқыту әдістерін таңдаудағы студенттердің тәжірибесі мен күтулері.

Мәдениеттердегі айырмашылықтарды және олардың әсерлерін білу шет тілі мұғаліміне оқыту әдістері мен оқу материалдарының қалай және не үшін әртүрлі болуы керектігін түсінуге көмектеседі. Бұл мәдениетаралық қарым-қатынас саласына қатысты, оны оқытуда қолдану керек. Мәдениетаралық қарым-қатынас мұғалімнің оқуға деген көзқарасын кеңейтеді, теріс пікірді азайтады және оқудың орындылығын бағалауға көмектеседі. Басқа мәдениеттерді түсіну және кең ауқымды студенттермен жұмыс істеу үшін мұғалімдер өздерінің мәдениетаралық құзыреттілігін дамытуы, әртүрлі мәдениеттер мен олардың арасындағы айырмашылықтар туралы хабардарлығын арттыруы керек, сонымен қатар өз мәдениеті мен өз құндылықтары мен көзқарастарымен қарым-қатынасын арттыруы керек.

Мұғалімге мәдени стереотиптерден арылу, жеке айырмашылықтарды байқау, оқушылардың үміттері мен тәжірибесін ескере отырып оқытуды жоспарлау және жүзеге асыру, сондай-ақ үйреншікті оқыту әдістері мен оқу материалдарын өзгертуге дайын болу, оларды белгілі бір студенттер тобына саналы түрде сәйкестендіру маңызды [2, 22 б].

Оқытудың тілдік емес салаларының студенттеріне шет тілін оқыту мен мәдениетаралық қарым-қатынас арасындағы тығыз байланыс айқын көрінеді. Тілдік емес университеттегі әрбір шет тілі сабағы мәдениеттердің тоғысқан жерін көрсетуі керек, өйткені әрбір шетел сөзі бөтен дүние мен жат мәдениетті көрсетеді.

Бүгінгі таңда шет тілдерін үйрену мотивтері өзгерді, адамдарды тілдің теориясы да, тарихы да қызықтырмайды, шет тілін білу тек функционалды – қарым-қатынас үшін қажет. Қазіргі үрдістерге байланысты мұғалімдердің басты міндеті шет тілі үйренушінің коммуникативтік қабілеттерін барынша дамытуда көрінеді [3, 122 б].

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде шет тілін оқыту мақсаттарына табысты жету үшін, біздің ойымызша, мыналарды жүзеге асыру қажет:

- біріншіден, шет тілін осы тілде сөйлейтін адамдардың қоғамдық, мәдени, саяси өмірінің кең фондында, яғни оқытылатын тілдің әлемімен және мәдениетімен тығыз байланыста оқу;

- екіншіден, шет тілі мұғалімі мәдениетаралық қарым-қатынас маманы болып, филология, лингвистикалық және педагогикалық бағыттар аясындағы ресейлік жоғары оқу орындары мұғалімдерді даярлаудың жаңа үлгісін менгеруі керек;

- үшіншіден, өмірде, табиғи жағдайда барынша шынайы қарым-қатынас жасау және шет тілін белсенді пайдалану үшін жағдай жасау қажет, мысалы, ана тілінде сөйлейтіндерді шет тілі сабақтарына тарту, шетел профессорларын шет тілінде дәріс оқуға шақыру, халықаралық іс-шараларда еріктілер ретінде жұмыс істеу қажет;

- төртіншіден, мәдениетаралық ерекшеліктерді міндетті түрде көрсететін жаңа оқу материалдарымен қатар шет тілін оқытудың жаңа әдістерін қолдану (бірақ бұл жерде бір шектен екіншісіне асықпау және дәлелденген әдістерден бас тарту керек екенін атап өткен жөн);

- бесіншіден, шет тілін осы тілде сөйлейтін адамдардың мәдениетімен ажырамас бірлікте үйрену керек, бірақ екінші жағынан, шет тілін оқыту оны ана тілі мен мәдениетімен салыстыруға негізделуі керек.

Қорытындылай келе, біз мынаны мәлімдейміз: адам шет тілін емес, шет тілінің әлемін, яғни осы тілде сөйлейтін адамдардың мәдениетін, өмір салтын, менталитетін, ұлттық сипатын үйрену керек. Жеке сөздердің мағыналары мен грамматика ережелерін білу жеткіліксіз екені анық тілді қарым-қатынас құралы ретінде пайдалану. Оқу-тәрбие процесі бір мезгілде екі бағытта жүруі керек деп есептейміз: шет тілін тілдік құбылыс ретінде меңгеру және оқушының төл мәдениетінде ұқсастық таппайтын жаңа пәндерді, құбылыстарды меңгеру [4, 55 б].

Қорытындылай келе, тіл мен мәдени тосқауылдың арақатынасы мен байланысын қарастырған кезде олардың екіншісі қауіптірек және жеңу қиын болып шығады, ал тілдік емес оқыту саласындағы студенттер үшін проблема белсенді (өнімді) дағдыларды жүзеге асыруда мәдени кедергіні жеңу әсіресе өткір: сөйлеу және хат. Осы дағдыларды табысты меңгеру және нәтижесінде тиімді мәдениетаралық және халықаралық қарым-қатынасты жүзеге асыру, нәтижесінде университет түлектерінің кәсіби коммуникативті құзыреттілігін табысты дамыту үшін шет тілі оқытушылары мен студенттердің шет тілдері тілдік құрылымдар мен бірліктердің негізі әлеуметтік-мәдени құрылымдар мен бірліктер екенін түсінуі керек. Айтпақшы, бұл, мүмкін, жасанды тілдерді жасаудағы тұрақты сәтсіздіктерді түсіндіреді: олар өлуге мәжбүр, өйткені олардың артында ана тілінде сөйлеу мәдениеті жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Зимняя И.А. Коммуникативтік құзыреттілік: психологиялық мінездеме// «Орыс психологиялық қоғамы» Бүкілресейлік қоғамдық ұйымының V съезі. Съезге қатысушылардың материалдары. Т.1-М.: Орыс психологиялық қоғамы, 2012. Б.122-123.
2. Белоусова М.М. «Кәсіби қарым-қатынастағы шет тілі (ағылшын тілі)» пәнінің жұмыс бағдарламасы. Оқыту бағыты «Биология» 06.04.01. Білім деңгейі: магистратура. Ростов-на-Дону: Оңтүстік федералды университеті, 2015. 226.
3. Гальскова Л.Д. Шетел тілдерін ғылым ретінде оқытудың заманауи әдістері: мәселелері мен болашағы. // Мәскеу мемлекеттік аймақтық университетінің хабаршысы (электрондық журнал). 2013. № 1. URL: evestnik-mgou.ru/Articles/View/281.
4. Елизарова Г.В. Мәдениетаралық коммуникация мен коммуникацияның айырмашылығы туралы. Санкт-Петербург: Studia Linguistica. 2013. № 18. бірге. 55.

УДК 37.031.1

ФОРМИРОВАНИЕ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ СТУДЕНТОВ НЕЯЗЫКОВЫХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ В ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

Қанатқалиева И. Е.

Западно - Казахстанский инновационно -технологический университет, г. Уральск

Аннотация. В статье рассматривается понятие межкультурной коммуникации и ее неразрывная связь с преподаванием иностранного языка студентам неязыковых вузов. Для формирования коммуникативной компетентности и преодоления культурно-языковых барьеров необходима помощь специалистов в области межкультурного общения, поскольку культурный компонент является частью языка.

Ключевые слова: межкультурное общение, общепрофессиональная и общекультурная компетентность, обучение иностранному языку.

ӘОЖ 81.37.016

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ АУТЕНТТІК МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ТИІМДІ ЖӘНЕ МАҢЫЗДЫ РОЛІ

Саматаева Г.А.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

***Аңдатпа.** Аутентті материалдар талқылау, өз ойын жеткізу қабілеттерін дамытуда жақсы қызмет атқарады. Бұл материалдардың қатарына: газет- журнал мәтіндерін, бейне материалдарды, мультфильмдерді жатқызуға болады. Аутентті материалдармен жұмыс сабақтың қызықты өтуіне себепші болады, екіншіден, сабақта оқушылардың өздігінен жұмыс істеу қабілетін, өзіндік пікір қалыптастыру қабілеттерін дамытуға үлес қосады.*

***Кілт сөздер:** Аутентті, материалдар, талқылау, қабілеттер, дамыту, қызмет, газет, журнал, мәтіндері, бейне материалдар, мультфильмдер, жұмыс сабақ, оқушылар, өздігінен жұмыс, өзіндік пікір.*

Қоғамның өзгеруіне байланысты заманауи технологиялар сабақ шеңберін кеңейтуге және оқытудың қызықты формаларын қолдануға мүмкіндік береді. Осындай формалардың бірі бейне сабақ болып табылады, оның ішінде аутенттік мультипликациялық, көркем, бейне және ғылыми танымдық фильмдерді қолдануға болады.

Аутенттік фильмдер ағылшын тілін үйрету үрдісі кезінде эмоционалды әсер береді. Өйткені, аутенттік бейнематериалдар таза, шынайы, табиғи әрі тілі болып табылады. Сонымен қатар, көптеген аутенттік фильмдерді түпнұсқасында көру мәдениетін арттыру үшін қажет. Мысалы, сюжет арқылы оқиға болып жатқан қаланың көрнекі орындарымен танысуға болады, тілін үйреніп жатқан елдің мерекелері мен дәстүрлерінің ерекшеліктерімен де танысуға болады. Сабақта бейнематериалдарды қолдану тәсілі білім сапасын арттырумен қатар, коммуникативті әрекеттердің тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу (жаттығуларды орындау барысында) сияқты түрлерін қолдануға көмектеседі. Сонымен қатар, ағылшын тілі сабағында аутенттік бейнематериалдарды қолдану оқушылардың қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттырады, өздігінен жұмыс істеуге деген ынтасын арттырады. Аутенттік бейнематериалдарды қолдану зейін және есте сақтау, тыңдап түсіну қабілетін дамытуға көмектеседі. Дегенмен тыңдап түсіну, әсіресе аутентті аудиоматериалдарды қабылдау кезінде көптеген қиындықтар туғызады. Жалпы тыңдап түсіну дағдыларын қалыптастыру үшін аутентті, жартылай аутенттік аудиоматериалдар пайдаланылады. Жартылай аутентті материалдарды, яғни белгілі бір жағдайға байланыста қысқартылған, өңделген мәтіндерді тыңдап түсіну қиынғасқотырмайды, ең қиыны аутентті материалды түсіну болып табылады.

Аутенттілік өз негізін 1970 жылдары пайда болған тілді коммуникативті оқыту бағдарламасының шығуынан бастау алған. Аутенттілік грек тілінен аударғанда "негізгі", "түпкі" деген мағынаны білдіреді. Аутентті материал дегеніміз, longman сөздігіне сүйенсек, табиғи сөйлеу мен жазылым әрекеттерінің дәрежесінде қарастырылған тілдік материалдар [1].

Аутентті мәтін - нағыз түпкі негізде сол тіл өкілі тарапынан жазылған мәтін. Ал, Крамштың пайымдауынша "аутенттік мәтіндер дегеніміз педагогикалық салада емес, табиғи күйінде, күнделікті қарым қатынаста қолданылатын мәтіндер"[4]. Г.Видоусон, Д.Нунан сияқты белгілі лингвистердің деректеріне сүйенсек, аутентті материал дегеніміз-шетел тілін үйренушілерге емес, сол тілде сөйлейтіндерге арналған, яғни материалды қолданушылардың өзара қатынасы және қолдану жағдайларында туындайтын тілдік материал. Сөйлемдердің бұл түрлері, әсіресе, газет мақалаларның тақырыптарында көптеп кездеседі. Морроудың айтуы бойынша, "аутенттік мәтін - нағыз тілдік, нақты динамикті әсер ететін, белгілі бір аудиторияға нақты мәлімет беру үшін нағыз спикер немесе жазушы тарапынан түпкі негізде жазылған мәтін.

Аутентті материалдар талқылау, өз ойын жеткізу қабілеттерін дамытуда жақсы қызмет атқарады. Бұл материалдардың қатарына : газет- журнал мәтіндерін, бейне материалдарды, мультфильмдерді жатқызуға болады. Аутентті материалдармен жұмыс сабақтың қызықты өтуіне себепші болады, екіншіден, сабақта оқушылардың өздігінен жұмыс істеу қабілетін, өзіндік пікір қалыптастыру қабілеттерін дамытуға үлес қосады.

Жалпы әдістемелік әдебиеттерде тыңдап түсінуге үйрететін жаттығулардың екі тобы көрсетілген ол дайындық жаттығуы және коммуникативті жаттығу. Дайындық жаттығуы барлық жағдайда маңызды орын алады себебі ол таныс емес құбылыстарды анықтауға көмек береді.

Аталған дағдыларды қалыптастыру және оны жетілдіру үшін келесідей жаттығуларды орындаған жөн:

- бірнеше жұп сөздерді тыңдап, оларды қайталау
- берілген интонацияны сақтай отырып, фразаларды қайталау
- бір қатар сын есімдерді немесе басқа есімдерді теріп жазу және оларды аудару.

- мәтінді тыңдап, қалып қойған сөздерді толтыру
- ұзақ фразаларды диктордан кейін қайталау
- тірек сөздерді қарап шығып, аудиомәтіннің тақырыбын атау

Жоғарыда атаған жаттығулардың есту қабілетін сонымен қатар есте сақтау қабілетін жетілдіруде маңызы зор. Аутентті аудиоматериалды қолдана отырып қайта құру, жандандыру, дамыту іскерліктерін жетілдіруде келесі жаттығуларды орындауға болады:

- мәтінді тыңдап, тезис құрастыру; мәтінді тыңдап, сөз болған тақырып бойынша проблемалық мәселелерді талқылау;

- мәтінді тыңдап, оған төмендегі жоспарды қолдана отырып рецензия құрастыру.

Берілген жаттығулардың маңызыдылығын айта келе, басқа да тиімді жаттығуларға тоқталсақ. Сабақ басталғанда, фонетикалық жаттығуретінде келесі жаттығуларды ұсынуға болады:

- сөйлемді тыңдай отырып, сұралы сөйлемдерді естігенді қолдарыңды көтеріңіздер. тыңдаған сөздеріңнің ішінде дауысты және дауыссыз дыбыстардың санын қанша екенін анықтандар

- сөздерге қойылған екпінді тауып, оның рөлін анықтандар.

- мақалада берілген мәселе бойынша талқылауға сұрақтар дайындау;

- мақалалармен танысу және олардың түсініктерін тексеру (true or false);

- мәтіннен сөз тіркестердің баламасын іздеу; мақала бойынша әңгіме құру, интервью алу және рөлдік ойындар;қысқаша аннотация құру;

Аутентті аудиоматериалдармен жұмыс жасау барысында оқушылармәтінің негізгі мазмұнын айқындау, өз ойын жеткізу,жаңа, таныс емессөздермен жұмыс жасау секілді тапсырмаларлы орындайды. Ал бұл өзкезегінде оқушылардың сөйлесім әрекетінің дамуына ,өз бетімен жұмысжасау,өзіндік пікірдің қалыптасуына жақсы әсер етеді.Шетел тілін үйренуде тындап түсінудің тиімді жақтарына тоқталакетсек, аудиоматериал – тілді үйренушінің жаңа сөздерді есте сақтауқабілеті мен сөздік қорын арттырады, грамматикалық құрылымдыигеруге, есту қабілетін арттырып, бір сөйлем шеңберіндегі сөздерді дұрысайтып, екпінді дұрыс қоя білуге үйретеді,психологиялықауыртпалықтарды төмендетіп, тілдік қызметті арттыра отырып,шетелтілін үйренуге деген қызығушылықтың әрі қарай дамуына әсерін тигізеді [2].

Шет тілін меңгеруде сабақ барысында аутентті видеоматериалдардықолдану: екі түрлі ынталандырушылық қабілетін дамыта алады: өзіндікынталандырушылық ол берілген фильм өздігінен қызықты болса жүзегеасырылады; екіншісі: студент фильмді көру барысыныда сөздерді түсінуіоны ынтадандырып одан әрі үйренуіне апарады. Сабақ барысында аудиоматериалдарды қолдану көптегенжағдайларды моделдеуге яғни әртүрлі жағдайларды сөйлеу әрекетінмысалы, сол елдің мәдени спецификалық ерекшеліктерін қабылдауқабілеті.

Аутентті бейнематериалдармен жұмыс жасау басқа ұлт мәдениетін,дәстүрін танысуға, өзара еркін тіл алмасуға көмектеседі, ал бұл өзкезегінде оқытудың ең негізгі мақсаты болып табылады.Аутентті фильмдерді қолдануда жақсы жетістікке жету үшін оныпрактикада дұрыс қолдану жолдарын белгілеп алу қажет. Ең алдыменоқытудың мақсаты мен міндеттерін анықтап алу қажет яғни белгілі бірфильмді көрсету арқылы қандай мақсатқа жететінімізді анықтап алуымызкерек. Отандық және шетелдік зерттеу жұмыстарында материал таңдаужұмысына үлкен мән берілді. Аутентті бейне немесе аудиоматериалдардың жалпы мазмұнын түсіну аса қиын емес,ал мәтіндіанық,нақты түсінуде қиындықтар кездесіп жатады [3].

Аутенттік мәтіндер дегеніміз не? Олар қандай мәтіндер деген ой келеді. James Harmer –дің айтуы бойынша аутенттік мәтін деп – ана тілі болып саналатын адамдарға арналған мәтіндер деп есептейді. Лингвистикалық тұрғыдан мән берсек аутенттік мәтіндер өзгеше лексикамен ерекшеленеді: есімдік, шылаулар, одағай сөздер, эмоциялы-экспрессивті бояу, сөз тіркесі, фразеологизмдер, заманға сай сөздер және сөйлемдердің толық ашылмауы, қысқа сөйлемдердің көп қолданылуы жатады. Аутенттік мәтінде ауызекі сөйлеудегі лексика, ұлттық-мәдениет компоненттері, күнделікті өмірде қолданылатын лексика тән. Ол оқушыға оқып жатқан тілінің ұлттық-мәдениетін танып білуге және сол тіл ана тілі болып табылатын адамдай тілді игеруге көмектеседі.Аутенттік емес мәтіндер дегеніміз – шетел тілі ана тілі болып табылмайтын оқушыларға арналған мәтіндер. (Мысалы English in mind for Kazakhstan кітабы).

К.С.Кричевскийдің методикасы бойынша аутенттік мәтіндерді қолдану саласы бойынша мынандай классификация ұсынған:

- кәсіптік оқу саласы бойынша (учебно-профессиональная)
- әлеуметтік-мәдениет саласы (социально-культурная)
- тұрмыстық сала (бытовая сфера общения)
- сауда-коммерциялық сала (торгово-коммерческая)
- отбасылық-тұрмыстық сала (семейно-бытовая)
- спорттық-сауықтыру саласы (спортивно-оздоровительная)

Жоғарыда келтірілген классификация Г.И.Воронинаның классификациясына ұқсас. Г.И.Воронинаның айтуы бойынша аутенттік мәтіндер анна тілі болып табылатын адамдардың күнделікті өмірдегі қарым-қатынастан алынған мәтіндер.

Шетел елдердің методистерінің жұмыстарынан мынандай терминдерді кездестіреміз. Жартылай аутенттік (semi-authentic texts), өңделген аутенттік мәтін (edited authentic texts), бейімделген аутенттік мәтіндер (roughly-tuned authentic texts), аутенттік мәтінге жақын мәтін (near-authentic texts), аутенттік мәтінге ұқсас (authentic-looking texts), оқыту-аутенттік мәтіндер (learner authentic texts). Барлық анықтамалар бір ғана ойды білдіреді. Ол – аутенттік және методикалық мәтіннің өңделуі екі бөлек нәрсе деп қарастыра алмаймыз.

Г.И.Воронина аутенттік мәтіннің екі түрін ажыратқан:

Функционалдық -нұсқаулық, түсіндірмелі, жарнамалаушы, ескерту қызметтерін атқарады. Мысалы: нұсқаулар, жол белгілері, схемалар, диаграммалар, суреттер, театральдық программалар.

Ақпараттық – үнемі жаңарып отыратын ақпараттық қызмет атқарады. Оған – мақалалар, сұхбат, сауалнама, хабарландыру, статистика талдауы, графика, жарнама, түсініктеме, репортаж және т.б. жатады.

Аутенттік мәтіндердің қолдануының бірнеше тиімсіз жақтары бар. Кейбір материалдар қиын тілде жазылған, тақырыптан тыс лексикалық бірліктер, оқушының түсінуіне қиын соғатын сөздер.

Ағылшын тілін оқыту барысында өлеңдерді қолдану оқушылардың шығармашылығының дамуына әсер етеді. Өлеңнің мәтіні қиын емес екендігін көргеннен кейін оқушы білетін сөздері мен әуені арқылы өзі қалаған өлең құрастыра алады. Қарапайым сәлемдесу мен көңіл-күйді өлеңдетіп айтуға болады. Мысалы; американдық методист, ағылшын тілі мұғалімі Кэрол Грэхэм өзінің «Jazz Chants» атты өлеңімен дәлелдеді. Оның американдық ағылшын тілінің ритмикалық джаз стилінде жазылған өлеңі дәлел. «Jazz Chants» есту-дыбыстау дағдыларын қалыптастыруға арналған.«Jazz Chants» сабақ барысында топтық жұмыспен де және де өзіндік жұмыста да қолданыла алады.

SH! SH! BABY'S SLEEPING I said, Sh !Sh! Baby's sleeping! I said, Sh! Sh! Baby's sleeping!
What did you say?What did you say? I said, Hush! Hush! Baby's sleeping! I said, Hush! Hush!
Baby's sleeping! What did you say?What did you say? I said, Please be quiet, Baby's sleeping!
I said Please be quiet, Baby's sleeping!What did you say?What did you say?
I said, Shut up! Shut up! Baby's sleeping! I said, Shut up! Shut up! Baby's sleeping!WA-A-A-A-
ANot any more.

Өлеңді таңдау кезінде материал қандай болу қажет соған мән беру қажет.

- а) оқушының мәдениеттік компонентін қалыптастыру.
- б) оқушының эмоционалдық және мотивациялық қасиетін қалыптастыру.
- в) оқушылардың есту-тыңдау, интонациялық және лексико-грамматикалық дағдыларын қалыптастыру.
- г) оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай болу қажет.

Аутенттік мәтіндердің 3 түрінажыратуға болады.

- ақпараттық мәтіндер (мақала, хабарлама, сұхбат, өзекті ақпарат, хабарландыру, жарнамат.б.) ақпараттық қызмет атқаратын жаңа ақпарат және фактілер.
- Өңделмеген көркем әдебиет мәтіндер.
- Функционалдық күнделікті тұрмыста қолданылатын мәтіндер (вывеска, этикетка, картасхемасы, театр кестесі, теледидар және т.б.)

Сондықтан аутенттік материалдарды тыңдап түсінуде әдіскер ғалымдар әр түрлі жолдарды ұсынады. Кейбір әдіскерлер мәтінді бірнеше рет қайтара тыңдату ондағы барлық элементтерді түсінуге көмектеседі десе, енді бірі қиындықтарды алып алу жаттығуларын орындауды яғни тыңдар алдындағы жұмысқа көпкөңіл бөледі [4].

Тағы бір топ аутентті материалдағы сөйлеу темпін баяулатумәтінді толық түсінуді жеңілдетеді. Егер материалдың сөйлеу темпі баяуболса, оны түсіну оңайырақ болады, ал сөйлеу темпі өте жылдам болса онытыңдап түсіну де қиынырақ болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мятова М.И. Использование видеofilьмов при обучении иностранному языку в средней общеобразовательной школе // Иностраные языки в школе, 2006. – №4. – С. 31 – 32.
2. Антонова И.В. Просмотр аутентичных художественных фильмов, как способ совершенствования коммуникативной компетенции в области английского языка // Молодой ученый, 2011. – №6. – Т.2. – С. 119 – 122.
3. Барменкова О.И. Видеозанятия в системе обучения иностранной речи // Иностраные языки в школе, 1999. – №3. – С. 20 – 25.
4. Носонович Е.В., Мильруд Р.П. Параметры аутентичного учебного текста // М.ИЯШ 2004, – №4, – С. 74-78.

ӘОЖ 81.37.016

ЭФФЕКТИВНОСТЬ И ВАЖНАЯ РОЛЬ МАТЕРИАЛОВ АУТЕНТА В ПРЕПОДАВАНИИ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Саматаева Г.А.

Западно - Казахстанский инновационно - технологический университет, г. Уральск

***Аннотация.** Аутентичные материалы являются хорошей базой для обсуждения, развития своих мыслительных способностей. К числу этих материалов можно отнести: газетно - журнальные тексты, видеоматериалы, мультфильмы. Работа с аутентичными материалами способствует интересному прохождению урока, во-вторых, способствует развитию способностей учащихся к самостоятельной работе на уроке, способности к формированию собственного мнения.*

***Ключевые слова:** аутентичный, материалы, обсуждение, способности, развитие, деятельность, газеты, журналы, тексты, видеоматериалы, мультфильмы, рабы. с урок, учащиеся, самостоятельная работа, самостоятельное мнение.*

ӘОЖ 81.42

АЛТЫН ОРДА МҰРАЛАРЫ ТІЛІНДЕГІ ӘЛЕМНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІН ЗЕРТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Жантуриева Г. Б.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

***Аңдатпа:** Мақалада әлемнің тілдік бейнесі ұғымы жан-жақты қарастырылады. Әлемнің тілдік бейнесі тақырыбы аясында зерттеу жасаған ғалымдардың жан-жақты пікірлері мен көзқарастары талданады. Әлемнің тілдік бейнесі терминін ғылымға енгізген ғалым Л.Вейсгербердің аталмыш термин бойынша ұсынған сипаттамалары берілген. Алтын Орда мұраларының тарихи құндылығы сөз болып, бұл шығармаларды әдеби және тілдік тұрғыдан зерттеуге еңбек сіңірген ғалымдардың ғылыми жаңалықтарына шолу жасалады. Бұл мұралар тілінің әлі де зерттеуді қажет ететін тұстары бар екені аталып, зерттеудің басты мақсаты мен зерттеу нысандары*

айтылған. Алтын Орда мұралары тіліндегі әлемнің тілдік бейнесін фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерден іздеудің себептері айтылады.

Кілт сөздер: *әлемнің тілдік бейнесі, мәдениет, өркениет, Алтын Орда мұралары, фразеологизм, мақал-мәтел, дүние таным*

Тіл – өз бойында халықтың төл тарихы мен мәдениетін, талғамы мен танымын, болмысы мен танымын бірлікте сақтай алатын таңбалық жүйе әрі мәдениет көрсеткіші. Тіл мен мәдениеттің байланысы тілдің ойлаудың дамуын көрсетіп, мәдени мұраны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге ықпал ететіндігінен туындайды. Адам өмір бойы дүние тану кезінде өз білімін сөз арқылы танытады, кейінге жеткізеді. Осыған орай, адамзат жасаған рухани және материалдық мәдениеттің тіл арқылы жарыққа шығуы – тіл білімінде лингвомәдениеттану саласының берік негізін қалыптастырды. Лингвомәдениеттанудың негізгі қызметі – белгілі бір халық тіліндегі мәдени мазмұнды танытатын ұлттық-мәдени сөздердің шығу төркіні мен мәдени семантикалық негізін анықтау.

Халықтың әлемді танып білуі, дүниетанымы ешкімге ұқсамайтынын, өзіндік жекелігімен ерекшеленетінін зерттеулер нәтижесі дәлелдеп отыр. Әр халық әлемді өзінше, өзінің табиғатты, әлемді көру, тану деңгейіне қарай түсініп қабылдайды. Әлемді танып білу мен көріп қабылдауға байланысты әр ұлттың мәдениеті басқа мәдениеттен ерекшеленеді. Сонымен қатар кез келген тіл иесінің ой-санасында оның өзіне ғана тән, ешкімге ұқсамайтын әлемнің тілдік бейнесі орын тапқан. Сол арқылы әлемді көріп біледі, жетік таниды. Яғни, әлемнің тілдік бейнесі – тілдік бірліктер түрінде сақталғатын білім мен түсінік жиынтығы.

Әлемнің тілдік бейнесі туралы түсінік бір күнде немесе жылда, тіпті бір ғасырда қалыптаса қоймаған. Ол өз қайнар көзін ежелгі философ ойшылдардың еңбегінен алады. Аристотель, Платон, Сократ, әл-Фараби сынды ойшылдар бұл терминге теориялық тұрғыдан анықтама бермегенімен, тілдік бейне, таным-түсінік деген ұғымдарды өз еңбектерінде қолданған.

Әлемнің тілдік бейнесінің тілді көрініс табуы қалай жүзеге асады деген сұраққа жауап іздей келе, Н.Ю. Шведова «Язык, культура, общество: проблемы развития» (1986) атты еңбегінде: «Тілдің әлем бейнесі дегеніміз – халықтың көп ғасырлық тәжірибесі негізінде және тілдегі бірліктер арқылы жасалатын бүкіл тіршіліктің бүтін және бөлшекті әлем ретіндегі бейнесі. Өз құрылымында ол, біріншіден, оның материалдық және рухани өмірін, екіншіден, оны қоршаған кеңістік пен уақытты, тірі және тірі емес табиғатты, адам өзі ойлап тапқан мифтер социумды көрсетеді.» [1]

Әлемнің тілдік бейнесі терминін ғылыми қолданысқа неміс лингвисті Иоганн Лео Вайсгербер 30-жылдары енгізген. Өзінің «Связь между родным языком, мышлением и действием» атты мақаласында адам санасының әлемнің тілдік бейнесі ұғымына салыстырмалы түрде талдау жасап, әлемнің тілдік бейнесі сол ұлттың ұлттық ерекшелігімен тікелей байланыста екеніндігін дәлелдейді.

Л.Вейсгербер «Тіл мен философия» атты мақаласында терминологиялық жүйеге «әлемнің тілдік бейнесі» ұғымын енгізе отырып, өзінің лингвофилософиялық тұжырымдамасын ұсынды. Ғалымның ойынша, әлемнің тілдік бейнесін беретін негізгі сипаттамалар төмендегідей: 1) әлемнің тілдік бейнесі – нақты тілдік жалпылық мәдениеті мен ділінің өзгешелегін айқындайтын рухани мазмұнның және тілдің өзінің өмір сүруі мен қызметін қамтамасыз ететін тілдік мазмұнның жүйесі; 2) әлемнің тілдік бейнесі, біріншіден, этнос пен тілдің тарихи дамуы нәтижесінде, екіншіден, олардың әрі қарай өзіндік жолмен дамуынан қалыптасады; 3) әлемнің тілдік бейнесі біртұтас тірі ағза ретінде айқын құрылымға ие және тілдік бейнеленуі көпдеңгейлі болып табылады; 4) әлемнің тілдік бейнесі уақыт кеңістігінде өзгеріп, кез келген тірі ағза тәрізді дамып отырады, яғни тікелей мағынада әрбір келесі даму кезеңінде бұрынғысына сәйкес келе бермейді; 5)

әлемнің тілдік бейнесі әлемді көру мен оны тіл құралдарымен бейнелеудің тілдік және мәдени өзгешелігін бекітуге мүмкіндік туғыза отырып, тіл мәнін біртекті түзеді; б) әлемнің тілдік бейнесі жалпылықтың біртекті өзгеше өзіндік санасында көрініс тауып, келесі ұрпаққа дүниетаным, мінез-құлық тәлімі, өмір сүру салты тілдік құралдарда сақталу арқылы беріледі; 7) белгілі бір тілдің әлем бейнесі сол тілді тұтынушыларда аралық әлем арқылы қоршаған әлем туралы көріністерді қалыптастыратын тілдің көркейткіш күші болып табылады; 8) нақты тілдік қауым әлемнің тілдік бейнесі, сонымен қатар оның жалпы мәдени игілігі болып табылады [2].

Зерттеу нысанамызға алып отырған Алтын Орда мұраларындағы әлемнің тілдік бейнесі сол кездегі ұлттық менталитеттің өзіндік ерекшелігімен айқындалады. Тілдік көркемдік-әдеби тәсілдері авторлардың дүниеге деген қатынасын суреттеп, ұлтымызға тән ойлау процесінің негізгі ерекшеліктерінен хабар берері хақ.

Әлемнің тілдік бейнесіне «тілдің ішкі формасы, сөйлем, сөздің мағыналық жағының өзгеруі, оның ауыспалы мағынада қолданылуы, эмоционалды-эксперссивтік рендер» және т.б. жатады.

Әлемдік өркениет тарихында ерекше орны бар Алтын Орда дәуіріндегі шығармалардың көпшілігі қыпшақ тілінде жазылды. Өйткені орта ғасырдағы әдеби жәдігерлердің тілінде қыпшақ тілінің элементтері көбірек кездесті. Бұлай болу себебі де ескерткіштер жазылған кез сол замандағы тарихи оқиғаларға тікелей қатысты болатын [3].

Қазақ әдебиеті тарихы ғылымында Алтын Орда әдеби ескерткіштерінің зерттеле бастауы профессор Б.Кенжебаевтың атымен байланысты. 1914 жылғы Қазан баспасынан алынған әдеби мұра бірінші рет профессор Б.Кенжебаевтың жетекшілігімен 1967 жылы шыққан «Ертедегі әдебиет нұсқалары» атты хрестоматияға енгізіледі де, сол кездегі ғылымдағы елеулі жаңалыққа, бетбұрысқа айналады. Бұл ретте тілші ғалымдар Ғ.Айдаров, Д.Құрышжанов, Н.Томановтар 1971 жылы жарияланған «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» деген оқулықта тілдік-лингвистикалық жағынан зерттеліп, ескерткіштің жазылу тарихы мен көшірмелері туралы елеулі, маңызды мәліметтер беріледі.

Ғалым Мұрат Сабыр XIII-XIV ғасырларды Алтын Орда дәуірінде жазылған жазба ескерткіштер тілі көне қыпшақ тілі ретінде кешенді қарастырылып, қазақ тілімен сабақтастығын жан-жақты зерттеген. Көне қыпшақ тілі мен қазіргі қазақ тілінің ұқсастықтарын, диахрондық тұрғыдан байланыстылығын, айырмашылықтарын саралай келе, ғасырдан ғасырға ұласқан тіл сабақтастығын анықтаған. Жазба ескерткіштер тілінің қазақ тіліне қатысы, жақындығы нақты тілдік деректермен көрсетіліп, фоно-морфо-семантикалық деңгейдегі ұқсастықтарын жан-жақты қарастырған.

Қыпшақ тілінің, оның ішінде қазақ тілінің тарихына көз жүгірткенде Алтын Орда, IV ғасыр жазба жәдігерлерінің тіліне сүйенеміз. Атап айтсақ, Құтыптың «Хұсырау-Шырын», сейф Сараидің «Гүлистан би-түрки», Хорезмидің «Мұхаббат-наме», Махмуд бин-Алидің «Надж әл-Фарадис» атты шығармаларында кездесетін фразеологиялық бірліктерді саралау, олардың этномәдени сипатын анықтай отырып, әлемнің ұлттық тілдік бейнесі ретінде зерттеу аса өзекті мәселе болмақ. Әлемнің тілдік бейнесін тудыруда фразеологизмдер үлкен рөл ойнайды [4]. Жоғарыда аталған Алтын Орда мұраларының тіліндегі фразеологизмдерді теру, шығу төркінін анықтау, олардың мағынасын талдау, онадғы әлемнің тілдік бейнесін табу аталмыш зерттеу жұмысының басым бағыттарының бірі болмақ.

Алтын Орда мұраларындағы әлемнің тілдік бейнесі көрініс табатын тілдік бірліктердің бірі - мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдер – сол халықтың тұрмыс-тіршілігінің, салт-дәстүрінің, тәлім-тәрбиесінің айнасы. Аталмыш кезеңде жазылған әдеби мұраларда сол кездегі халықтың өмір салтынан хабар беретін мақал-мәтелдер баршылық. Осы

зерттеу жұмысы барысында мақал-мәтелдерді тақырып бойынша жіктеп, ондағы ғаламның тілдік танымын анықтаймыз.

Қорытындылайтын болсақ, «Бүкіл әлемдік мәдениет мойындаған бұндай қымбат ескерткіштерді елеусіз қалдыруға болмайды» деп ежелгі және орта ғасырлар әдебиетін зерттеген білікті ғалым Х. Сүйіншәлиев айтқандай[5], Алтын Орда мұралары – әлемдің мәдениеттің баға жетпес мұрасы, қазақ әдебиетінің орта ғасырлардағы тарихынан хабар беретін құнды жәдігер. Сондықтан да әр шығарманың тілін жете зерттеп, әр тілдік құрылымдардан әлемнің тілдік бейнесін ашу маңызды болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – М.:Русские словари, 1997
2. Брутян Г.А. Языковая картина мира и ее роль в познании//Методологические проблемы языка. – Ереван, 1976.
3. Сабыр М. Көне қыпшақ тілі мен қазақ тілінің фоно-морфо-семантикалық сабақтастығы. – Алматы, 2021
4. Сабыр М. Алтын орда мұралары тіліндегі әлемнің тілдік бейнесі. –Тілтаным №2, 2022
Сүйіншәлиев Х. Ғасырлар поэзиясы. Зерттеулер. – Алматы, 198

ӘОЖ 81.42

АКТУАЛЬНОСТЬ ИССЛЕДОВАНИЯ ЯЗЫКОВОЙ КАРТИНЫ МИРА НА ЯЗЫКЕ НАСЛЕДИЯ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ

Жантуриева Г. Б.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аннотация: В статье подробно рассматривается понятие языковой картины мира. Анализируются всесторонние мнения и взгляды ученых, проводивших исследования в рамках темы языковой картины мира. Дается характеристика, предложенная ученым Л. Вайсгербером, который ввел в науку термин языковая картина мира. Речь идет об исторической ценности наследия Золотой Орды, дается обзор научных открытий ученых, заслуживших литературное и языковое изучение этих произведений. Отмечается, что этот язык наследия имеет и те аспекты, которые требуют изучения, и в нем изложена основная цель исследования и объекты исследования. Упоминаются причины поиска языковой картины мира на языке наследия Золотой Орды во фразеологизмах и пословицах.

Ключевые слова: языковая картина мира, культура, цивилизация, наследие Золотой Орды, фразеологизм, пословица, познание мира

УДК 378.147

ТЕОРЕТИКО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ В ОБУЧЕНИИ ГОВОРЕНИЮ НА АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ

Тургаева М.И.

Западно - Казахстанский инновационно -технологический университет, г. Уральск

Аннотация: Коммуникативный подход в обучении говорению пользуется популярностью, при этом роль педагога и обучаемого качественно меняется. В данной статье ведущие практики в области методики обучения говорению английского языка, такие как Д.Ричардс дают определение коммуникативному подходу и выделяют аспекты коммуникативной компетенции; Д.Хармер выделяет причины, по которым осуществляется говорение, С.Торнби предлагает каким образом необходимо развивать навык говорения.

Ключевые слова: Языковая компетенция, коммуникативная компетенция, коммуникативный подход, говорение, микронавыки, продуктивный вид речевой деятельности, коллаборация, фасилитатор.

При планировании языкового разговорного курса необходимо определить содержание, например, какую грамматику и лексику изучать на начальном, среднем и продвинутом уровнях, какие навыки и микронавыки обучать и в какой последовательности. Все вышеупомянутое относится к области создания силлабуса, однако каким образом осуществляться обучение, относится к разделу методики преподавания английскому языку. В истории обучения английскому языку как иностранному или второму иностранному языку существовали различные методы и приемы, так как большая роль отводилась коммуникативной компетенции был создан коммуникативный подход. Тренды в обучении английскому языку можно условно разделить на три фазы:

1. Традиционные подходы (до 1960 гг).
2. Классический коммуникативный (1970-1990).
3. Современный коммуникативный (конец 1990 и по настоящее время).

Ранее изучение языка происходило через ряд контролируемых практик на грамматику и сводилось к заучиванию диалогов и упражнений, позже на смену пришли парные виды работ, групповая работа, проектная работа и ролевые игры. Согласно Д.Ричардсу коммуникативный подход – это совокупность принципов включающий: цели обучения языку, как обучаемые изучают язык, какие активности применяются, способствующие обучению, а также роль учителей и обучаемых на занятии. «Communicative language teaching can be understood as a set of principles about the goals of language teaching, how learners learn a language, the kinds of classroom activities that best facilitate learning, and the roles of teachers and learners in the classroom». Коммуникативная компетенция включает в себя следующие аспекты:

1. Знание того, как использовать язык для целого ряда различных целей и функций.
2. Знание того, как варьировать использование языка в зависимости от обстановки и участников (например, знание того, когда использовать официальную и неформальную речь или когда использовать язык надлежащим образом для письменного, а не устного общения).
3. Знание того, как создавать и понимать различные типы текстов (например, повествования, отчеты, интервью, беседы).
4. Знание того, как поддерживать общение, несмотря на ограничения в знании языка (например, путем использования различных видов коммуникационных стратегий)[1].

Роль педагога и обучаемого при коммуникативном подходе претерпела изменения, так от обучаемых требуется больше коллаборации, нежели индивидуализм, умения слышать собеседника при выполнении различного рода активностей в парной и групповой формах работы, принятие ответственности за свой прогресс. В то же время педагог становится фасилитатором и наблюдателем, теперь уже не несущий первичную ответственность, именно за безошибочность говорения обучаемыми [1]. Например, развитие навыка говорения начинается с заданий, который на первый взгляд не имеют

отношения к устной речи. Для этого необходимо научить замечать языковые закономерности в различных ситуациях, который в последствии поможет создать целый пласт повторяющихся слов и выражений (необходимо работать с разными аудио- и видео материалами TedTalks, BBC 6minutes, подкасты, фильмы, мультфильмы, песни, саундтреки, живые трансляции спортивных мероприятий) при этом делать акцент на особенности языка; при условии того, что задания соответствуют уровню обучаемого.

М.В. Вербицкая характеризует говорение, как «продуктивный вид речевой деятельности, посредством которого (совместно с аудированием) осуществляется устное вербальное общение. Содержанием говорения является выражение мыслей в устной форме. Продуктом говорения является речевое высказывание (текст), а в качестве единицы говорения выделяется речевое действие». Существуют такие формы устной речи: диалог, монолог и полилог.

Для того, чтобы акт говорения осуществился необходимо наличие следующих условий:

1. Потенциальный стимул к говорению, выражающийся в наличии речевой ситуации.
2. Наличие знаний о предмете разговора, точно «питает» мысль говорящего, определяет то, что он говорит.
3. То, как говорящий относится к объекту речи. Это обычно зависит от прошлого опыта субъекта и его мировоззрения, чувств, эрудиции.
4. Должна быть цель выражения мыслей человеком, то есть зачем он говорит в данной ситуации, причем в момент говорения человек может еще не осознавать эту цель, но она всегда есть. В противном же случае его речь не будет иметь коммуникативной направленности.
5. Наличие средств, с помощью которых говорящий выражает свои мысли и чувства. Такими средствами считаются речевое умение и составляющие его навыки.

Интересным представляется тот факт, что в процессе обучения устной речевой деятельности возникает конфликт между вторым и третьим условиями с одной стороны, и с пятым с другой. Иными словами, очень часто бывает, что у обучаемого есть знания, мысли и желание высказаться по какой-то теме или проблеме, но он не может подобрать средства выражения.

Таким образом, отметим наиболее важные с методической точки зрения качества говорения как одного из видов речевой деятельности.

1. Ситуативность говорения: при формировании, развитии и совершенствовании устной речи необходимо избегать фраз не ситуативного характера.
2. Целенаправленность и мотивированность говорения: при организации учебного процесса использовать условно-речевые и речевые упражнения, стараться мотивировать речевую деятельность обучаемых.
3. Неразрывная связь мышления и говорения, следовательно, устную речь необходимо развивать посредством решения коммуникативных задач.
4. Говорение на уровне умения — это всегда продукция, а не репродукция готового.

Следовательно, нужно всесторонне развивать продуктивность говорения, спонтанность речи. Для этого нам необходимо разобраться в механизмах, лежащих в основе говорения [2].

Говорение представляет собой вид речевой деятельности, посредством которого (совместно со слушанием) осуществляется устное вербальное общение. Говорение может обладать различной сложностью, начиная от выражения эффективного состояния с помощью простого восклицания, названия предмета, ответа на вопрос и заканчивая самостоятельным развернутым высказыванием, переход от слова и фразы к целому высказыванию связан с разной степенью участия мышления и памяти. Джереми Хармер выделяет три основные причины, которые способствуют говорению, первая – это своего

рода репетиция, то есть возможность практиковать говорение в безопасной учебной обстановке, инсценируя реальные жизненные ситуации. Во-вторых, при выполнении заданий на говорение и использовании какой-то части или целого языкового элемента, обучаемые также как и педагог получают обратную связь, это дает шанс понять прогресс, и оценить сложности, с которыми обучаемые сталкиваются. В конечном итоге, чем больше обучаемые получают возможностей активизировать различные элементы языка, которые они помнят, тем более автоматизированными они становятся. В результате обучаемые становятся автономнее, и способными выразиться на английском языке бегло без особой вдумчивости. «Firstly, speaking activities provide rehearsal opportunities - chances to practise real-life speaking in the safety of the classroom. Secondly, speaking tasks in which students try to use any or all of the language they know provide feedback for both teacher and students. Everyone can see how well they are doing: both how successful they are, and also what language problems they are experiencing. And finally, the more students have opportunities to activate the various elements of language they have stored in their brains, the more automatic their use of these elements become. As a result, students gradually become autonomous language users. This means that they will be able to use words and phrases fluently without very much conscious thought»

[3]. Хорошо подобранные задания на говорение могут и должны быть увлекательными. Если все обучаемые вовлечены в процесс, они получают огромное удовлетворение при условии того, что педагог разработал задания методически верно и впоследствии предоставляет полезную и благосклонную обратную связь. Согласно Джереми Хармер при планировании урока необходимо четко определить, что должны достичь обучаемые в конце урока (или к примеру, в конце недели, месяца). Большинство педагогов вынуждены планировать свои уроки исходя из рабочей книги по программе, однако при этом важно следовать принципу трех элементов (engage, study and activate) вовлекай – изучай – применяй [3]. Другими словами, обучаемые манипулируют языком в рамках своей компетенции, чтобы достичь цели, которая, по сути, не является чисто лингвистической.

Скотт Торнби в своей книге 'How to teach Speaking' полагает, что обучаемые практикуют говорение как навык с целью выполнить задание, но оно является инструментом, помогающим его выполнить. С точки зрения Скотта Торнби обучаемые будут более уверенными пользователями языка и повысят свою языковую компетенцию при условии что, говорение будет иметь место на регулярной основе. [3].

Следовательно, разговорная деятельность предназначена для того, чтобы спровоцировать "говорение как навык", когда разговора есть цель, которая не просто лингвистическая, как выступления предоставляют возможности для репетиции, давать обратную связь как преподавателю так и обучаемому и мотивировать студентов благодаря их вовлечению, помогать обучаемым автоматически вырабатывать язык – важнейший этап на пути к автономии, вовлечь обучаемых в успешные дискуссии, подчеркнув, что им нужна возможность для репетиции перед обсуждением, научить педагогов корректировать речевую деятельность, не прерывая ее во время выступления, а давая обратную связь позже, а также помогать в выполнении задания с помощью подсказок (и, возможно, даже участием), при условии, что это делается чутко и благосклонно [4].

На основании вышеизложенного материала, можно сделать вывод, что для развития говорения необходим ряд языковых знаний, условий и качеств. Коммуникативный подход требует пересмотра ролей обучаемого и обучающего. Необходимо развивать продуктивность и спонтанность речи путем регулярности выполнения заданий на говорение при наличии цели.

Список использованной литературы:

- 1) Jack C. Richard, Communicative Language Teaching Today, Cambridge University Press, 2006. – 47 с.
- 2) Вербицкая М.В., Интернет-ресурсы: <https://mir-olymp.ru/publication/poniatie-govorenie-kak-vid-rechevoi-deiatelnosti-pri-obuchenii-inostrannomu-iazy>.
- 3) Jeremy Harmer, How To Teach English 2nd edition, Pearson Education Limited, 2010.– 290 с.
- 4) Scott Thornbury, How to Teach Speaking, Pearson Education Limited, Longman, 2009, -163 с

УДК 378.147

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕУДІ ОҚЫТУДАҒЫ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР

Тургаева М. И.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

***Аңдатпа:** Сөйлеуге үйретуде коммуникативті тәсіл танымал, бұл ретте оқытушы мен студенттің рөлі сапалы түрде өзгереді. Бұл мақалада Д.Ричардс сияқты ағылшын тілін оқыту әдістемесі саласындағы жетекші практиктер коммуникативті тәсілді анықтап, коммуникативті құзыреттілік аспектілерін атап көрсетеді; Д.Гармер сөйлеудің жүзеге асу себептерін атап көрсетсе, С.Торнби сөйлеу дағдысын қалай дамыту керектігін ұсынады.*

***Кілт сөздер:** Тілдік құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік, коммуникативтік тәсіл, сөйлеу, микродағдылар, өйлеу әрекетінің өнімді түрі, ынтымақтастық, фасилитатор.*

ӘОЖ 37.013

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ ҮШІН ВЕБ-ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Рахимжанова М. Д.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

***Аңдатпа:** Ағылшын тілі сабақтарында ақпараттық технологияды қолдану арқылы түрлі тақырыптық дидактикалық тапсырмаларды туралы айтылған. Осы ресурстарды қолданудың негізгі мақсаттарының бірі: оқушының оқу дағдыларын дамытуға көмектесу және сабаққа деген қызығушылығын арттыру жолдарын түсіндіреді.*

***Кілт сөздер:** дидактикалық материалдар, оқушы, веб-технологиялар, платформалар, генераторлар, веб сервистер, ресурстар*

Ағылшын тілі сабақтарында ақпараттық технологияды қолдану арқылы түрлі тақырыптық дидактикалық тапсырмаларды дайындауға болады. Бұл ресурстарды қолданудың негізгі мақсаттарының бірі: оқушының оқу дағдыларын дамытуға көмектесу және сабаққа деген қызығушылығын арттыру. Оқушы интернет желісі арқылы түрлі сайттарға тіркеліп, онлайн тапсырмалар орындап, олимпиадаларға қатысуға мүмкіндігі

мол. Ал, мұғалім веб-технологияларды меңгеріп, түрлі заманауи үлгіде тез әрі сапалы сабақ ресурстарын дайындай алады.

Дидактикалық материалдар – мұғалімнің көмекшілері. Әр мұғалімнің мақсаты – сабақты тартымды, әрі қызықты өткізу. Сабақты тиімді ұйымдастыруға, жаңа тақырыпты меңгерту мен пысықтауға, сыныпта немесе үйде өздігінен тапсырмаларды орындауға берілетін оқу құралының ерекше үлгісі (көп жағдайда карталар, кестелер, мәтіндері, цифрлары және суреттері бар топшамалар және т.б.) [1].

Сіздермен өзімнің сабақтарымда қолданып жүрген онлайн платформалар, генераторлар және веб сервистерімен бөліскім келеді.

1. Wordle веб сервисін сабағымыздың түріне байланысты түрлі мақсатта қолдана аламыз. Яғни бұл, сөздер жиынтығы.

Wordle –ді қалай қолдануға болады?

Бұл тапсырмаларды бастауыш, орта буын және жоғарғы сынып оқушыларына тапсырмалардың күрделілігіне байланысты қолдануға болады. Яғни,

- Мәтіндегі түйін сөздерді теріп жазу;
- Бастауыш сыныпта берілген тақырыптық сөздермен қысқа мазмұнды әңгіме немесе ертегі құру тапсырмасын беру. Ал, жоғарғы сынып оқушыларына тақырып бойынша жазбаша жауап беру тапсырмалары;
- Ойға шабуыл;
- Сөз жиынтығына қарап тақырыпты ашу;
- Грамматикалық жаттығуларды орындау барысында. Мысалы: зат есімді, сан есімді, етістікті табу. Антонимдер, синоним және омонимдер табу. Етістіктерді формалары бойынша орналастыру.

• CLIL әдісі бойынша өтілетін пәндерде терминология немесе терминдерді ұсыну. Ағылшын тілінде берілсе, ережесін жазу [2].

- Атпалық жаңа сөздер жиынтығы.

Оқушылар үшін тиімділігі:

- Барлық мәлімет көз алдарында. Жалпы тілді үйрену арқылы меңгереміз. Сондықтан, оқушы тақырыптық сөздерді меңгерсе, барлық оқу үрдісіндегі дағдыларды дамыта алады.

Мұғалім үшін тиімділігі:

- Тапсырманы дайындау өте қарапайым және тез.
- Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде сөздер жаза алады.

№	Атауы	Сайт
1	Wordle	https://wordscldoud.pythonanywhere.com/ http://www.imagechef.com/ic/ru/word_mosaic/




2. Jamboard интербелсенді онлайн тақтасы. Бұл тақтада жазуға, стикерлерді бекітуге және суреттерді қолдануға болады. Сонымен қатар, барлық жазылған материалды pdf және png форматында сақтап алуға болады. Сабақ барысында оқушылардың өз ойларымен бөлісуге, жауап парақшасы ретінде қолдануға немесе кері байланыс алу үшін қолдануға өте ыңғайлы [3].





3. Kialo-edu.com - онлайн платформасы. Сабақ барысында пікірталас немесе тақырыптар бойынша оқушылар көзқарастарымен бөліскенде қолдануға ыңғайлы платформа. Ол үшін Kialo-ның Pro және Con қфукцияларын пайдаланамыз. Пікірталас оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту үшін өте маңызды болып табылады [4].

4. Padlet виртуалды тақтасы - қарапайым және өте ыңғайлы құрал. Оның көмегімен топтық жұмыс және шағын жобалар орындалуға болады. Padlet - әр оқушыға өз жұмысын тақтаға ілуге, ал мұғалімге – оқушылардың жұмыстарына түсініктеме беріп, бағалауға мүмкіндік береді. Padlet сервисінің ішінде әртүрлі функциялар бар: фотосуреттерді, аудио және видео файлдарды, мәтіндік ақпараттарды, сілтемелерді орнатуға және т.б. Сонымен қатар, Google іздеу жүйесіндегі ақпаратты Padlet-тен шықпай-ақ іздей аламыз.



5. Tarsia әдісі. Қағаз қиындыларындағы сұрақтар мен жауаптарды үйлестіре отырып, фигура құрастырамыз. Пәнге қатысты сөздік қор, терминдер, грамматикалық шақтарға байланысты сөйлемдер суреттерді суреттейтін сөйлемдерді табу немесе формулалар және олардың шешімі бойынша тапсырмалар дайындауға болады [5].

6. Plickers статистикалық жұмыс жасау үрдісін жеңілдететін және сыныптың жауабын лезде бағалауға мүмкіндік беретін қосымша. Алдын ала бағдарламаға сыныптың тізімі енгіземіз, сол арқылы әр оқушының сұраққа қалай жауап бергенін білуге болады. Plickers қосымшасы арқылы тақырып соңында тест өткізуге болады. Мұғалім ұялы телефонына немесе планшетіне Plickers-ті орнатып, Scan функциясын оқушылардың карточкаларындағы QR-кодтарды оқу үшін пайдаланады. Әр оқушыда жеке карточка болады. Карточканың төрт қабырғасы жауаптың төрт нұсқасын білдіреді, оларды бұру арқылы оқушы жауаптың дұрыс нұсқасын таңдайды. Plickers-те оқушылардың жауаптарын диаграмма арқылы да көруге болады.



7. Scramble words. Яғни, араласқан сөздер. Бұл тапсырмаларды да бастауыш, орта буын және жоғарғы сынып оқушыларына дайындай аламыз.

scramble words, оқушылар үшін тиімділігі:

- бұл тапсырманың мақсаты оқушыға тақырыптық сөздерді жаттатуға ықпал ету;
- ұзақ уақыт есте сақтау үшін есте сақтау қабілеттерін дамыту;
- орфографиялық жағынан сөздерді катесіз жазу;
- тақырыптық сөздермен сөйлем құру.

Мұғалімдер үшін тиімділігі:

- Тапсырманы дайындау өте қарапайым және тез.
- Палз дайындай аламыз;
- Тағы бір мүмкіндігі, Word-та документке өзгерістер енгізе аламыз.

8. Text to speech - бұл бағдарламаның көмегімен мәтінді аудио жазба ретінде сақтай аламыз. Бұл пән мұғалімдеріне, соның ішінде ағылшын тілі пәні мұғалімдеріне өте таптырмас мүмкіндік. Бұл платформада барлық сыныптарға тапсырма дайындай аламыз. Мүмкіндіктері, мұғалімдер үшін тиімділігі:

- Мәтіндер мен сөйлемдерді оңай тіл тасушылардың оқуы бойынша MP3 форматында аудиожазба ретінде сақтай аламыз;
- Презентация т.б. дайындау кезінде аудио жазбаны қолдана аламыз.
- Оқушылардың тыңдалым дағдыларын арттыру мақсатында қажетті аудио жазба дайындаймыз.

Оқушылар үшін тиімділігі: Тіл тасушылар арқылы жазылған салапы аудио жазба тыңдайды, видео тамашалайды.

№	Атауы	Сайт
3	Мәтінді аудио жазба ретінде сақтау	https://seamanager.com/test-to-speech-converter https://www.test2speech.org/ https://trmp1.com/test-to-speech/#with-820English/



9. Онлайн флешкарталар дайындау. Көрнекілік пәнді оқытуда қолданылатын маңызды дидактикалық материалдың бірі. Көрнекілік сабақ материалымен тығыз байланыста болу керек. Көрнекілікті қолдану оқушылардың психологиялық белсенділігін, сабаққа деген қызығушылығын жоғарлатып, материалдарды терең ұғуына, есте сақтауына көмектеседі. Бұл бағдарламаның мүмкіндіктері және мұғалімге тиімділігі:

- Бұл сайтта біз өзімізге керекті тақырыптар бойынша флешкарталар дайындаймыз.
- Сөздерді ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде жазуға мүмкіндік бар.

Оқушылар үшін тиімділігі: Нақты тақырыптық лексикалық сөздер мен сөз тіркестерімен көрнекілік арқылы танысады.

10. Google forms- жұмыс жасау үшін біздің Google жүйесінде тіркелген аккаунтымыз болуы жеткілікті. Google forms көмегімен сауалнама, кері байланыс және онлайн зерттеулер жүргізуге болады. Ол үшін бірінші тест сұрақтары мен жауаптарының электронды нұсқаларын дайындап аламыз. Гугл Дискке өтіп, Google формасының алғашқы бетіне мәліметтер енгіземіз. Баптаулардан керек функцияларды таңдап, сақтаймыз. Дайын болған жұмыстың сілтемесін, телеграмм каналдарында, ватсап желісі арқылы немесе почта арқылы оқушыларға т.б. жібереміз. Статистика бөлімінде барлық жауаптарды жеке-жеке немесе диаграмма бойынша көреміз.



Қорыта айтқанда, дидактикалық материалдар оқушылар мен білімгерлерді өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландырады, олардың ойлау қабілеттерін, ізденімпаздылығын арттырады, сөз қорын молайтуға көмектеседі, олардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырады, бағдарламалық материалдарды қажет деңгейде меңгеруге ықпал етеді.

Мұғалімдер:

- Мұғалімдер АКТ күзiреттiлiктерiн дамытады.
- Түрлi платформаларды пайдаланып, дидактикалық материалдар дайындайды.
- Тапсырмаларымыз эстетикалық талаптарға сай, сапалы болмақ.
- Тапсырмаларды арнайы платформалардың көмегімен дайындағандықтан, уақытымызды үнемдейміз деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2007.
2. Абдуалиева Р. Дидактикалық материалдарды жасаудың теориялық негізі // Сборник XVIII Международной научно-практической интернет-конференции «Проблемы и перспективы развития науки в начале третьего тысячелетия в странах СНГ». 29 - 30 декабря 2013 г.
3. Дидактикалық ойындар А.В.Фаркоф Айрис-Пресс 2007
4. <https://bilimdiler.kz/bastaush/29841-bastauysh-synyparga-arnalghan-didaktikalyk-materialdardzhinagy-adistemelik-kural.html>
5. <https://nmu.kz/ru/news/opk-ushin-google-formasynda-test-kurastyru-videonuskaulygy-video/>

ӘОЖ 37.013

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ВЕБ-ТЕХНОЛОГИЙ ДЛЯ РАЗВИТИЯ НАВЫКОВ ЧТЕНИЯ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Рахимжанова М. Д.

Западно - Казахстанский инновационно -технологический университет, г. Уральск

Қорытынды әдіс - суицидтік ниеттердің қалыптасу деңгейін анықтауға бағытталған Т.Н.Разуваеваның модификациясындағы суицид қаупінің сауалнамасы. Сауалнамада 29 сұрақ бар, олардың жауабы "келісемін" және "келіспеймін" арасындағы таңдауды білдіреді. Көп жағдайда (73,3%) аз қамтылған балаларда әлеуметтік пессимизм басым болады – олар қоршаған әлемді қоршаған ортамен қалыпты немесе қанағаттанарлық қарым-қатынас туралы түсініктеріне сәйкес келмейтін дұшпандық деп қабылдайды. Сондай-ақ, оқушылар мен аз қамтылған отбасылардың 66,7% аффективтілік шкаласы бойынша жоғары көрсеткіштер бар-олардың эмоциялары жағдайды бағалауда эмоционалды бақылауда басым, бұл респонденттер психотравматикалық жағдайға тікелей жауап беруге дайын болуымен сипатталады, бұл нәтижені эмоционалды растау респонденттерді ауытқу мінез-құлқына бейімділікті анықтау әдістемесі бойынша зерттеу барысында алынған көрсеткіштер болуы мүмкін. Демонстрация, бірегейлік және дәрменсіздік сияқты шкалалар бойынша аз қамтылған отбасылар санатындағы респонденттердің орташа көрсеткіштері 86,7% жоғары. Алайда, суицидтік тәуекелге бейімділіктің жеткілікті жоғары көрсеткіштерімен осы санаттағы респонденттердің 60% суицидке қарсы мінез-құлық тәуекелдерін едәуір төмендететін суицидке қарсы фактор шкаласы бойынша жоғары көрсеткіштерді көрсететініне назар аударған жөн, бұл фактор респонденттердің жақындары үшін жауапкершілік сезімін және парыз сезімін терең түсінетіндігінде көрінеді, олар күнәні түсінеді суицид, эстетикаға қарсы, ауырсыну мен физикалық азаптан қорқады. Аз қамтылмаған отбасылардан шыққан оқушыларда, жалпы алғанда, суицидке қарсы фактор бойынша (респонденттердің 94,4%) жеткілікті жоғары көрсеткіштер бар, әйтпесе екі шкаланы қоспағанда, шкалалар бойынша жоғары көрсеткіштер байқалмайды, олар бойынша екінші топтағы респонденттердің көпшілігі орташадан жоғары (респонденттердің 73,6%) - аффективтілік шкаласы және мәдени кедергілердің бұзылуы, алайда, бұл респонденттердің жасөспірім жасынан (14-15 жас) туындауы мүмкін. Орташа алғанда, аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушыларда суицидтік мінез-құлыққа бейімділік деңгейі 29,8% - ға жоғары.

Осылайша, біз жүргізген зерттеуді қорытындылай келе, аз қамтылған отбасылардың балалары келесі психологиялық ерекшеліктермен сипатталатынын атап өткен жөн: көп жағдайда (70-80%) аз қамтылған отбасылардың жасөспірімдерінде ұжымнан бас тарту, ұқсас проблемасы бар отбасылардың балаларымен қарым-қатынас жасауды қалау; өзін-өзі бағалаудың жеткіліксіздігі (жоғарыдан гөрі төмен); төмен эмоционалды реакциялардың ерікті бақылау деңгейі; нормалар мен ережелерді жеңуге бейімділік; мазасыздықтың жоғарылауы; әлеуметтік пессимизм; реакциялардың аффективтілігі, осы оқушылардың отбасыларында дисгармониялық; көбінесе сәйкес келмейтін тәрбие; балалар мен ата-аналардың қарым-қатынасы көбінесе қатыгез, қатал сипатқа ие. Аз қамтылмаған отбасылардағы балаларда да аталған сипаттамалардың кейбірі кездеседі, бірақ әлдеқайда аз – тек 30-40% - да, бұл сипаттамалар аз қамтылған

отбасылардағы балаларға карағанда аз камтылған отбасылардағы балаларда жиі кездесетінін көрсетеді. Аз камтылған отбасылардағы балалардың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу осы санатпен тиімді жұмысты ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 - І Заңы (27.06.2022 жылғы өзгертулер мен толықтырулармен).
2. Свободина, А.Н. Особенности детей из малообеспеченных семей в условиях общеобразовательного учреждения / А.Н. Свободина, Н.М. Полевая // Worldscience: problems and innovations: сборник статей XXI научно-практической конференции. – 2018. – Ч. 4. – С.141-144.
3. Шабарина, И.Ю. Социальная адаптация детей и малообеспеченных семей [Электронный ресурс] // Informio.Ru : офиц. Сайт. – Режим доступа: <http://www.informio.ru/publications/id3562/Socialnajaadaptacija-detei-iz-maloobespechennyh-semei>.
4. Сурикова, М.Д. Дети группы риска и их психологические особенности // Молодой ученый. – 2013. – №4. – С. 607-609.
5. Тарасенко, Л.В. Технологии работы с молодежью группы риска в России: учебное пособие / Л.В. Тарасенко, О.А. Нор-Аревян. – Ростов-на-Дону: Южный федеральный университет, 2015. – 218 с.
6. Мураткина, Д.Е. Характеристика категории «Дети группы риска» в психолого-педагогической науке // Вестник Костромского государственного университета. Серия: Педагогика. Психология. Социокинетика. –2014. –№4. – С. 169-172.

УДК 159.9

ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ ДЕТЕЙ ИЗ МАЛООБЕСПЕЧЕННЫХ СЕМЕЙ

Имангазиева С.О.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

***Аннотация.** В данной статье представлены результаты психологического исследования особенностей детей из малообеспеченных семей. Анализируется положение детей в классе, склонность к отклоняющемуся поведению, самооценку, особенности детско-родительских отношений, тревожность, склонность к суицидальному поведению. Полученные в ходе исследования результаты будут полезны в профессиональной практике таких специалистов как психолог, социальный педагог, классный руководитель и другие специалисты, в рамках профессиональной деятельности которых происходит взаимодействие с детьми из малообеспеченных семей.*

***Ключевые слова:** малообеспеченная семья, воспитание, психологические особенности, группа риска, социально-психологическая помощь, социальный статус, метод, методика.*

ОӘЖ 379.8(075.8)

МӘДЕНИ-ТЫНЫҒУ ҚЫЗМЕТІ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Таспаева С.Ж., Мажитова А.А.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: Мәдениет қоғаммен бірге дамып келе жататын үздіксіз процесс. Жаңашыл технологиялардың қоғамда кеңінен орын алуы, әлеуметтік салалардың қызметін дамытуды талап етеді. Біздің өмір сүріп отырған ортамыздың жаңаруының қазіргі заманғы процесстері әлеуметтік мәдени ахуалға да өзгерістер әкелді. Практика мен әлеуметтік зерттеулер халықтың мәдени қызығушылығында мәдени демалыс орындарының маңызын айқын көрсетеді. Осыған байланысты, рухани қажеттіліктер үнемі өзгеріп, сапалы жаңа деңгейге көтеріліп отырады.

Кілт сөздер: бос уақыт, мәдени-тынығу қызметі, әлеуметтік технологиялар.

Қазіргі уақытта мәдениетпен демалыс саласында дамыған технологиялар жалпы әлеуметтік маңызға ие болып, әлеуметтік технологияларға айналды. Бос уақытты өткізу технологиялары әлеуметтік педагогиканың негізіне сүйенеді. Бұл процесс, ғылыми әдебиеттерде айтылғандай, адамдардың белгілі бір қоғамдастығының алдында тұрған әлеуметтік және мәдени міндеттерді әлеуметтік-мәдени міндеттерге дәйекті түрде өзгертуден тұрады. Бұл бос уақытты дамыту технологияларына, гедонистік, шығармашылық және рекреациялық бағдар беруге мүмкіндік береді [1]. Бос уақыт педагогикасының технологияларын теорияны әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет практикасына енгізу тетіктері ретінде қарастыруға болады. Біздің ойымызша, мәдениет және демалыс саласындағы әлеуметтік технология – бұл әлеуметтік-педагогикалық процесте қолданылатын әдістер, нысандар, құралдар мен әдістемелердің жиынтығын жүзеге асыру үшін маманның (мамандардың) бос уақытын өткізудің мақсатты, алдын-ала жобаланған және жоспарлы түрде жүзеге асырылатын онтайлы реттілігі. Әлеуметтік-педагогикалық процесте адаммен немесе топпен жұмыс жасауда болжамды мақсатқа қол жеткізу.

Жалпы, мәдениет пен демалыс саласында қолданылатын технологияларды негізгі топтарға бөлуге болады: жалпы, функционалды және сараланған (Т.Г. Киселева мен Ю.Д. Красильниковтың айтуы бойынша):

1) жалпы технологиялар - құралдарды, формалар мен әдістерді әзірлеу мен пайдаланудың негізгі заңдылықтарын, әлеуметтік-педагогикалық, бос уақытты өткізудің ең тиістік шарттары мен әмбебап тәсілдерін қамтиды. Жалпы технологиялардың көмегімен бос уақыт ортасы қалыптасады және қарқынды дамиды (мысалы, адамның рухани қажеттіліктерін қалыптастыру, бос уақытты ынталандыру, бос уақыт саласындағы әлеуметтік және шығармашылық белсенділікті ынталандыру және т. б.);

2) функционалды (салалық) технологиялар - өз негізінде бос уақытты ұйымдастырудың әртүрлі бағыттарын, яғни мәдениет пен демалыс саласындағы белгілі бір мазмұнды іске асыру үшін әдістер мен құралдардың жиынтығын қамтиды (мысал ретінде ақпараттық-танымдық және өндірістік қызмет технологиясы, көркемөнерпаздар шығармашылығы мен әуесқой бірлестіктер технологиясы, демалыс пен ойын-сауықты, оңалту-сауықтыру технологиялары және т.б.). Функционалды технологиялардың негізін мәдениет, ағарту, ақпарат, шығармашылық, демалыс, спорт, туризм және ойын-сауықтың органикалық бірлігі құрайды. Сондықтан функционалды технологиялар дамып келе жатқан, қалыптасатын, өтелетін, қалпына келтірілетін және т.б. көптеген атауларға ие болуы кездейсоқ емес.

3) сараланған (дифференцированнные) технологиялар - халықтың жекелеген санаттарымен және әр түрлі жас топтарымен жұмыс істеуге бағытталған

әдістемелерді (балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыру әдістемесі, жастардың бос уақытын өткізу әдістемесі, отбасылық бос уақытты өткізу әдістемесі, орта және егде жастағы адамдардың бос уақытын ұйымдастыру әдістемесі және т.б.) білдіреді [2].

Жалпы, функционалдық және әлеуметтік-сараланған технологиялар - бұл жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған жүйелі алгоритмдік ұйымдастырушылық және басқарушылық әрекеттердің, жеке, аспаптық және әдіснамалық құралдардың жұмыс істеуінің педагогикалық жүйесі. Бос уақытты өткізудің әлеуметтік технологиялары көптеген елдер мен континенттердің халықтары мәдениет, ағарту, өмір, демалыс саласында жинақталған тарихи және заманауи тәжірибе арқылы үнемі толықтырылып отырады. Қазіргі уақытта бос уақытты ұйымдастырушылар педагогика, биология, физиология, психология және медицинаның жаңа жетістіктерін белсенді қолдануға, әртүрлі инновациялық демалыс бағдарламаларын, әлеуметтік-мәдени жобаларды құруға және осындай жұмыс түрлерін енгізуге баса назар аударады:

- адамдардың эмоционалдық тепе-теңдігін қалпына келтіру;
- халықтық мерекелердің жандануына халықтың қатысу мүмкіндіктері;
- үйірмелер мен студияларда, әуесқой бірлестіктер мен қызығушылық бойынша клубтарда, шеберханалар мен шығармашылық зертханаларда еркін шығармашылық ізденіске баса назар аударылады.

Бос уақыт саласындағы инновациялық технологиялар әрдайым басқа өзара байланысты және дәстүрлер мен инновацияны толықтыруды қамтиды. Мәдениет, өнер, білім беру, бос уақыт, спорт саласындағы инновациялық технологиялар салаларының ішінен мыналарды ажырату керек: 1) бір объектіде жүзеге асырылған және көптеген объектілер бойынша таралған; 2) аяқталған және аяқталмаған; 3) құрылымы қарапайым және кеңейтілген. Сонымен қатар, әрбір инновациялық технологияда ілеспе факторлар да үлкен маңызға ие. Оларға технологияны іске асыруға жәрдемдесуді қоғамдық және әкімшілік бақылау, жариялылықты қамтамасыз ету, осы бағыттағы отандық және шетелдік тәжірибені зерттеу, сондай-ақ қоршаған ортаның әлеуметтік-мәдени инновацияға сұранысын есепке алу және зерттеу жатады.

Ұйымдастырушылар әдетте, жаңа идеяларды қалыптастыру әдістерін қолдана отырып, жаңа ұсыныстар авторларының шығармашылық қиялын ештеңе шектемеуі және күтпеген идеялардың пайда болуына кедергі келтірмеуі үшін сынның араласуын азайтуға немесе мүлдем болдырмауға тырысады.

Бос уақыт саласындағы технологиялық процестің өзі келесі элементтерді қамтиды: қызмет объектісі: адамдар ұжымдары және жеке тұлғалар; қызмет субъектісі: әлеуметтік қызметкерлер, тәрбиешілер, бос уақытты ұйымдастырушылар; барлық компоненттері бар бос уақыт қызметі (субъектінің объектіге әсер ету процесі). Олар: іс-әрекеттің мақсаты мен мазмұны, бос уақытты ұйымдастыру нысандары, бос уақытты ұйымдастырушылар өз міндеттерін орындау үшін пайдаланатын құралдар мен әдістер.

Технологиялық процесті әдістемелік дайындығы бар, әдістемелер мен жеке қабылдаулардың жалпы негіздерін, мәдени бос уақытты ұйымдастырудың әдістемелік дағдыларын білетін ұйымдастырушылар жүзеге асырады. Біз алдын-ала қызметті педагогикалық қызметтің ерекше түрі

ретінде қарастырамыз, оның технологиялық процесінде мәдениеттің құндылықтары сапалы жаңа қатынастардың қалыптасуына ықпал етеді[3].

Бос уақыттағы технологиялық процестің жұмыс істеуінің барлық элементтері біртұтас және өзара әрекеттеседі, біртұтас жүйені құрайды. Бұл жүйенің негізгі элементі - қызмет нысаны: мектеп оқушылары, жастар, ересектер, олардың арасында бос уақытты ұйымдастырушылар өз жұмыстарын жүргізеді. Бос уақыт педагогикасының әлеуметтік технологиялары өте икемді, оларды әлеуметтік-педагогикалық қызметтің кез-келген жағдайына оңай бейімдеуге болады. Олар педагогикалық технологиялардың барлық артықшылықтарын сiңiредi, педагогикалық әдістер мен процестердің жекелеген кемшіліктерін түзетеді, өйткені бос уақытқа тән жағдайлар, құралдар, формалар мен әдістер бос уақыттың әр түрлі түрлерін таңдау еркіндігін ұсынады, ол үшін маңызды хоббидің белгілі бір саласында адамның мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып құрылады.

Технология өзінің құрылымдық ұйымында күрделі. Идеяны қалыптастыру және іске асыру белгілі бір әлеуметтік топтың әлеуметтік қажеттіліктерімен анықталады және жоғары әлеуметтік маңыздылық белгілері бар өзіндік әлеуметтік тапсырысты көрсетеді.

Бос уақыт педагогикасы технологиясының құрылымдық құрамдас элементтері:

- бос уақыт педагогикасының әлеуметтік технологияларының тұжырымдамалық бөлігі философиялық, дидактикалық, әлеуметтік-педагогикалық, мәдени аспектілерді қоса алғанда, мәселенің терең зерттелген ғылыми негіздемесін, өткір әлеуметтік маңызы бар мақсаттар мен міндеттерді анықтауды немесе іске асыруды болжайды

- технологиялық процестің диагностикалық бөлігі аймақтың, жекелеген әлеуметтік топтардың, жеке тұлғаның "проблемалық өрісін" анықтау мәселелерін шешеді;

- әлеуметтік технологиялардың болжамдық бөлігі жобаны жүзеге асыру нәтижесінде бос уақытты ұйымдастыру қажет болатын болжамдар мен түпкілікті нәтижелерді әзірлеуге бағытталған;

- жобаның нақты бөлігі нақты әрекеттерді таңдауды және оларды белгілі бір көркемдік немесе әлеуметтік жоба түрінде жүзеге асыруды қамтиды;

- процессуалдық бөлім технологиялық процесті іс жүзінде жүзеге асырады; оған басқару, ұйымдастыру, формалар, құралдар, әдістер, диагностика, талдау және әлеуметтік-педагогикалық, бос уақыт процесін түзету кіреді[4].

Әлеуметтік-мәдени, жобаны немесе бос уақытты өткізу бағдарламасын жүзеге асыру процесінде технологиялық процестің барлық элементтері технологиялық құрылыстың барлық кезеңдерінде бір-бірімен өзара әрекеттеседі: жоспар мазмұнның, құралдардың, формалардың, әдістердің тұжырымдамалық негізін іздеуге, содан кейін нақты жобада, бағдарламада ойды білдіруге, содан кейін оңтайлы шешім қабылдауға ықпал ететін жағдайларды таңдауға әкеледі.

Бос уақытты ұйымдастырудың заманауи тәсілі, ең алдымен, бірыңғай әлеуметтік саясат аясында мәдени және демалыс бағдарламаларын дамытумен және жүзеге асырумен байланысты. Кең мағынада мәдени-демалыс бағдарламасын үлкен тәуелсіз аяқталған әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-мәдени іс-әрекет ретінде қарастыруға болады, ол әлеуметтік тапсырыспен қамтамасыз етіледі, әлеуметтік шындықты бейнелейді және сонымен бірге оған белгілі бір әсер етеді. Әрбір бағдарлама жеке адамның немесе әлеуметтік топтың нақты проблемасын шешуге (немесе оңтайландыруға),

халықтың әлеуметтік-мәдени бастамасы үшін қажетті жағдайлар жасауға бағытталған акциялардың қисынды түрде құрылған тізбегі болып табылады [5].

Сонымен, бос уақыт педагогикасының әдістемелік негіздеріне бос уақыт бағдарламалары мен формаларының қазіргі типологиясы жатады. Олардың ішінде белгілі бір мәдени ортаны құруға, дамытуға және педагогикалық пайдалануға байланысты бағдарламалар, соның ішінде тарихи және тарихи-мәдени ескерткіштер, мемориалдық кешендер, көркем экспозициялар және басқа да ақпараттық, ойын-сауық, біртектес және аралас аудиторияға арналған даму бағдарламалары, соның ішінде демалыс күндері рекреациялық бағдарламалар, кәсіпорындар ұжымдары үшін арнайы бағдарламалар бар және оқу орындарының, кооперативтердің және өзін-өзі есептеу және өзін-өзі қамтамасыз ету қағидаттарында жүзеге асырылатын әртүрлі профильдегі топтық немесе жеке оқыту бағдарламалары бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тихоновская Г.С. Образовательно-педагогические аспекты оптимизации содержания культурно-досуговых программ // Вестник Московского государственного университета культуры и искусств. 2015. № 4 (66). С. 141—145.
2. Каменец, А.В. Введение в теорию социального взаимодействия: монография / А.В. Каменец. — М.: РГСУ, 2015. — 464 с.
3. Жарков А.Д. Теория и технология культурно-досуговой деятельности: Учебник для студентов вузов культуры и искусств. -М.: Издательский Дом МГУКИ, 2007.-480 с.
4. Каменец, А. В. Деятельность клубных учреждений в современных условиях / А. В. Каменец. — М.: ИПРИКТ МК РФ, 2013. — 41 с.
5. Жарков А.Д. Теоретико-методологические основы культурно-досуговой деятельности: монография. Москва: МГУКИ, 2012.

УДК 379.8(075.8)

СОЦИАЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ПЕДАГОГИКИ КУЛЬТУРНО-ДОСУГОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Таспаева С. Ж., Мажитова А.А.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аннотация: *Культура-это непрерывный процесс, развивающийся вместе с обществом. Широкое распространение инновационных технологий в обществе требует развития деятельности социальных сфер. Современные процессы обновления среды, в которой мы живем, также привели к изменениям в социокультурной обстановке. Практика и социологические исследования наглядно демонстрируют значение достопримечательных мест отдыха в культурном интересе населения. В связи с этим духовные потребности постоянно меняются и выходят на качественно новый уровень.*

Ключевые слова: *досуг, культурно-досуговая деятельность, социальные технологии*

УДК 159.922.899(075)

ЭКЗИСТЕНЦИАЛЬНЫЙ КРИЗИС ЗРЕЛОГО ВОЗРАСТА И ПУТИ ЕГО ПРЕОДОЛЕНИЯ

Кадыржанова Ж.Е.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аннотация: В статье рассматривается понятие экзистенциального кризиса, роль экзистенциального кризиса в развитии личности взрослого человека, причины возникновения экзистенциального кризиса в зрелом возрасте, признаки кризиса, сущность жизни при экзистенциальном кризисе, последствия экзистенциального кризиса, пути преодоления кризиса, признаки тревожности человека при экзистенциальном кризисе, пути борьбы с кризисом. Также изложены теоретические подходы к проблеме кризисов зрелого возраста.

Ключевые слова: экзистенциальный кризис, личность, зрелость, тревожность, смысл жизни, невроз, конфликт, внутренний конфликт, «кризис середины жизни», взрослость, переоценка ценностей.

Стремительный водоворот повседневной жизни «закручивает» людей в заботы о насущном хлебе, карьерном росте, заботе о семье. Однако на определенном жизненном этапе каждый приходит к осознанию бренности бытия, когда все, к чему человек так стремился многие годы, кажется пустым и ненужным делом. Наступает экзистенциальный кризис, который характеризуется переоценкой ценностей, осознанием неизбежной смерти и поиском новых идеалов и смысла жизни. Экзистенциальный кризис – это отрезок жизни, когда подвергаются сомнению и пересмотру все привычные жизненные опоры. [1]

В этот момент человек задает себе вопросы: "Кто я?", "В чем смысл жизни?", "Что я могу сделать в этой жизни?", "Как обрести настоящую свободу?". Обычно от процесса осмысления своего бытия отвлекают каждодневные дела и развлечения. А остроту экзистенциальному кризису добавляют непростые жизненные повороты – когда человек страдает, борется, чувствует незащищенность, преодолевает жизненные препятствия.

Экзистенциальный кризис зрелости возникает также и вследствие нереализованности жизненного замысла. Если же при этом еще и переосмысливаются ценности, то речь идет о том, что жизненный замысел вообще оказался неверным. В. Франкл пишет: «Сегодняшний пациент уже не столько страдает от чувства неполноценности, сколько от глубинного чувства утраты смысла, которое соединено с ощущением пустоты». Даже имея семью, друзей, хорошую работу, зачастую человек, переживающий экзистенциальный кризис, чувствует себя изолированно, отчужденно. Здесь можно говорить о так называемом «одиночестве в толпе».

Экзистенциальный кризис середины жизни инициирует глубокие размышления относительно своего существования в мире, своего места в нём, собственных возможностей и способов преодоления различных жизненных ситуаций.

К.Г. Юнг писал: «Человек развивается в течение всей жизни из темных или даже вовсе необъяснимых задатков, и только наши дела покажут, кто мы есть. Мы как солнце, которое питает жизнь земли и производит всякого рода прекрасное, диковинное и дурное, мы как матери, которые носят во чреве еще неизведанное счастье и страдание. Мы не знаем наперед, какие дела и злодеяния, какая судьба, какое добро и какое зло содержится в нас; и только осень покажет, что было зачато весной, лишь вечером станет ясно, что началось утром». [2]

Проявлению кризиса более склонны люди творческих профессий, которые имеют больше свободного времени и привыкли к самоанализу. Те, кто занят физическим трудом,

менее подвержены размышлениям и «копанием» в себе. [3] Тем не менее кризис не обходит и их стороной. Причину его появления чаще всего связывают с определенными жизненными ситуациями, которые требуют более детального рассмотрения: уход из жизни близкого человека или члена семьи; страх собственной смерти, связанный с опасностью для жизни; длительное нахождение в одиночестве; отсутствие возможности общения с родными людьми или любимым человеком; разочарование в религии; использование психотропных препаратов; чувство одиночества и отторжения обществом; взросление детей и их самостоятельная жизнь, в которой уже нет столько места для заботы родителей. [4]

Рассматриваемый феномен является типичной проблемой разумного существа, избавленного от необходимости решать злободневные вопросы, касающиеся выживания. У таких индивидов излишек времени, поэтому они начинают задумываться о смысле собственного существования жизни.

Экзистенциальный кризис завершает взросление и выводит на новую ступень развития. Кризис пройден, когда человек находит свой смысл бытия, становится автором своей жизни. Осознает, что он не должен и не хочет жить ту жизнь, которую придумали для него другие. Так, человек обретает свободу действий и оборотную ее сторону – ответственность за нее перед собой и миром. Он сам начинает ставить себе цели, опираясь на интуитивное знание себя, и сам оценивает, справился ли он и насколько хорошо. Виктор Франкл утверждал, что помогают обрести смысл жизни проживание и чувствование ценностей жизни, творчество, осознание и принятие обстоятельств, которые мы не можем изменить.

Задача нового периода, который начинается вместе с экзистенциальным кризисом, это умение жить свою неизбежную, но осмысленную, ответственную, красивую и достойную жизнь. Иррационалистическое направление современного философского учения, воздвигающее в центр исследования бытие людских субъектов и утверждающее чутье человека в качестве базисного метода постижения реальности, именуется экзистенциализмом. Он оказал колоссальное влияние на развитие культуры прошлого столетия. При этом экзистенциализм никогда в чистой вариации в виде отдельного направления философии не существовал. [5] Человеческий субъект стремится уверовать в то, что существование имеет смысл, однако одновременно с этим, взирая на собственное бытие, словно со стороны, он внезапно осознает, что же существование людей не характеризуется ни объективным смыслом, ни заданным предназначением.

Экзистенциальный кризис человека может быть ложно диагностирован, являть собой следствие или сопровождать нижеприведенные явления: депрессивное расстройство; продолжительную изоляцию; острый дефицит сна; неудовлетворенность собственным существованием; серьезную психологическую травму; ощущение одиночества и изолированности в мире; приобретенное понимание собственной смертности, чаще наступающее по причине диагностирования неизлечимого недуга; убежденность в отсутствии смысла существования и цели бытия; поиск жизненного смысла; потеря понимания функционирования реальности; предельная степень переживания, блаженства либо боли, вызывающая стремление отыскать смысл; осознание сложности устройства Вселенной. [6]

Все исследователи приходят к выводу, что преодолеть кризис бытия можно только признав, что смысл жизни состоит в проживании настоящего момента. У человека нет заданной миссии и нет объективного смысла существования, но каждый создает субъективный смысл своей жизни. Соответственно, для преодоления кризиса нужно найти свой личный смысл жизни. Что это может быть: работа; создание семьи или развитие семьи; рождение и воспитание детей; творчество; социальная активность, благотворительность; передача своего опыта, обучение младшего поколения; поиск

любви, построение отношений; вера; забота о животных; Аргументировать факт существования человека помогают СМИ, семья, стереотипы, установки и убеждения, полученные из других источников в ходе социализации. Чувство тотального одиночества – второй элемент экзистенциального кризиса. Преодолеть его можно только признав, что даже самый высокий уровень эмпатии не позволит понять и прочувствовать другого человека. Внутренний мир каждой личности уникален, да, это вызывает иногда чувство одиночества, но нужно научиться пользоваться этим. Успешное преодоление кризиса предполагает принятие своей уникальности и неповторимости. Если выделить в этом конкретную особенность, развивать ее и задействовать в самореализации и осуществлении смысла жизни, то кризис разрешится успешно. Преодолеть кризис и найти цель в жизни необходимо, иначе состояние перейдет в уныние, пассивность, равнодушие к себе и своей жизни. Постепенно к этому присоединятся зависимости, девиации, деградация и саморазрушение.

Таким образом, экзистенциальный кризис в зрелом возрасте предоставляет возможность открытия глубин существования. Переживание кризиса похоже на ситуацию, когда в земле открывается трещина, которая прежде была засыпана песком так, как трещина появляется в земле во время землетрясения. Трещина позволяет индивиду глубже заглянуть во что-то очень важное. Кризис может стать поворотной точкой в жизни человека, новой жизненной возможностью.

Кризис является, конечно же, болезненным состоянием, но в то же время это шанс прочувствовать мир и шанс найти себя, прояснить свою позицию на земле, взять на себя ответственность за собственную жизнь и двигаться дальше.

Список использованной литературы:

1. Райгородский Д.Я. Психология зрелости – Самара: «Бахрах-М», 2003
2. Бабурин СВ., Баканова А.А, Психологическая помощь в острых кризисных ситуациях. СПб., 1999. - С, 262-264.
3. Бурлачук А.Ф., Коржова Е.Ю. Психология жизненных ситуаций. М.: Рос. Пед, Агентство. 1988
4. Головаха Е.И. Кроник А.А, Психологическое время личности. К.: Наукова думка, 1994. 207 с. 187
5. Гроф С.5 Гроф К, Духовный кризис: понимание эволюционного кризиса. Н В кн.: Духовный кризис: Статьи и исследования. М.: МТМ, 1995, -256 с,
6. Поливанова К, К. Психологический анализ кризисов возрастного развития. И Вопросы психологии. № 1. 1994. С. 115 -119.

ӘОЖ 159.922.899(075)

ЕРЕСЕК ЖАСТАҒЫ ЭКЗИСТЕНЦИАЛДЫ ДАҒДАРЫС ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕҢУ ЖОЛДАРЫ

Кадыржанова Ж.Е.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

***Аңдатпа:** Мақалада экзистенциалды дағдарыс ұғымы, ересек адамның жеке басының дамуындағы экзистенциалды дағдарыстың рөлі, ересек жастағы экзистенциалды дағдарыстың себептері, дағдарыстың белгілері, экзистенциалды дағдарыстағы өмірдің мәні, экзистенциалды дағдарыстың салдары, дағдарысты жеңу жолдары, экзистенциалды дағдарыстағы адамның мазасыздық белгілері, дағдарыспен күресу жолдары қарастырылады. Сондай-ақ, ересек жастағы дағдарыстар мәселесіне теориялық көзқарастар көрсетілген.*

Кілт сөздер: экзистенциалды дағдарыс, тұлға, жетілу, мазасыздық, өмірдің мәні, невроз, жанжал, ішкі жанжал, "ересек жастағы дағдарыс", ересек, құндылықтарды қайта бағалау.

УДК 372.2.01

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОП БАЛАЛАРЫНЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ДАМУЫН ТАНЫМДЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Баймуханова Б.К.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аңдатпа: Бұл мақалада мектепалды даярлық топ балаларының интеллектуалдық дамуының ерекшеліктері, балалардың мектепке психологиялық дайындығының көрсеткіштері келтірілген. Танымдық ойындардың міндеттері, шарттары, мәні, ойындардың сипатына қарай топтарға бөлінуі талданған.

Кілт сөздер: мектепалды даярлық топ балалары, интеллектуалдық даму, танымдық ойындар.

Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің жаңаша даму үрдісінің ішінде жас ұрпаққа берілетін білім мазмұнын жаңарту және оны игерту мәселесі қазіргі таңда ерекше орын алады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында «Жалпы, еліміздің білім беру және ғылым саласының алдында кезек күттірмес ауқымды міндет тұр. Бұл – уақыт талабына сай болумен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу деген сөз» деп келтірілген.

Баланың мектепке психологиялық дайындығы адамның барлық негізгі құрылымдарына сәйкес бір уақытта қалыптасады. Оның іс-әрекетінің тұлғасы, жеке тұлғасы және субъектісі болып қалыптасу үрдісінде мектепте оқу жағдайында қатысушыларға қажетті қасиеттер көрініп беріктене түседі. Оқу әрекетіне бағдарлауы психикалық дамуының тұтастай жеке құрылымдардың бөлімдері ретіндегі гетерохронияның ерекшеліктерін анықтайды. Жеке психофизиологиялық функциялардың деңгейіндегі жалпы дайындықтың ерекшелігі олардың әлеуметтенуінің қарқынды үрдісінде, ес пен зейін сияқты жаңа ерікті және вербальді формалардың, психомоторика, перцепция, елестердің жаңа ерікті формалардың қалыптасуына және эмоционалдық, сенсорлық аймақтардың ерікті реттелу мүмкіндігіне, темперамент ерекшеліктері мен т. б. психофизиологиялық қалыптасуына әкелетін жаңа сапалардың пайда болуында айқын көрінеді. Мектепке қабылдау кезінде сөйлеу арқылы қалыптасатын еріктілік ерекше психофизиологиялық ұйымдасуының анықтаушы бағыты болып табылады.

Мектепалды жасындағы балалар іс-әрекетінің негізгі түрі - ойын болып табылады. Осы шақтағы балаларға арналған танымдық ойын түрлері олардың алған білімдерін бекітіп, көңілдерін көтеріп, ұжымдағы шығармашылық қарым-қатынасты дамытуға мүмкіндік беріп, психикалық процестер мен ақыл-ой және интеллектуалдық дамуын белсендендіреді [1].

Танымдық ойындардың әрбір әрекеттері мазмұнға айналып, бала белгілі бір мақсатқа бағытталған тапсырмаларды орындауға ұмтылады. Мұндай талап баланың жеке басының белгілі бір мөлшердегі білімі мен тәжірибесін пайдалануды қажет етеді және баланың танымын ойын үстіндегі қарапайым еңбек дағдыларын

жетілдіреді, ептілігі, қабылдауы көрініс тауып, өздігінен ойлауға бейімделіп, сөйлеу қабілетін дамытады.

Жалпы интеллектуалдық дамуына Кэттел, Бине-Симон, Ж.Пиаже, Дж.Брунер, П.Я.Гальперин, М.Сторфер, Айзенк және т.б. ғылыми түрде дәлелденіп еңбек сіңірді. Ресейлік психолог-педагогтардан Л.С. Выготский және т.б. Ойын теориясының зерттеле бастауы Шиллер мен Спенсердің ғылыми еңбектерімен тығыз байланысты. Сол сияқты ойын теориясының дамуына Фрейд, Ж.Пиаже, А. Адлер, Штерн, Фромм және т.б. ғалымдар еңбектерін сіңірді. Ресейлік психология және педагогика теориясында ойын тақырыбына қарастырғандар С.Л. Рубинштейн, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев және т. б.

Қазіргі қоғамда адамның интеллект деңгейі өмірінде маңызды орын алады. Осы деңгейдің әр түрлілігі оның әлеуметтік ортада алатын орнына байланысты болады. Мектеп үлгерімі, оқыту мен тәрбиесі, жұмыс орындағы проблемалар, қоғамдағы және әлеуметтік ортадағы алатын орны адамның немесе оқушының интеллект дамуының деңгейінен тәуелді. Осыған қатысты интеллектіні дамыту үлкен мәселе болып отыр.

Мектепте оқушы үлгерімінің төмен болуының себебі, көп жағдайда, танымдық әрекетінің қалыптаспауы, танымдық процестерінің әлсіздігі, мотивацияның болмауы және т.б. болып табылады. Танымдық әрекетінің қалыптасуының психологиялық бұзылудың бастысы - ойлауға қабілетінің төмендігі, яғни жалпылау процестері, психикалық процестердің қозғалмалы мен темпінің бұзылуы, қабық функциялар қатарының, зейіннің, естің жеткіліксіздігі [2].

Осы уақытқа дейін мектепке дейінгі шақтағы баланың ойлауы тек қана нақты – ол бөлек заттар мен олардың қасиеттеріне бекітілген деп саналады. Сондықтан осы шақта нақты білімдер (бала өзі көріп тұрған мәліметтерді түсіндіру) беру қажет. Бірақ осы сұраққа байланысты психологтар мен педагогтар жүргізілген зерттеулер бұндай пікірталаста себептер мен салдарлар шатасып келетінін көрсетті: Егер бөлек заттар туралы емес, заттар арасындағы қарапайым байланыстары мен заңдылықтары туралы білім берсе, онда мектепалды балалар оны меңгеруімен қатар, өзінің пікір санасуда қатысады. Осыдан балалардың қызығушылықтары артып, ойлауы жалпылама, терең және себеп-салдарлы болып келеді. Бірақ бұл білімдер баланың есінде ғана қалмай, ойлау дамуын жетілдіру үшін оқыту ерекше түрінде – ойынға, заттармен әрекеттесуіне, олардың кесте, схема және суреттеріне негізделуі қажет. Бұндай ойын арқылы оқытуда әр ойынға қатал норма берілмейді, мысалы, бұл тапсырманы бірінші немесе бесінші рет өткізу кезінде орындау сияқты. Ең бастысы - осындай әрекетке баланың қызығушылығы. Егер де бала белгілі бір тапсырманы бірінші ретте орындай алмаса, бала, аз болса да, алға қандай жасау керек, бұл дамудың процесі өзі болып табылады. Әрине, білім мен дағдылар саны дамудың көрсеткіші бола алмайды, бала білімдерді қалай қолданытыны және белгілі бір тапсырмаларды орындауда қалай шешім қабылданатынын маңыздырақ болады. Білімге құштарлық, ойлау дамуы және сөйлеу – бұл сапалар да, санау және оқу білу сияқты, маңызды болып табылады. Оларды біріншіден дамыту қажет. Ойын арқылы баланың ой тапқырлығын көрсетуіне, белсенді және өзбетті болуға жағдай жасау керек, сонда ғана ондағы өмірде мақсаттарға жетуіне көмектесетін баланың өз-өзіне сенімділігі дамып қалыптасады.

Мектепалды баланың білімпаздық, ақыл-ой белсенділігінің деңгейі - оның интеллектуалдық дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Егер баланың көзқарсы, пікірі қате болып , қате нәтижелерге әкелсе, бұл опасыздық емес - оның жасы кіші және еркін қиялдануға бейімделген. Бұнда нәтижесі емес, оны түсіну құштарлығы басты болып табылады.

Бала ойнау кезінде оның ойы қаншалықты бай және әр түрлі екенін, қоршаған өмірден алған әсерлерді жеңіл қабылдайды ма, ойыншықтарды, басқа заттарды қалай қолданатынын бақылау қажет.

Егер баланың дамуы қалыпты болса, бала ойынның сюжетін өрбетеді, ойыншықтармен қатар түрлі заттарды (отырғыш кубиктер, қарындаштар т.б.) қолданады. Баланың ойы тұрақты, бай және ойын кезінде толықтырылып отырады.

Кубиктерден, құрылыстарды құру баланың ақыл-ой әрекетіне ерекше талаптар қояды. Ойын кезіндегі секілді, мұнда белгілі бір ойлары қалыптасады. Егер суреті салыстырмалы түрде әр түрлі ерікті тәртіпте салынған кезде, ал құрастыру оны (нәзік) құруды қажет етеді, әйтпесе, ол бұзылады. Сондықтан құрастыру уақытында өз әрекеттерін жоспарлау білім анықталады. Сонымен қатар, құрастырулар әдетте ойындарға енгізілген балалар қуыршықтар, көліктер үшін үйлер құрастырады. Бұл жағдайда ақыл-ой дамуының деңгейі өлшемдер мен басқа да құрастыру ерекшелігімен қатынастыру белгілі анықталады, яғни гаражға ойыншық- көлік сыю үшін құру керек деген секілді.

Барлық мектепалды балалар бірдей етіп өзінің ақыл-ой қабілеттерін барлық ойын әрекетінде көрсетеді деген санау қате болады. Көптеген себептерге, ең алдымен тәрбиелеу жағдайына байланысты бір бала ойындар мен сурет салуды, екіншісі-құрастыруды, үшіншісі-өсімдіктермен жануарларды, ал төртіншісі-техника мен көліктерді ұнатады. Және ақыл-ой дамуының көріністерін, ең біріншіден, баланың қызықтыратын аймақтардан іздеу керек. Міне, білімпаздық, ақыл-ой белсенділігі, «бала» әрекетінің негізгі түрлерін меңгеру деңгейі мен оқығандық деңгейі кіші жастағы баланың ақыл-ой дамуының негізгі көрсеткіштері ретінде қарастыруға болады [3]. Барлық қалыпты балаларда интеллектуалдық даму қорлары кең, және осыдан ата-аналардың міндеті – жан-жақты дамыған жеке тұлға болып қалыптасуын қамтамасыз ететін, гармониялық дамуын бұзбайтын сол қорлардың жүзеге асуына әрқашан жағдай жасау қажет. Қазіргі педагогика және психологияда баланың ойын әрекеттерін дамыту өлшемдері кеңінен қолданылуда.

5 – 6 жаста жеке заттық, сонымен қатар символикалық ойын пайда болып дамиды. Символикалық функциялардың қалыптасуының арқасында балалар ойын үстінде заттарды тікелей қолданып қана қоймай, оларды өз ойларына және ойынның тәртібіне қарай бағындырып қояды. Осы шақтың аяғында балалар әр түрлі заттармен ойнайды, және оларды өз ретімен ғана емес, құрастырып, жаңа зат ойлап табады. Бала үлкендер әрекетін заттармен қайта жаңғыртады. Әр түрлі әлеуметтік жағдайларда адамдардың бір-бірімен қарым-қатынастарын еліктейтін сюжеттік-рольдік ойын пайда болады. Бұнда саналы түрде бақыланатын ерікті әрекеттер қалыптасады.

Мектепалды шақта танымық ойындарға қызығушылық таныту басым байқалады. Бұл шақтағы балада ойын үстінде үлкендердің әрекетін еліктеумен қатар, олар адамдар арасындағы белгілі бір қарым-қатынастарын бақылап еліктейді. Балалар ойын кезінде ережелер мен рольдерді бөлуге үйренеді, олардың жүру ретін бақылап, өздері де соны бақылауына тырысады. Негізінен бұл жанұялық рольдер (ана, әке, бала, қыз, әже, ата т.б.), немесе кәсіпкерлік (дәрігер, балабақшадағы тәрбиеші), немесе ертегі ойындар (қасқыр, қоян).

Есейген мектепалды шақта құрастыру ойыны біртіндеп еңбек әрекетіне ауыса бастайды, бұл кезде бала тек қана ойнамайды, ол пайдалы қажетті нәрселерді құрастырады. Осындай ойын үстінде бала тұрмыста пайдаланатын көптеген заттар мен құралдарды қолдануды үренеді. Жоспарлау қабілеті дамиды, қалдық ұсақ моторикасы (қалдық ұсақ қозғалыстары) қалыптасады, қиялы дамиды [4.].

Бала үшін өте пайдалысы, әсіресе мектепалды шақта, өз қолымен жасалған және бөліктерге бөлінетін , кейін жинайтын ойындар, әдістемелер және ойыншықтар болып келеді (мысалы, белгілі бір бөліктерге бөлінген сурет, бұл қолдың ұсақ моторикасының,

ойлаудың, зейіннің, қиялдың дамуына пайдалы. Бұндай суреттерді өз қолымен, яғни түрлі отырықтар мен иллюстрацияларды бөліп келуге болады. Сатып алғандарға қарағанда, бұларды әрқашан жағарып, күрделігі өсу ретімен байланысты етіп жасауға болады). Әсіресе балаларға танымдық қабілеттерін (қиял, зейін, ес, ойлау және сөйлеуі) және басқа да қабілеттерін (музыкалық, құрастырмалы, математикалық, ұйымдастырушылық, әртістік және т.б.) дамытуға арналған ойындар керек.

Танымдық ойындардың балаларға беретін негізгі мақсаты: ойынның қандай бағытта өткізілетіндігі, неге бағытталғаны жөнінде болуы шарт. Ойынның мәні мынадай екі бөлімнен тұрады:

1) түсіндіруші, яғни ойын кезінде балаларға нені үйретуіміз керек, қандай тәсілмен балаларға жеткізуіміз керек;

2) тәрбиелеуші, балалардың басқа адамдармен қарым-қатынасын нығайту.

Танымдық ойындарды екі топқа бөліп қарауға болады:

- ережесіз шығармашылық ойындар;
- ережелі ойындар.

Ережесіз ойындар - бұл көбіне өздері ойлап шығарады, ал ережелі ойындарда үлкен адамдар шығарып, балаларға ұсынады. Танымдық ойындар ережелі ойындарға жатады. Ойын нәтижесі қандай жолмен болсын ұтыпшығу емес, балалардың, білімді қаншалықты игергенділігі ақыл-ойын, тілін дамытудағы өзара қарым-қатынас жасаудағы жеткен жетістіктердің көрсеткіші [5].

Танымдық ойындардың өздерінің сипатына қарай үш топқа бөлуге болады:

- ойыншықтармен айналатын ойындар;
- үстел үсті ойындар;
- сөздік ойындар.

Ойыншықтармен айналатын ойындар. Мұндай әр түрлі ойындар балаларға қызықты да тартымды болады. Заттардың сапасымен, пішінімен, қасиеттерімен танысады. Ойын барысында салыстыру, топтастыру міндеттері шешіледі. Балалардың аттар жайындағы білімдерді меңгеруге қарай ойын міндеті де күрделене түседі.

Үстел үсті баспа - ойыны - мұндай ойындар көрнекілік принципке негізделген. Мұндай ойындарда балаларға сол зат өзі емес, бейне суреті беріледі. Бұл ойынның мазмұны да әр алуан. Бұған балалар үшін қызықты лотолар, доминолар, кубиктер, суреттер жатады. Бұл ойындар балалардың оқыту міндеттерін шешеді, балалардың тілін ғана емес, шығармашылық қабілетін танытады. Сөздік ойындар басқа ойындарға қарағанда күрделілігі ешқандай зат ойыншық арқылы емес, тек қана сөз арқылы зат бейнесін елестету негізінде жүргізіледі.

Сөздік ойындардың ерекшелігі тілді дамытудың негізгі міндеттерінің бірі-дұрыс дыбыстауға үйрету, сөздік қорын анықтау, әрі бекіту және айналадағы заттарды дұрыс танып, білуге үйрету. Қойылған сұрақтарға дұрыс әрі тез жауап табуға, өз ойын дәл, анық жеткізуге, ойлау әрекетін қалыптастыруға бағытталды.

Танымдық ойындарды тек таңдау емес, оны жақсы өткізу қажет. Тәрбиеші ойын материалдарын алдын-ала әзірлеп алу қажет. Ойынды таңдаған кезде оны дұрыс талқыға салып, оның психологиялық ерекшелігін және тәрбиелік мәнін қарастыру керек. Ойын кезінде балалар бір-бірін тыңдап отыру керек. Ойын осылай өткенде ғана дамытушылық, тәрбиелік мәнін жете алады. Ойынға көркемсіз енгізгенде ғана балаларда жаңаша көзқарас қалыптасып, ойынға деген қызығушылығы арта түседі. Танымдық ойынның маңызын ескере отырып, оларға мынадай талаптар қойылады:

1) кез-келген танымдық ойын баланың ақыл-ой дамуына пайдалы жаттығуларды және тәрбиесіне пайдалы жаттығуларды беруі қажет;

- 2) танымдық ойындар міндетті түрде қызықты тапсырмаларға құрылуы керек. Осы тапсырмаларды орындай отырып, ақыл-ой күші шынығады және қиындықтарда жеңуге талпыныс болады;
- 3) ойындағы дидактизм қалжыңмен, қызықты жағдайлармен толық топтастыру керек;
- 4) ойынның мақсаты және керекті көрнекіліктер мен материалдар күні ілгері дайындалып, оңтайлы жерге қайылуы керек;
- 5) ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібі балаларға әбден түсіндірілгенділігі жөн;
- 6) ойынға балалардың түгел қатысуын қамтамсыз ету керек;
- 7) ойынның жүру барысында тәрбиеші балалардың түгел қатысуын қағалаумен қатар, олардың ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеуі керек [6].

Ойын - оқыту үрдісінде оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория бола алады. Сонымен бірге, ойын оқытушылар мен студенттердің, мұғалімдер мен оқушылардың, мектеп жасына дейінгі балалар мен тәрбиешілердің бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде де қолдануға болады. Балалар ойынында да, үлкендер ойынында мәнді тұлғаның мәнді әрекеті ретінде қарастырылады. Адам өзінің және басқалардың ойынның нәтижесін бақылай, талдай, қорытындылай отырып, оны өзінің жақсы да, жаман да істерінде ұтымды қолдануға машықтанады. Ойын теориясы мен практикасын Отандық және шетелдік педагогтар, психологтар, социологтар зерттеуде. Мысалы, Иохан Хейзингтің «Ойыншы адам», Д.Б.Элькониннің «Ойын психологиясы» атты еңбектері жазылды.

Ақыл-ой, интеллектуалдық тәрбиесінің басты міндеті - балалардағы психологиялық процестерді дамыту, қиялды, ойды, түйсікті, есте сақтауды, тілді дамыту. Айналадағы дүниені танып білуде түйсік пен қабылдау үлкен рөл атқарады. Егер балада түйсік пен қабылдау жоғары дәрежеде дамыса, соғұрлым бала қоршаған дүниені өте жақсы жәрежеде біледі. Қоршаған дүниені танып білуде түйсік пен қабылдаудан басқа екінші сигнал жүйесі-тіл басты рөл атқарады. Бірінші сигнал - ми, себебі, балалар алған білімдерін тіл арқылы жеткізеді немесе тіл арқылы әр түрлі хабарлар алып отырады. Бала жасының ұлғаюына байланысты бала есі мен ойы дамиды. Соған байланысты танымы дамиды. Міне, балалардың интеллектуалдық дамуына психикалық процестер үлкен рөл атқарады. Танымдық ойын бұл дидактикалық ойындармен және әр түрлі бағытта жүргізілуімен өткізіледі.

Психологтар балалардың танымдық қабілеттерін дамыту үшін келесі жағдайларды бөліп көрсетеді:

1. Бала дамуында ерекше сезімтал, әсершіл кезең деп шамамен 3-тен 12 жас аралығы саналады. Сондықтан баланың ақыл-парасат дамуының кемелдігі үшін осы кезеңді босқа өткізбей, толыққанды қолдана білу керек.
2. Баланың танымдық белсенділігі жоғары деңгейде болады. Осы қабілеттерінің дамуы үшін оның оқуға деген ұмтылысы, білуге деген талпынысы басты орынға шығады.
3. Тәрбиенің тең құқылы жүйесі. Ата-ананың балаға үстемдік жасауы, өз айтқандарын істетеіп, баланың ішкі пікірін есепке алмауы, санаспауы, баланың толыққанды дамуын тежеуші бірден-бір фактор болып табылады.
4. Баланы интеллектуалдық тапсырмалар мен жаттығулар орындауға үйретіңіз. Бірақ баланың еркінен тыс мәжбүрлеу ешқандай нәтижеге қол жеткізбейді. Керісінше, оның қызығушылығын жойып, белсенділігін тежейді.
5. Өз бетінше оқу. Бала 9 жасына дейін өз бетімен кітап оқып үйренсе, бұл баланың дамуын ары қарай ұштап дамыта түспек.
6. Өзін жоғары бағалау. Бала өзін, өз қабілеттерін жоғары бағаласа ғана, мақсат еткен, қолға алған кез-келген істе сенімді болады.

7. Бала белгілі бір табысқа қол жеткізген жағдайда ғана өзін-өзі бағалай бастайды. Сондықтан да баланы табысқа, жетістікке жетелейтін жағдай жасауға ұмтылу керек.

8. Баласының интеллектуалдық дамуын, зейінінің өсуін қадағалап отыратын, кітап оқығанды жақсы көретін отбасында баланың дамуы жедел жүреді [7, 93 б.].

Сонымен алты жастағы балаларды оқытуда танымдық ойындар ерекше орын алады. Осы жастағы балаларға тән мінез-құлық: ойынға деген қызығушылығының артуы, мінез-құлық еріктілігінің жетіспеушілігі, көрнекілік-бейнелік ойлауы. Сондықтан балаларды дамытуда танымдық мазмұны бар ойын элементтерін қолдану өте тиімді болады. Осындай элементтер болып: ойын сюжеті, рөлдерді бөлу, берілген мақсатқа жету және арнайы ережелерді орындау үшін ұтысты ойын элементтерін пайдалану. Аталған әдіс-тәсілдерді тәжірибелік іс-әрекетте күнделікті қолдану бала интеллектісінің дамуына тікелей ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Левандовская О. Я. Порядок рождения и особенности интеллекта ребенка. Москва, 2000.-112 с.
2. Лейтес Н. С. Умственные способности и возраст. Москва, 2001.- 126 с.
3. Жұмабекова Ф.Н. Мектеп дейінгі педагогика – Астана, 2009.-87 с.
4. Печерова К.Л. Развитие и воспитание детей раннего и дошкольного возраста. Актуальные проблемы и их решения в условиях ДООУ и семьи.– Москва, 2006- 91 с.
5. Григорьева Г.Г., Кроха. Программа воспитания и развития детей раннего возраста в дошкольном учреждении. Методика / Г.Г.Григорьева. — М.: Просвещение, 2013.-134 с.
6. Урунтаева Г.А. Психология дошкольного возраста: учебник / Г.А.Урунтаева. — М.: Академия, 2014.- 211 с.
7. Павлова Л.Я. Раннее детство: познавательное развитие: метод, пособие для дош. обр. учреждений / Л.Н.Павлова, Е.Б.Волосова, Э.Г.Пилюгина. — М. : Мозаика-Синтез, 2006.- 93 с.

УДК 372.2.01

РАЗВИТИЕ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ ДЕТЕЙ ПРЕДШКОЛЬНОЙ ПОДГОТОВИТЕЛЬНОЙ ГРУППЫ ЧЕРЕЗ ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЕ ИГРЫ

Баймуханова Б. К.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Аннотация. В данной статье представлены особенности интеллектуального развития детей предшкольной группы, показатели психологической готовности детей к школе. Проанализированы задачи, условия, сущность познавательных игр, деление игр на группы по характеру.

Ключевые слова: дети предшкольной подготовительной группы, интеллектуальное развитие, познавательные игры.

ӘӨЖ 373.2.02.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУДАҒЫ АРҚЫЛЫ ҚАБІЛЕТТЕРІ МЕН ЖОЛДАРЫ

Гинаятова А.А., Сатыбалдиева А.М.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аңдатпа: Мақалада мектепке дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттері мен оны қалыптастырудың жолдары және оны дамытуда түрлі әдіс-тәсілдерді қолданудың түрлері қарастырылған.

Кілт сөздер: шығармашылық, қабілет, әдіс, эмоция, сабақтастық

Әр баланың бойында табиғат берер ерекше қабілеті, шығармашылық болады. «Бұлақ көрсен көзін аш» - дегендей, осындай баланың бойындағы шығармашылық қасиетін дамыту көбіне тәрбиешілердің кәсіби біліктілігіне байланысты екендігі айдан анық. Жаңа «субъект-субъект» оқыту парадигмасымен жұмыс жасау, әр баланың бойындағы дарындылық қасиеттерін анықтап, дамыту, мектепте өз дәрежесінде жүргізілуі керек.

Шығармашылық пен қабілеттіліктің не екенін, бала шығармашылығының деңгейін анықтайтын психодиагностикалық әдістемелердің тиімділігін, нәтижелілігін білетін тәрбиеші ғана дарынды баламен нәтижелі жұмыс істей алады [1].

Шығармашылығы жоғары деңгейдегі баламен жұмыстың негізгі мақсаты- олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету- оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және балалардың танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады. Баланың дарындылығын анықтап, олармен жұмыс жасау қалай жүзеге асырылуы керек? Ол үшін баланың дарындылығын анықтап, дамыту үшін әр тәрбиеші өзінің алдына мынандай мақсаттар мен міндеттерді қоюы керек.

1. Баланың ақыл-ойының, эмоционалдық және әлеуметтік дамуы мен ерекшеліктерінің өзіндік ашылу деңгейі мен өлшемін ескеру;
2. Жан-жақты ақпараттандыру;
3. Коммуникативті бейімдеу;
4. Баланың шығармашылық бағытының ашылуына, дамуына, қоршаған ортаға өзін-өзі жарнамалауына көмек көрсету.

Осы мақсаттар мен міндеттерді орындауда тәрбиеші мынандай жұмыс түрлерін өз іс-тәжірибелерінде пайдаланса өзі өнімді нәтиже алмақ.

1. Икемді және ұтқыр оқу жоспарын құру;
 2. Оқытуда тәуелсіз қозғалыс жасау;
 3. Баланың өзінің жұмысын өзі жоспарлап, шешім қабылдауына ықпал ету;
 4. Баланың қызығушылығына байланысты жұмыс жоспарын құру;
- Осындай жұмыс түрлерін ұйымдастыруда тәрбиешілер мынандай мәселелерге баса назар аударулары керек:
1. Оқу іс-әрекеттерінде шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды іріктеу, орындау, талдау жұмыстарын жүйелі жүргізуге;
 2. Балалардың білім деңгейі мен олардың өз мүмкіндіктерін пайдалану көрсеткішін арнайы әдістемелер бойынша жүйелі түрде тексеріп отыруға;
 3. Оқу іс-әрекетінен тыс мезгілде жүргізілетін жұмыстарға - пәндік сайыстар, ойындар мен шығармашылық байқауларға дайындық жұмыстарын жыл бойы жоспарлы жүргізуге;

4. Мектепке дейінгі мекемелерде дарынды балалар үшін арнайы топтар құрып, оқу бағдарламаларын жеделтетіп оқытуды ұйымдастыруға.

Қабілетті ұрпақ тәрбиелеуде тәрбиеші жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану қажет, олардың ерекшеліктері – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан –жақты дамыту [2]. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы шәкірт тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі білім алушы бала – өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек. Қазіргі білім алушы бала:

- Дүниетаным қабілеті жоғары;
- Дарынды, өнерпаз;
- Іздемпаз, талапты;
- Өз алдына мақсат қоя білу керек.

М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» оқулығында бала дамуының мәселелерін көтереді. Ол үшін оның танымын, ақылын, еркін қалыптастыру керек екенін жазады.

Баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселелерін талдау ең алдымен «қабілет» ұғымының мәнін терең түсініп алуы талап етеді.

Ж.Аймауытовтың пікірінше, адам өмірге өзіндік табиғи қасиеттерімен, қабілеттерімен келеді. Ал, баланың бойындағы туа біткен қасиеттерді дамытатын оқыту мен тәрбие. Неғұрлым баланың қабілеті мен талантын дамытуға ертерек көңіл бөлінсе, соғұрлым оны толық ашуға мүмкіндік туады. Бала бойындағы ерекше қасиеттерді жасы үлкендер жеткілікті бағаламаса, ол «өзгелер сияқты» болып қалып қоюы мүмкін», – дейді.

Психологтар бала қабілетінің екі түрлі деңгейі болатынын дәлелдейді. Соның бірі шығармашылық әдіс – жаңа нәрсені ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі. Ол үшін балаға бағыт-бағдар бере отырып, баланың өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік беру керек деп ойлаймын [3].

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда әр түрлі әдіс - тәсілдерді қолдануға болады. Баланың өз бетімен жұмыс жүргізуі – шығармашылық қабілетті дамытудың басты жолы. Бұл ізденіс, ойлау әрекетімен тікелей байланысты. Ол үшін балаға берілетін білім сабақтастықты қажет етеді. Мысалы, еліктеуіш сөздер тақырыбына орай айналадағы естілген дыбысты, адамдардың, жануарлардың сыртқы пішінін әр түрлі еліктеу сөздер арқылы жаттықтыру, баланың тілін дамыту ғана емес, шығармашылықпен жұмыс жүргізуге де әсер етеді, яғни бала ізденеді, талаптанады, ойланады.

Оқу іс әрекетінде тәрбиеші мен бала тығыз байланыста болуы керек. Ол үшін тәрбиеші бар күш-жігерін, педагогикалық шеберлігін бала бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашуға, үйлесімді дамытуға бағыттауы, шығармашылық жағдай жасауы қажет. Ал бала өз тарапынан белсенділік, дербестілік көрсетуі, өзіне деген сенімділігі арқылы шығармашылық әрекетті қалыптастыра алады. Сонымен бірге, әрбір сабақ үстінде шығармашылық тапсырма беріп отыруы тиіс. Шығармашылық тапсырма түрлерін топ балаларының жас ерекшеліктеріне, шығармашылық қабілетінің даралығына қарап, әр топ бойынша әрі қарай жалғастыра беруге болады [4].

Бала шығармашылығы практикалық әрекеттер, ізденімпаздық арқылы дамиды. Шығармашылыққа үйрететін сабақтар – жаңа технологияларды қолдану болып табылады. Мұндай сабақтарда балаға ерекше ахуал, тәрбиеші мен бала арасында ынтымақтастық қатынас сақталады.

Әрбір тәрбиеші сабақтан тыс уақытта балалардың шығармашылығын дамытатын әр түрлі кездесулер, іс-шаралар ұйымдастыру қажет. Іс-шара барысында, әрбір балаға өзіндік ойын, көзқарасын білдіруге мүмкіндік беру керек. Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу балаларды шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы қабілет көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға, өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді [5].

XXI ғасыр - білім ғасыры. Тек білімді азаматтарымен ғана еліміздің болашағы жарқын болмақ. Білімді ұрпағы бар мемлекет өзінің даму жолында кез келген кедергілер мен тосқауылдарға қарсы тұра алады [6].

Тәрбиеші еңбегі – бала білімімен өлшенеді десек, ұстаз еңбегінің күрделілігі – әрбір оқушы жүрегіне жол таба білуінде. Әрбір баланың бойындағы қабілетті дамыту арқылы өзін, өмірді, әлемді танып білуге, қоғам алдындағы жауапкершілік қасиеттерін сезіндіре білуінде жатыр.

Балалардың қызығушылығы мен қабілеті әр түрлі. Сондықтан балабақшада балаларға арналған арнайы үйірмелер ұйымдастыру арқылы олардың шығармашылық қабілеттерін шыңдай түсуге болады. Мұнда физикалық және эстетикалық тәрбиеге жан-жақты, терең негізделген еңбекке баулу шешімін табу үйірмелері жатқызылуы керек. Үйірме жұмысын әр түрлі жалпы оқу пәндері негізінде де жасауға болады.

Шығармашылықпен айналысу кезінде төмендегі міндеттер шешіледі:

- Баланың танымын түзету;
- Баланың мүмкіндіктерін салыстыру және пысықтау ерекшеліктері
- Балалардың әр түрлі өнер түрлерімен жеке бағыттармен танысу.
- Өнерге деген эмоциональды-эстетикалық белсенді қарым-қатынасын адамның ішкі жан-дүниесінің қызығушылығын арттыру.
- Күнделікті өмірден алған білімдерін қолдануға үйрену.

Осылайша баланың барлық психикалық қызметі жұмысын жасап тұрған ретінде дамуы басталады. Үйірме жұмыстары ерікті түрде болатындықтан балалардың жеке мүмкіндіктеріне байланысты ұйымдастырылуы қажет. Үйірме жұмыстары тәрбиешіге әр түрлі ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізуге балалардың шығармашылық жұмысқа сүйіспеншілігін арттырып жұмысты орындауға қызығушылығын қалыптастыруға мүмкіндік тудырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Балабақшадағы бейнелеу іс әрекетінің теориясы мен методикасы. «Мектеп», Алматы, 1983. –245 б.
2. Мухина В.Е. Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы. Алматы -2001, -146
3. Мұсаев С.А., Бегалиев Т.Б. Жас ерекшелік педагогикасы. Астана, 2006, -110б
4. Бабкина Н.В.,Тұрғынбаева Б.А. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Бастауыш мектеп №7, 2008. -366
5. Мұқашев М., Сейтімов А., Хамзин Н. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі. Астана, 2008. - 58б
6. Тұрғынбаев Б.А. Кіші жастағы балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Алматы, 2005. -182б

ӘӨЖ 373.2.02.

МЕТОДЫ И ПУТИ РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСТВА ДОШКОЛЬНИКОВ

Гинаятова А.А., Сатыбалдиева А.М.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Аннотация: В статье рассматриваются творческие способности дошкольников и пути их формирования, а также использование различных методов в ее развитии.

Ключевые слова: творчество, способность, метод, эмоция, преемственность

ӘӨЖ 37.013

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Опиева Г.Б., Мамбеталиева А.З.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Андапта: Мақалада қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі - оқу үрдісіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу, білім беруді ақпараттандыру болып табылады. Ақпараттық технологияларды сабақта қолданудың негізгі мақсаты: біртұтас білімдік ақпараттық ортаны құру, жаңа ақпараттық технологияны қолдану, әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыру. Бұл тұрасында Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық алаңдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп көрсетілген. Осы тұжырым білім беру жүйесін ақпараттандырудың мақсаты болып табылады.

Кілт сөздер: инновациялық тәсілдер, мониторингтік әдістер, функционалдық сауаттылық, шығармашылық, рухани адамгершілік, үздіксіз білім, конкурс, форум.

Қазақстанның білім беру моделі мемлекеттік ұйым ретінде, білім беру жүйесі мемлекеттік билік құрылымындағы халық шаруашылығының, басқа да салалары сияқты, өз алдына бөлек бағыт. Ол қатаң түрде орталықтандырылған, мақсаты, білім беру мазмұны, оқу мекемесінің білім беру жүйесінің типіне сәйкес оқу пәндерін анықтаудан құрылады [1]. Тенденцияларға тоқтала кететін болсақ:

Бірінші тенденция – білім берудің әрбір кезеңін үздіксіз халықтық білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде ұғыну (мектеп пен жоғары оқу орны; ЖОО мен студенттердің болашақ өндірістік қызметі);

Екінші тенденция – «оқытуды индустрияландыру», яғни қазіргі заманғы қоғамның интеллектуалдық әрекетін іс жүзінде күшейтуге мүмкіндік беретін оқытуды компьютерлендіру және оны технологияландыру.

Үшінші тенденция - басым мәліметтік формалардан проблемалық элементтер, ғылыми ізденістер, оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу қорын кеңінен қолданулары қамтылған оқытудың белсенді әдістері мен формаларына көшу.

Төртінші тенденция – оқу-тәрбие процесін қатаң тәртіппен ұйымдастыру мен алгоритмделген әдістерден осы процесті дамытушы, белсендіруші, жылдамдатушы, ойын және т.б. әдістеріне ауысудың психологиялық-дидактикалық шарттарын қарастыру.

Бесінші және алтыншы тенденция - оқушы мен оқытушының өзара әрекеттесуін ұйымдастыруға қатысты және оқытуды ұжымды, оқушылардың бірлескен әрекеті ретінде ұйымдастыру қажеттілігін атап өтеді, бұл жерде басты назар «оқытушының оқыту әрекетінен оқушының танымдық әрекетіне ауысады».

Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Оқытудың әр-түрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде [2].

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз

кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Француз қайраткері «Адамға оқып – үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет» дегендей оқыту процесін технологияландыру, осыған сәйкес оқу бағдармаларын жасау, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен танысу жұмыстары мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды [3].

Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтардың, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Ең бірінші кезекте мұғалімнің « өзіндік жаңалығы» болуы қажет. Ғылым жаңалығын түрлендіруде өз үлесін қосу арқылы жасаған нәтижелі жұмысы өзгелердің тәжірибесін толық көшірмей, жаңа ортаға икемдеп, өзіндік іс- әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізу керек. Қазіргі кәсіптік- педагогикалық қызмет қандай мұғалімді талап етеді. Мұғалім – оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға басымдық беретін, күрделі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашылық процестерді басқара алатын, адам туралы ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, компьютерлік оқыту өнерін терең меңгерген жан- жақты дамыған шығармашыл тұлғаны талап етеді. Түрлі әдістемелік тәсілдер пайдалану арқылы қабілеті әртүрлі балардың ортасынан қабілеті жоғары баланы іздеп, онымен жұмыс жасау, оны жан - жақты тануды ойлап, оқушылардың шығармашылық деңгейін бақылап отыру әрбір мұғалімнің міндеті. Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе – білім беру, ғылымды дамыту. Өркениет біткеннің өзегі, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Осы орайда білім ордасы – мектеп, ал мектептің жаны – мұғалімдердің басты міндеті - өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін қастерлей және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін тұлға тәрбиелеу. Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да сол жан-жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады [4].

Рухани бай, жан-жақты дамыған жеке тұлғадағы ең басты қасиеттердің бірі - тіл байлығы, өз ойын нақты, терең мағыналы әрі көркем жеткізе білетін, шешен де ойлы сөйлей білетін, Абайша сөйлегенде сөзі жүрекке жылы тиетін, сөз құдіретін игерген адамдарда да тұлғалық қасиет болады. Рухани адамгершілікке тәрбиелеудің басты мақсаты оқушылардың белсенді өмірлік жолын, қоғамдық борышқа саналы көзқарасын, сөз бен істің бірлігін қамтамасыз етіп, адамгершілік нормаларынан ауытқушыларға жол бермеуді қалыптастыру болып табылады. Үздіксіз білім беру мазмұнын жаңарту қоғамды ақпараттандыру үрдісінің дамуына байланысты өзгеріске ұшырап отырады, ал мемлекеттік тілді оқытуды ақпараттандыру оқыту мақсаттарына терең деңгейде әсер етеді. Соған сәйкес қазақ тілін жеделдете оқытудың міндеті - адами қарым-қатынасқа дайын, әлеуметтік-лингвистикалық ахуалды дұрыс бағалайтын, мемлекеттік тілді білудің қажеттілігі мен әлеуметтік маңызын терең сезінетін, қазақ тілінде сөйлесім әрекетін жағдаятқа сәйкес үйлесімді қолдана білетін, жоғары азаматтық жауапкершілік пен әлемдік көзқарасының, сана-сезімінің дамуы күнделікті өмір қажеттілігі болып табылатын болашақ ақпараттық қоғам мүшелерінің сапалы жаңа моделін жасақтау болып табылады [5]. Осыны жүзеге асыруда жаңа формацияның педагогы қажет. Мұғалімдердің жаңа ұрпағы, білім деңгейі жөнінен әрдайым саналып келгендей, біршама емес, әлдеқайда жоғары болуы тиіс. Демек, мектеп оқушыларының ғылым, білімнің қоғамдық қажетті

деңгейі мен қамтамасыз ету, оларды Отандық, ұлттық және әлемнің мәдениет арналарына сусындату қажет. Ыбырай Алтынсарин сөзімен айтқанда мектептің жұмыскер жүрегі – ұстаз. Яғни, негізгі білім қазығы – бастауыш сынып мұғалімдерінен үлкен үміт күтері сөзсіз. Осы міндеттерді жүзеге асыруда әр сыныптың ерекшелігі білім деңгейіне сай болуы қажет.

Қазіргі заман талабына бейімделген шәкіртті тәрбиелеп, білім беруде өз тәжірибемде басты өзекті тақырыбымызды: «Жеке тұлғаға бағытталған оқытуды ұйымдастыру арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру», - деп, Сәбит Мұқанов айтқандай, үнемі сыйлы, қадірлі, сүйікті болып, шәкірттерімізді білім нәрімен сусындатып, белестерге жете берейік. Сондықтан баланы жеке тұлға ретінде өздігінен дамуға итермелеуіміз керек. Себебі жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білім алу арқылы өз бетінше дамуын қойып отыр. Бұл мақсатқа жетуде өз бетінше ХІ ғасырға аяқ басқалы бері жаһан жаңа технологиялар дәуіріне өтті. Адамзат өмір сүру тәртібін барынша жеңілдетуге талпынған сайын жаңа технологиялар дүниеге келіп жатыр. Адам бір ғана түймешікті басу арқылы бүкіл әлемді басқарғысы келеді. Смартфон мен компьютердің соңғы шығарылған үлгісін меңгеріп болам дегенше жаңа технологиядағы үлгісі шығып үлгереді. «Ғылымы жоқ елдің болашағы бұлыңғыр» деген қанатты сөзді Әл-Фараби бабамыз бірнеше ғасыр бұрын айтып кетсе де, өзектілігі әр ғасырда жойылған емес. Қазақстанда ғылымның дамуына үлес қосатын мекемелер - зерттеу институттары мен жоғары оқу орындары. Жүйелі саясат құрылса мұндай ұйымдарға мүмкіндік беріп, ғылымды жан-жақты дамытуға болады. Ол үшін әлемдік тәжірибе алмасу керек. Ғылымды дамыту комитеті мемлекеттің осы саланы дамытуға бөлген қаржысын тиімді жұмсай алса, бұл олқылықтың орнын толтыруға болады. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын қабылдады. Аталған бес жылдықта бағдарламаны іске асыру үшін 11,5 млрд теңге қаржы бөлу көзделді. Отандық ғылымды дамыту мақсатында шаралар, конкурстар өткізіліп жатыр. Тәуелсіздікке қол жеткізгелі бері Қазақстан әлемдік түрлі бәсекелерде топ жаруда алға ұмтылуда. Дегенмен ғылым саласына келгенде айтулы жетістіктер жоқтың қасы. Сондықтан Қазақстанда ғылым Кеңес одағы тұсында дамыды деген түсінік қате. Домбыра мен қобыздан, сыбызғы мен саз сырнайдан шығатын әрбір дыбыс физика заңдылықтары ескерілген, акустикасы дәл қойылған, нағыз өнер мен ғылымның қосалқы туындысы. Ыбырай Алтынсарин ұшақ жоқ заманда жазып кеткен «тастан сарай салғызатын, айшылық-алыс жерлерден жылдам хабар алғызатын, адамды құстай ұшырататын» заман келді. Мұндай мүмкіндіктерді туғызған ғылымның дамуы екені сөзсіз. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында 2025 жылы ғылымды қаржыландыру көлемі жалпы ішкі өнімнің 1 %-на жеткізу қажеттігін айтқан болатын. Сонымен қатар, ол «Үкімет бұдан былай ешкімге қызықсыз, маңызы жоқ зерттеу жұмыстарына қаржы бөле алмайтынын айтты».

Қазақстанның ғылыми-технологиялық даму стратегиясы әзірленген. Онда өзге мемлекеттердің тәжірибесі ескерілген, Отандық ірі ғылыми-зерттеу институттары, зертханалары мен университеттердің жетекші ғалымдары осы маңызды стратегиялық құжатты талқылауға қатысып, жан-жақты талдау жасады. Қазақстан ғылым кандидаттары мен ғылым докторларының саны жөнінен алдыңғы орында, ал ғылыми нәтижелерден соңғы орында. «Бизнес тарапынан ғылыми қызметті бірлесіп қаржыландыру үлесінің артқандығы қуантады. Бизнесінің ғылымға қосқан үлесі 3 жыл ішінде 4,8 млрд теңгені құрады. Жыл сайын елімізде ғалымдардың еңбегін қолдау, жас ғалымдарды ғылым саласына тарту мақсатында ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Қоры дарынды жастардың бастамаларын қолдауға бағытталған жобаларға қаржы бөліп, конкурстар, форумдар ұйымдастырады. Бұндай маңызды шараларға шетелден қатысушылар да шақыртылып, ел дарындыларының тәжірибе алмасуына жағдай жасалады», - деп жазды ол. Аймағамбетов

ғылыми жобаларға арналған конкурстардың тәртібін де өзгерткен. «Бұрын ғылыми жобаларға конкурстар үш жылда бір рет өткізілетін. Егер ғалым грант ала алмаса, келесі мүмкіндік тек үш жылдан кейін ғана беріледі. Енді конкурстар жыл сайын өткізіледі», - деді министр.

Қазақстандағы жаңа технологиялар мен отандық ғылымның жаңа кезеңі. Қазақстанда ауыл шаруашылығы және медицина саласында ғылыми зерттеу жүргізіп, жаңа нәтижеге талпынған жас мамандардың қарасы көбейіп келеді. Отандық пластмассадан бұйымдар басып шығаратын түрлі-түсті 3D принтер әзірлеген Жану мәселелері институтын да осы қатарға қосуға болады. 3D принтерді тестілеу мен сынақ жүргізу ойдағыдай сәтті жүргізіліп, пластмассадан тестіленген бұйым алынды.

Мемлекет басшысы құқық қорғау жүйесін одан әрі онтайландырып, біліктілікті барынша нақтылау қажеттігін және есеп беру жүйесі мен әрбір құқық қорғау органының іс-әрекетінің бағасын беруде парламенттік және қоғамдық қатаң бақылау болуы керектігін айтты. Ал құқықтық жүйені одан әрі жетілдіру жеке адамның мүддесін, оның құқы мен бостандығын қорғау кепілдігін арттыра түседі. Қазақстан өзі мойнына алған тиісті халықаралық міндеттемелер мен халықаралық стандарттарды орындай отырып, ашық қоғам және құқықтық мемлекет орнатуға ұмтылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қазақстан Республикасында 2015жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы//Астана. 2004. 3-4б.
- 2.С.Е. Шишов. Понятие компетенции в контексте проблемы качества образования // «Государство и образование», 2002. 88-б
- 3.В.А. Хуторской. Ключевые компетенции как компонент личностноориентированной парадигмы образования. // «Народные образования», №2, 2003. 58-94-б
- 4.Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе // Алматы. 2005, 174-бет
- 5.К.Құдайбергенова. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий // «білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі » атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. 2008. 30- 32-б

ӘӨЖ 37.013

ОСНОВНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Опиева Г.Б., Мамбеталиева А.З.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Аннотация: В статье рассматривается одна из важнейших проблем современной системы образования, которой является внедрение в учебный процесс новых инновационных технологий, информатизация образования. Основная цель применения информационных технологий на уроке: создание единой образовательной информационной среды, применение новых информационных технологий, сопряжение с

мировым образовательным пространством. В этом контексте в законе Об образовании Республики Казахстан указано: «главная задача системы образования-создание необходимых условий для получения образования, направленных на формирование и профессиональное совершенствование личности на основе национальных и общечеловеческих ценностей, достижений науки и практики; внедрение новых технологий обучения, информатизация образования, выход в международные глобальные коммуникационные сети». Данный вывод является целью информатизации системы образования.

Ключевые слова: инновационные подходы, мониторинговые методы, функциональная грамотность, творчество, духовно-нравственность, непрерывное образование, конкурс, форум.

УДК 796.015

ОСОБЕННОСТИ ОТНОШЕНИЯ СТУДЕНТОВ ВУЗА К ВИДАМ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

Сагинтаев Аман, Собянин Ф.И., Макашев Ш.А.

Западно-Казахстанский университет им. М. Утемисова, г.Уральск
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Аннотация. Проведен анкетный опрос 40 студентов разных факультетов 1-3 курсов Западно-Казахстанского университета имени М. Утемисова. В результате проведенного исследования установлено, что большинство студентов положительно относятся к образовательному процессу в области физической культуры и к спорту. Самый низкий рейтинг у адаптивной физической культуры и экстремальной физической культуры.

Ключевые слова: студенты, вуз, физическая культура, опрос, отношение.

Введение. В век информационного бума физическая культура активно развивается. В результате развития потребностей в этой сфере появляются и новые виды физической культуры. В то же время среди обучающейся молодежи очень динамично развиваются интересы в области физкультурно-спортивной деятельности. Выявление отношения среди вузовской молодежи к отдельным видам физической культуры позволяет получить информацию, необходимую для коррекции физкультурно-воспитательной, спортивной, физкультурно-массовой и другой работы среди студентов, связанной с системой физической культуры, что и определяет актуальность настоящего исследования.

Методы и организация исследования. В исследовании применялись анализ специальной научной литературы, анкетный опрос, анализ результатов опроса студентов. Всего было 40 респондентов – студентов разного возраста, пола, с 1 по 3 курсы, разных факультетов.

Полученные результаты и их обсуждение.

Для выявления отношения студентов к видам физической культуры была избрана теория физической культуры профессора В.М. Выдрина и его научной школы [1,2,3]. Согласно ей видами физической культуры являются: физкультурное образование, спорт, физкультурная рекреация, физкультурная реабилитация, профессионально-прикладная

физическая культура, адаптивная физическая культура, лечебная физическая культура, экстремальная физическая культура.

В результате проведенного исследования было установлено, что самое лучшее отношение у студентов проявляется к спорту (Таблица). 90% респондентов высказывают к нему самое положительное отношение и только 10% - нейтрально относятся к нему.

Таблица

Отношение студентов к видам физической культуры (% опрошенных)

Виды физической культуры	Характер отношения			Рейтинг
	положительное	нейтральное	отрицательное	
Физкультурное образование	60	40	-	6
Спорт	90	10	-	1
Физкультурная рекреация	80	20	-	2
Физкультурная реабилитация	70	30	-	3
Профессионально-прикладная физическая культура	51	49	-	7
Адаптивная физическая культура	70	30	-	3
Лечебная физическая культура	64	36	-	4
Экстремальная физическая культура	10	64	26	8

По рейтингу на втором месте оказалась физкультурная рекреация. Следовательно, студентам больше всего нравится либо активно заниматься спортом, либо заниматься физическими упражнениями для развлечения. Одинаково (до 70% опрошенных относятся положительно) высказали свое отношение студенты к физкультурной реабилитации (восстановлению после травм, ранений, переутомления, болезни) и адаптивной физической культуре (занятия физической культурой для инвалидов).

Остальные виды физической культуры менее популярны среди студентов, но отношение к ним распределяется между положительной и нейтральной оценками. Это относится, в частности, к лечебной физической культуре, профессионально-прикладной физической культуре.

Любопытно отметить, что ожидаемое положительное отношение к физкультурному образованию оказалось лишь на шестом месте, заметно уступая другим видам физической культуры. Отсюда следует заключение о том, что в системе физкультурного (неспециального) вузовского образования существуют серьезные проблемы, которые влияют на мотивацию студентов к занятиям по физической культуре.

Примечательно также высказанное отношение студентов к занятиям экстремальной физической культурой. Здесь впервые обнаружилось отрицательное отношение к физической культуре. Чем можно объяснить выявленный факт? Считаем, что его можно объяснить несколькими аргументами. Во-первых, в выборке респондентов большинство составляли представительницы женского пола, которые в меньшей степени, чем юноши, желают рисковать своим здоровьем. Во-вторых, большинство из опрошенных не представляют себе, какие именно экстремальные упражнения или виды спорта могут предложить им в рамках учебной программы по физической культуре в вузе. В-третьих, большинство опрошенных психологически, физически не готовы к тому, чтобы заниматься экстремальной физической культурой.

Используя полученные данные можно выстраивать определенные программы занятий по физической культуре со студентами вузов, применять различные формы, методы и средства физического совершенствования в ходе обучения в высших образовательных учреждениях.

Выводы.

1. В целом студенты вуза положительно относятся к видам физической культуры: только по отношению к экстремальной физической культуре положительное отношение высказали всего 10% обучающихся, а по отношению ко всем другим видам положительное отношение обнаружили более 50% опрошенных.

2. К сожалению, в представленном рейтинге физкультурное образование не попало даже в тройку лидеров по уровню положительного отношения студенчества, что вызывает определенную озабоченность.

3. Экстремальная физическая культура в настоящий момент не вызывает у опрошенных студентов явно выраженных позитивных эмоций.

4. Наивысшие показатели проявления позитивного отношения у студентов вызывают занятия каким-либо спортом и физической рекреацией, что свидетельствует о доминирующих потребностях у них в активном физическом совершенствовании, укреплении здоровья и желании использовать средства физической культуры для проведения активного досуга, подвижного отдыха и развлечения.

Список использованной литературы:

1. Выдрин В.М. Физическая культура – вид культуры личности и общества (опыт историко-методологического анализа проблем): монография. Омск: Изд-во СибАДИ, 2003. – 142 с.
2. Выдрин В.М. Теория физической культуры (культуроведческий аспект). Учеб.пособие. ГДОИФК им. П.Ф. Лесгафта. – Л., 1988. – 45 с.
3. Лотоненко А.В., Гостев Г.Р., Гостева С.Р., Григорьев О.А. Физическая культура и здоровье: Монография. – М.: «Еврошкола». 2008. – 450 с.

УДК 796.015

**ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ТҮРЛЕРІНЕ ҚАТЫНАСЫНЫҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Сагинтаев Аман, Собянин Ф.И., Макашев Ш.А.

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аңдатпа. М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 1-3 курс әр түрлі факультеттерінің 40 студентіне сауалнама жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде студенттердің көпшілігі дене шынықтыру және спорт саласындағы білім беру процесіне оң көзқараспен қарайтыны анықталды. Бейімделетін дене шынықтыру мен экстремалды дене шынықтырудың ең төменгі рейтингі.

Кілт сөздер: студенттер, ЖОО, дене шынықтыру, сауалнама, көзқарас.

ӘӨЖ 397.3(574)

"ТОҒЫЗ ҚҰМАЛАҚ" ҰЛТТЫҚ ОЙЫНЫН ДЕНЕ ТӘРБИЕСİNДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Орынбасаров Д.И., Байтлесова Н.К.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

Аңдатпа: Ұлттық ойындарды мектептегі дене тәрбиесі сабағында қолданудың заманға сай әдістерін ойлап табу әрине қиын. Қазіргі компьютер заманында оқушыларды қызықтырып асық, бес тас ойнаңдар деп айту өте қиын іс. Сондықтан тоғызқұмалақ ойынының бала дамуында алар орны ерекше. Сабақтың барысында сол табиғилығын сақтай отырып, оның элементтерін ретті пайдалану сабақтың әр кезеңінде оқушылардың көңіл-күйіне психологиялық жағынан барлау жасай отырып, шатишаңдық пен ұшқырлыққа, сабырлылық пен білгірлікке әрекет жасауды үйретеді.

Кілт сөздер: логикалық ойлау, салт-дәстүрлерімен таныстыру, рухани құндылық, ұлттық ойын, ойын мен еңбек.

Көне заманда жазу, сызу болмаған кезінде ата – бабаларымыз ұлт ойындарын жан – жақты тәрбиелеудің негізгі құралы ретінде қарастырып, күшті, төзімді, түрлі жарыстарда жеңімпаз атанатын адамды анықтау рөлін ғана атқарып қоймай, тәрбиеге пайдалы ықпал ететін негізгі күш ретінде қарастырған. Қазақтың ұлттық ойындарында адам өміріндегі балалық шақ, ер жеткен кез, үлкен адамдарға қатысты барлық кезеңдер ескерілген. Әр халықтың ұлттық ойындарының негізінде педагогикалық мақсаттар жатады [1]. Қазіргі кезде ұлттық ойындар құнды тәрбие құралы ретінде бұқаралық түрде танымдылығы төмен төмен болып келеді. Кейбірі ұмытыла бастаса, кейбірі тәрбие құралы ретінде оқу орындарында, отбастарында пайдалануы азайып кеткендігін көруге болады. Бірақ, атадан аманат болған ойындар ұмытылып, тарих кітаптарының ғана бетінде шектеліп қалған жоқ. Елімізде ұлттық ойындарының біраз түрлері қолға алынып, ұлттық федерациялар құрылған. [1,24-876]

Балаларға ұлттық тәбие беруде ұлттық ойындардың орны ерекше. Ұлттық ойындар барысында балаларға дене тәрбиесімен қатар, қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыру, баланы ұлттық рухта тәрбиелеу үрдісі жүзеге асырылады. Мысалы, «Ақсерек пен Көксерек», «Соқыр теке», «Орамал тастамақ», «Алтыбақан», «Бәйге» сияқты көптеген түрлері кимыл – қозғалыс, белсенді іс - қимыл жасауына себеп болса сонымен қатар тәртіпті сақтау, әділетті болу, қоршаған ортамен танысу тағы басқа тәрбиелік, мәдени жақтарды жетілдірумен ерекшеленеді. Логикалық ойлау қабілеттерін дамытатын «Тоғызқұмалақ», «Бестас» секілді ұлттық ойын түрлері де бар. Ұлттық ойынның нәрімен сусынданған жас ұрпақ қашанда ұлтжанды болып өседі. Сол үшін де патриотты, рухы мықты ұрпақ тәрбиелеуде осыны ескерген жөн. Тоғызқұмалақтың шығу тарихы 4 мың жылдық кезеңді қамтиды. Ал кейбір мамандардың айтуынша, оның пайда болған кезі бұдан да көп уақыт болуы әбден мүмкін. Тоғызқұмалақ өткен ғасырларда қазақ даласындағы ең кең тараған ойын. Қазіргі кезде республикада оның жеке қауымдастығы бар, облыс орталықтарында тоғыз-құмалақты үйренемін деушілерге федерация бөлімшелері мен үйірмелері ашылған. Бүгінде Қазақстанда осы жұмыстардың ұйытқысы болып отырған танымал бірнеше азаматтар бар. Солардың ішінде тоғыз-құмалақ федерациясының президенті Әлихан Байменов, вице-президенті Сардар Шәріпов пен «Таңғажайып тоғыз-құмалақ» кітабының авторы, тоғызқұмалақтан мемлекеттік жаттықтырушы Мақсат Шотаевты есімін атауға болады. Қазақстан тәуелсіздік алған жылдан бері тоғыз-құмалақ жылдан-жылға дамып келеді. Бұл жерде жаңа құрылған тоғыз-құмалақ федерациясының ықпалы зор болып отыр. Бүгінгі таңда осы

қауымдастықтың арқасында елдің түкпір-түкпірінде үйірмелер ашылып, тоғызқұмалақтан жарыстар жиі өткізіліп келеді[3].

Ойын мен еңбектің ұқсас сипаттары көп. «Жақсы ойын – жақсы жұмыс, жаман ойын – жаман жұмыс» сияқты. Баланың ойыны да, үлкендердің жұмыстарындағыдай жауапкершілік болуы шарт. Бала ойын барысында: ережесін бұзбай, жолдастарын еш ренжітпей, ұқыпты, тиянақты болуға дағдылануы керек. Психолог А.В.Запорожец: «Ертегі сияқты, ойын да баланың бейнелейтін адамдарының ойы мен сезімдеріне терең бойлауға үйретеді күнделікті әсер шеңберінен адамның алға ұмтылыстары мен қаһармандық істерінің кең әлеміне шығарады», - деген [4]. Яғни бала ойынға бар ынта, күш-жігерін, қиялын жұмсайды. Баланың ойынын терең бақылайтын болсаңыз, онда баланың жандүниесін, қызығушылықтары мен қай сала бойынша икемді екенін ерте жастан ақ аңғарасыз. Ал ендеше ұлттық ойын арқылы баның ерік-күшін, патриоттық мінез-құлқын, эстетикалық талғамын ұжымдық қарым қатынасқа, еңбексүйгіштікке тәрбиелей аламыз. Ұлттық ойындар ең алдымен баланың ақыл ойы мен танымдық белсенділігін арттырады. Ұлттық ойындарды халық арасында насихаттау жұмыстарына мен де өз үлесімді қосу мақсатында, жетекшімнің тың идеясын пайдаланып «Бес тас» ойынын негізге ала отырып, заманауи ойын нұсқасын түрін жасап шықтым. Ол ойынның негізгі мақсаты, ойыншының логикалық қабілетін дамыта отырып, шапшаңдыққа үйрету. Бұл ойын әлемдік интеллектуалдық ойындардан еш қалыспайды деп ойлаймын. «Бес тас» ойынының тарихы еңбек құралдары ағаш, тас, сүйекті пайдаланған ғасырларда жатыр. Ойынның негізгі құралы ретінде қарапайым асықты немесе 5 домалақ тасты пайдалануға болады. Ойын құралы тым қарапайымдылығымен-ақ өзінің сонау көне дәуірден келе жатқанын дәлелдейді. «Бес тас» ойыны «тоғыз-құмалақ», «асық» және т.б. ойындары секілді үстел басында бүкіл отбасы мүшелері жиналып, «Бес тас» ойынының қорапшадағы арнайы кілемшесін ортаға жайып жібереді. Бес тастың 19 ойнау түрін ойнай отырып, қызықты тапсырмаларды орындайды. Ол тапсырмаларда «жеті атанды атап бере ғой» деген секілді ұлттық тәрбиеге баулайтын бірнеше сұрақтар кездеседі. Қазіргі кезде бүкіл дүниежүзіне танымал «монополия», «мафия», «дженга», «твистер» секілді ойындардың орнын басатын өзіміздің ұлттық ойындарымызды заманға сай етіп жасап шығуымыз уақыт талабы. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай «Отандық өнім ұлттық құндылығымен бағалы болады» деп атап көрсетеді. Асық ойынына қойдың асығын дезинфекциялап, арнайы қалташаға немесе қораптарға салып, ойын ережесі 3 тілде жазылған нұсқаулығымен алыс-жақын шетелдерге экспорттауға шығаруға келеді. Жоғарыда аталып кеткен шетелдік ойындардан, өзіміздің ұлттық ойындар, атадан аманат болғаны үшін де біздерге қымбат қазақ даласындағы ең кең тараған ойындардың бірі[2,1236]

Қорыта келе қазақтың ұлттық ойындары мәдени-патриоттық тәрбие беруде ұтымды құрал екендігін дәлелдеп отыр. Ұлттық ойындар мектепке дейінгі, мектеп жасындағы, жастар мен ересектер арасында бұқаралық дене тәрбиесі құралы ретінде пайдалану, ұлттық ойындарымызды сақтау, насихаттау, денсаулықты нығайту, салауатты өмір салтын таратуға септігін тигізері сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабекова Ф.Н . Мектепке дейінгі педагогика.- Астана 2008 .
2. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл. ISBN 5-89800-123-9
3. Қазақстан - спортшылар елі. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: "СөздікСловарь". ISBN 9965-822-57-3
4. Ядешко В.И., Сохин Ф.А. Мектепке дейінгі педагогика. - Алматы, Мектеп 1982

УДК 397.3(574)

ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИГРЫ" ТОГЫЗКУМАЛАК " В ФИЗИЧЕСКОМ ВОСПИТАНИИ

Орынбасаров Д.И., Байтлесова Н.К.

Западно-Казахстанский университет имени М.Утемисова, г.Уральск

Аннотация: Сложно найти современные способы использования национальных игр на уроках физкультуры в школе. В сегодняшнюю компьютерную эпоху очень трудно сказать ученикам играть в пять камней. Поэтому особое место в развитии детей занимает тогызкумалак. Упорядоченное использование его элементов при сохранении той же естественности в течение урока приучает учащихся действовать ловко и терпеливо.

Ключевые слова: логическое мышление, национальные игры, знакомство с традициями, духовная ценность.

ӘОЖ 796.323.2

БАСКЕТБОЛ ОЙЫНЫНЫҢ ТЕХНИКАЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӘДІС- ТӘСІЛДЕРІ

Есеев Т.К., Жұмарыстанов Қ. О., Тулегенов Б. Т.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аңдатпа: Мақалада баскетбол ойынының техникаларын жетілдірудің әдіс-тәсілдері жөнінде баяндалады. Баскетбол ойынындағы негізгі әдіс-тәсілдердің маңыздылығы жәнеде арнайы ойын кезіндегі техниканың жүйелі түрде орындалуы түсіндіріледі. Ойын кезіндегі баскетболшылардың арнайы психологиялық дайындығын дамыту үшін жасалатын жаттығулар жөнінде баяндалады. Баскетболшылардың арнайы психологиялық дайындығын қалыптастыру жолындағы тұрақты қалыптасқан жаттығулардың негізгі ерекшеліктері ашылады.

Кілт сөздер: Физикалық, техникалық, команда, факторлар, әдіс-тәсілдер, ойын техникасы, бағалау критерийлері, халықаралық федерация, спортшы техникасы, ойын ережесі.

Жақсы денсаулық адамның жеке және қоғамның іс-әрекетіне жемісті қатысуының маңызды кепілі. Баскетболмен шұғылдануды мектеп табалдырығынан бастамай жоғары жетістіктерге жету өте қиын. Сондықтан оқушылардың жеке адамды жан-жақты дамытуды дене тәрбиесінің маңызы зор. Баскетбол дамуының түрлі кезеңдерінде тәсілдер саны, оларды орындау әдістері, бағалау критерийлері өзгеріп, жетілдіріліп отырылған.

Баскетбол – бұл бүкіл әлемге тараған ойындардың бірі. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін алуына байланысты республикамызда баскетболды дамытудың жаа беттері ашылуда. 1991 жылы Қазақстан Республикасының Баскетбол федерациясы құрылды. 1992 жылы Ұлттық чемпионат өткізілді. Осы ойын түрінен бүгінде құрлық және әлем біріншілігі өткізіліп тұрады. Халықаралық федерациясы жұмыс жасайды. Баскетбол ойынының қозғалысы адам баласына аса пайдалы табиғи қозғалыс пен дене мүшелерінің қимылынан тұрады – жүгіру, жүру, секіру және лақтыру. Бұл ойынды тоғыз, он жасар баладан бастап қай жаста болсын, бәрі ойнай береді. Сондықтан, бұл оқушылар оқу процесінде ойынның негізгі айлатәсілдері, тыныс алу және ойын жүйесін біледі, жарысқа

да қатыса алады. Баскетбол – дене тәрбиесі пәні жаттығуларының бірі ретінде ең тиімді және ағзаға пайдалы болып табылады. Баскетбол ойыны адамның көңілін шаттандырып, іскерлігін арттырады. Бүгінгі баскетбол ойынының даму деңгейі өзінің ең жоғарғы нүктесіне жетті деуге болады, себебі ойынның бүгінгідей жылдамдығы бұрын – сонды болып көрген жоқ. Ойыншының қозғалысы, жүгіру жылдамдығы секіру және лақтыру, кілт тоқтауы. Міне, мұның барлығы жалпы дамыту жылдамдығын, ойыншылардың дайындық деңгейін көрсетеді [1].

Әрбір даму кезеңіндегі спортшы техникасы – бұл ойыншыға ережелер шектеулерінен шықпай күрделі ойын жағдайларында ең тиімді іс-әрекет жасауына көмектесетін тәжірибемен тексеріліп өткен тәсілдер жиынтығы. Кенеттен қлыптасатын ойын жағдайларында ең тиімді нәтижелерге қол жеткізу үшін, баскетболшы ойын техникаларының көптүрлілігін толығымен меңгеріп, белгілі бір жағдайда қажетті тәсіл немесе тәсілдер жиынтығын таңдай біліп, тезарада, әрі нақты орындауы керек.

Техника – ол ойынның тәсілі, ойыншылардың қорғаныс пен шабуылда нәтижелі әрекеттерін қамтамасыздандырып, команда ішінде ойыншылардың бірігіп әрекеттесуі мен қарсылық көрсетуін ұйымдастырады. Қазіргі заман техникасы – ол күрестің формасы мен әдісінің тарихи дамуы қорытындысы. Уақыт өте келе, тәсілдердің саны да өзгерді. Әрбір тарихи уақыт кесіндісі көптеген ұтымды тәсілдерді ұсынады. Сондықтан, қазіргі заман әдістерінің керекті арсеналын білу қажет және қазіргі заманға ең тиімді әдістердің бастысын анықтайтын ойынның даму тенденция арсеналын білу қажет. Ойынның белсенді түрде қазіргі заман техниканың алуан түрлілігіне алып келді. Ол ашық көрсетілген динамикалық шабуыл сипаты жай және роционалды, ауыспалы жылдамдық пен шапшаңдық, тиімділік пен дәлдікпен үйлестірілді. Қазіргі уақытта белгілі шарадағы техника әдістердің дұрыс орындалу сипатын анықтайды, соның арқасында қозғалыста түрлі жағдайға ойыншыларының өзіндік бір ерекшеліктері пайда болып, әртүрлі алуан түрлілігімен сипатталады. Яғни, барлық қозғалыстардың көмегімен әртүрлі әдістер жүзеге асырылады, ол былыққан сипат болмай, белгі бар заңдылықпен қалыпты жағдайда қайталанатын, оларды топтастыруға және жүйелеуге болады [2].

Жоғарғы техникалық шеберліктің критерийлері:

- берілген ойын функцияларын шабуыл және қорғаныстың негізгі тәсілдерімен қоса толыққанды орындау үшін тиімді әдіс-тәсілдер жиынтығын оңай пайдалана білуі;
- берілген ойын тәсілдерін орындаудың нақтылығы, әрі тиімділігі;
- қарама-қайшы факторлар (қатты шаршау, психологиялық ауырлықтар, қиын сыртқы жағдайлар және т.б.) әсеріне қарамастан ойын тәсілдерін орындаудың тұрақтылығы;
- қарсылас ойыншының қарама-қарсы іс-әрекеттеріне байланысты техникалық ойын тәсілдерінің кезеңдерін пайдалана білуі;
- ойын тәсілдерін пайдаланудың тұрақтылығы, ол көпкүндік жарыс кезінде ойыннан-ойынға еш ауытқусыз жоғары мергенділікпен анықталады.

Тактикаға үйрету барысында келесідей ретті ұстанады: алдымен, жеке тактикалық іс-әрекеттерді оқытады, кейін берілген ойын жүйесіне жуық жеке және топтық іс-әрекеттер нақтыланады.

Мұғалімнің жас баскетболшыларды тактикалық іс-әрекеттерге оқыту кезіндегі негізгі міндеттеріне ойын барысында пайда болатын жағдайларды ойыншының шығармашылық жолымен шешуін қамтамасыз ету үшін берілген жүйеде пайдаланылады: қатысушылардың зейінін арттыру, ойын жағдайларында бағдарлану тәсілдерін көрсету; негізгі жеке және топтық тактикалық іс-әрекеттерге үйрету [3].

Тактикаға үйрену барысында шабуыл мен қорғаныстың екі жақты қарым-қатынасы бойынша зерттеу керек. Бұл, жаттығуларға ойыншылардың іс-әрекетін шектейтін немесе кеңейтетін шарттары бар арнайы жаттығуларды қосуды қажет етеді.

Допты тартып алған топ шабуылдаушы топ болады. Шабуыл – ойындағы топтың негізифункциясы болып табылады. Шабуылдаушы іс–әрекеттер арқылы топ басымдылыққа неболып, қарсыласушыға тиімді тактикалық жоспарды пайдалануға міндет еткізеді.

Шабуылдаушы топтың негізгі мақсаты – қарсыласушының қоржынына допты кіргізу. Бұл мақсатқа 30с. ішінде жету үшін арнайы ұйымдастырылған, бұрыннан ойластырылыпқойылған және дайындалған тактикалық жүрістерді пайдалану керек. Олар доптың қарсыласқоржынына жақындауына, нәтижелі шабуыл үшін тиімді шарттар құрастыруына, аталып отырған шабуылды өткізу және доптың кері түсуіне байланысты күресу мүмкіндігін тудыруына бағытталған. Шабуыл тактикасы топқа нақты қарсыласқа және ойынның түрлі кезеңдеріне байланысты мақсатты бағытталған тәсілдерін, жоспарлық шабуылды жүргізудің формаларымен әдістерін таңдап, пайдалануға мүмкіндік береді [4].

Өзінің сипатына қарай шабуылдың барлық іс–әрекеттерін жеке және топтық деп жіктейді. Тактиканың топталуына сәйкес топтық іс–әрекеттердің өзі топтық және командалық деп бөлінеді.

Қарсыласу әдістері техникасына үйрену реті оқылатын шабуыл тәсілдеріне тәуелді: шабуылдаудың сәйкес ойнау тәсілі үйренгеннен кейін оған қарсыласу тәсілі үйретіледі. Атап өтуге тұратын жайт, баскетболшы қарсыласу тәсілдерін аз ықыласпен және ниетпен үйренеді. Сондықтан, келісті түсініктемелер, әңгімелер, үлгілер арқылы қорғану тәсілдерін үйренуге қызығушылықты арттыру қажет. Үйренудің аса маңызды негізі болып бақылай білуі, қарсыласушы іс–әрекетін бағалауы, ойын тәсілін уақытында, әрі тиімді пайдалануы саналады. Қандай–да болсын ойын тәсіліне үйрену барысында оқытушы негізгі зейіннің қайда бағытталуы және ойын тәсілін қалай дұрыс орындау керектігін нақтылап көрсетуі керек. Баскетболда шабуылдау техникасын жетілдіру [5].

Баскетбол техникасының негізі – қозғалыс. Ойын алаңы бойынша баскетболшының қозғалысы нақты ойын жағдайларының орындалуы барысында құрылатын шабуылдау мәселелерін шешуге арналған іс–әрекеттер жүйесінің белгілі–бір бөлігі болып табылады. Ойын алаңындағы қозғалыс үшін жүріс, жүгіру, секіру, тоқталыстар, айналуларды пайдаланамыз. Осы ойын тәсілдерін пайдалану арқылы баскетболшы қажетті орын тауып, қарсыласушысынан кетіп қала алады, кейінгі шабуыл жасау үшін тиімді қажетті бағытқа қарай орналаса алады. Сонымен қатар, қозғалыста аяқтардың дұрыс жұмыс жасауынан және тепе–теңдікті ұстап тұруына доппен орындалатын ойын тәсілдерінің тиімділігі тәуелді болады: қозғалыс және секірген кезде допты беру, допты жүргізу және онымен алдату, секіріп лақтыру және т.б.

Жүгіру ойындағы негізгі қозғалыс тәсілі болып табылады. Ол жеңіл атлеттің жүгірісінен біршама ерекшеленеді. Ойыншы ойын алаңының шегінде, кез–келген бағытқа, алдымен немесе артымен алға қарай түрлі бастапқы орналасулардан жылдамдығын арттырып отыруы керек. Қарсыласушыға кенеттен болған, тез арадағы жүгіріс жылдамдығын арттыру немесе бастапқы старт спорт ойындарында талпыныс деп аталады. Талпыныс – қарсыласушы қарауынан босатылуына және бос орынға шығуға арналған негізгі құрал болып табылады. Талпынысты жүзеге асыру үшін алдымен 4-5 қадам өтеді. Олар өте қысқа, әрі жыдам (соққылы) болады. Орындау барысында аяқты аяқ ұшынан қояды. Жүгіру жылдамдығы қадамның созылуына байланысты артады. Осы уақытта ойыншы допты қабылдауға әзір болуы тиіс.

Ойындағы жүріс басқа қозғалыс тәсілдеріне қарағанда азырақ пайдаланылады. Ол, негізінен, қысқа тоқтамдарда орын ауыстыруға немесе ойын жағдайының интенсивтілігін төмендетуге, сонымен қатар жүгіріспен қоса темпті жайлату үшін пайдаланылады. Қарапайым жүрістен айырмашылығы, баскетболшы аяғында тізесін бүгіп жүреді, бұл оған кенеттен жылдамдығын арттыруға мүмкіндік береді.

Секірулерді өзіндік әдіс ретінде де қолдануға болады. Көбінесе, ойыншылар жоғарығажәне ұзындыққа жоғары қарай немесе бірнеше секіруді қатарынан пайдаланылады. Секірудіорындаудың екі түрін пайдаланылады: екі аяғымен және бір аяғымен итеріліп секіру. Екіаяғымен итеріліп секіруді көбінесе негізгі қалыптан бастап жасайды. Ойыншы кішкене ғанаотырып, қолдарын артқа қарай жібереді де басын көтереді. Жерден тебіну аяқтың қуаттыбүтілуінен, дененің және қолдың алға және жоғары қозғалысынан туады.

Жүгіріп келіп екі аяғымен итеріліп секіру көбінесе қоржынға допты лақтырғанда жәнедопқа қайта таласқанда пайдаланылады. Жүгіріп келіп бір аяғымен итеріліп секіру. Жүгірудініңнәтижесінде пайда болған инерциялық қуатты максималды түрде пайдалану итерілуге тәуелдіболып келеді. Итерілуден бұрынғы соңғы қадам алдындағы қадамдарға қарағанда бірнеше кеңболады. Тізде бүгілген итермелеуші аяқты алға қояды да, жайлап итерілу үшін аяқ ұшынақарай отырады. Секіруден кейін баскеболшының денесі ең жоғарғы нүтеге жетсе, сермелетінаяқты бүгіп итермелейтін аяқпен бір деңгейде ұстайды. Жерге түсу қандай тәсіл болмасынжұмсақ, дененің салмағы тепе-теңдікте болуы керек. Ал ол алшақ тұрған аяқтардың аздапбүтілуімен жүзеге асады. Мұндай қалып баскетболшыға келесі ойын қимылдарын тездетіпжасай беруіне мүмкіндік туғызады.

Жағдайға байланысты ойыншы жүгірудің бағытының өзгеруі кезінде жүгіріп қарсыластың қарауынан босануға мүмкіндік алады және ары қарай шабуыл жасау мақсатындаашық жерлерге шыға алады. Тоқталыс екі тәсілмен: секіріс және екі қадам жүзеге асады.

Шабуылдаушы қорғаушыдан кету үшін, допты соғудан қорғану мақсатында айналымдар жасайды. Айналудың екі әдісі бар: алға және артқа. Алға қарай айналуда баскетболшы бетіменқарап тұрған жаққа қарай аттап өтеді, ал артқа қарай айналуда арқасымен тұрған жаққа қарайаттау. Егер топ ойыншылары қорғаныс әрекеттерінде қателіктер жіберсе, онда топтың жеңіп кетуі екіталай.

Шабуылшының техникалық қабілеттілігі қорғанушыға қарағанда көбірек. Тәжірибекөрсеткендей қорғаныс іс-әрекеттері олар дұрыс және зейін қойып орындалған жағдайда, олартиіді болады. Қорғану техникасын екі негізгі топқа бөледі:

- 1) қимылдау техникасы;
- 2) доппен ойнау және қарсы іс-әрекеттер техникасы.

Алаң ішінде қимыл –қозғалыстарды жасау ерекшеліктері мен мінезі, жеке қорғанысқимылдары ойыншының мақсатты орнатуы мен нақты ситуацияларды жоспарлауға мүмкіндікбереді [6].

Тік тұру. Қорғаушы тұрақты орналасуы керек, аяқтары кішкене бүгілу керек жәнеқарсыластың допты алуға және допты қоржынға алуға шабуыл жасау әрекеттерін жасауғамүмкіндік бермеу керек. Өзінің қол астындағы ойыншының қимылдарын бақылай отырып,қорғаушы ойыншы допты және қарсыластардың басқа да ойыншыларының іс-әрекеттерінқадағалау қажет. Қимыл-қозғалыстар. Қорғаушының қимылдау бағыттары мен мінезішабуылшының әрекеттеріне байланысты.сондықтан қорғаушы әрқашан тепе-теңдік қалыптасықтау керек және кез-келген бағытта қозғалып, кез-келген уақытта жан жаққа, артқа, алғажүгірулердің бағыттарын өзгертіп, қарсы қозғалыстар жасағанда өзінің қозғалыс жылдамдығынреттеу керек, сонымен қатар лезде жасалатын тоқталысты қамтамасыз ете отырып қысқа дистанцияда жылдамдықты өсіру керек. Доппен ойнап тұрған және ойнап тұрмаған ойыншығақарсы іс-әрекеттер. Егер топ ойыншылары қорғаныс әрекеттерінде қателіктер жіберсе, онда топтың жеңіп кетуі екіталай.

